

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

## 12/2012 ЖЕЛТОҚСАН

### МАЗМҰНЫ

|  |  |
|--|--|
| <b>Көкейкесті көзқарас</b>                       |  |
| Бейбіт ИСХАН.                                    | Ақпараттық технология - қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында.....3 |
| Салтанат МҰНАРБЕКҚЫЗЫ.                           | Оқыту ұстанымдары - педагогикалық шеберліктің негізі.....8         |
| Нұрзат БАЙЖҰМАНҚЫЗЫ.                             | «Дамыта оқыту» әрекетін ұйымдастыру.....11                         |
| Хуралай АЛДАНЫШ.                                 | ҰБТ-ға дайындаудың тиімді жолдары.....16                           |
| <b>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>     |  |
| Жаңылсын БАЛТАБАЙ.                               | Жай сөйлемнің түрлері.....19                                       |
| Гүлбира ЕРЕЖЕПОВА.                               | Тіл сабағына - интерактивті плакаттар.....24                       |
| Гүлнұр НҰРБАЕВА.                                 | Сөз тіркесі, күрделі сөз, тұрақты тіркес.....28                    |
| Бақыт АХАНОВА.                                   | Матасу, матасудың байланысу тәсілдері.....32                       |
| <b>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b> |  |
| Тойындық ЖОЛАМАНОВА.                             | Әдебиет сабақтарындағы пәнаралық байланыс.....37                   |
| Сағыныш ШОЛПАНБАЕВА.                             | «Қорқыт ата кітабы».....41   |

|                          |   |     |
|--------------------------|---|-----|
| Вимария ҚҰЛМАҒАМБЕТОВА.  | Ахмет Байтұрсынұлы.<br>«Егіннің бастары».....                 | 46  |
| Айымкүл ЖОЛМАНОВА.       | Мұхтар Әуезовтің алғашқы<br>әңгімелеріндегі қорғансыздар..... | 49  |
| Әсем ҚЫЗЫРОВА.           | «Ақын қонақтар».....  | 53  |
| Шынар АСАЙЫНОВА.         | Сапарғали Бегалин. «Бала Шоқан».....                          | 58  |
| Ұлбосын БЕРДЕШОВА.       | Сәбит Мұқановтың «Лашыны».....                                | 62  |
|                          | <b>Оқулыққа қосымша</b>                                       |     |
| Рақымжан ТҰРЫСБЕК.       | Академик Рымғали Нұрғали мұрасы.....                          | 65  |
| Рахия ЖАНЗАҚОВА.         | 6-сыныпқа арналған жұмыс дәптері.....                         | 73  |
|                          | <b>Ұлттық ұлағат</b>  |     |
| Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ.        | Бауыржан Момышұлының<br>Тамдыда болуы.....                    | 81  |
|                          | <b>Желтоқсан жаңғырығы</b>                                    |     |
| Гүлхан ӘКІМАНҚЫЗЫ.       | Қайрат Рысқұлбек тұлғасы.....                                 | 89  |
|                          | <b>Авторлық бағдарлама</b>                                    |     |
| Рауа ТОҒЫЗБАЕВА.         | «Әдебиет - сырлы әлем»<br>факультатив курсы.....              | 96  |
|                          | <b>Балабақша бағында</b>                                      |     |
| Сандуғаш ОРАЗОВА.        | Әдептен аспаймыз,<br>тазалықты сақтаймыз.....                 | 104 |
|                          | <b>Сыныптан тыс сабақ</b>                                     |     |
| Нұржамал МОМЫНОВА.       | «Үркер» романындағы Есет<br>Көкіұлының бейнесі.....           | 108 |
|                          | <b>Жас маманға жәрдем</b>                                     |     |
| Дана ИКАПОВА.            | Қыстырма сөздерді меңгерудегі<br>қиындық.....                 | 112 |
| Жанаргүл ҚУАНЫШЕВА.      | Абайдың «Ескендір» поэмасы.....                               | 115 |
| Назина ҚАДЫРҚҰЛОВА.      | Сайын Мұратбеков. «Жусан иісі».....                           | 118 |
| Райхан ЕЛАМАНОВА.        | Александр Пушкин.<br>«Балықшы мен балық».....                 | 120 |
| Рано ЭГАМБЕРДИЕВА.       | Сан есімнен алған білімдерін<br>пысықтау.....                 | 123 |
| Айнагүл МҰҚАНОВА.        | Әбділда Тәжібаев. «Толағай».....                              | 126 |
| Рая ҚҰЛБАТЫРОВА.         | Зат есімнен өткенді қайталау.....                             | 128 |
| Ардақ САБЫРОВА.          | Бұқар жырау толғаулары.....                                   | 131 |
| Бұлбұл ӘЛІМЖАНОВА.       | Ыбырай Алтынсариннің<br>«Өзен» өлеңі.....                     | 134 |
| Алтынжан ЗЕЙНЕКӘРІМҚЫЗЫ. | Етістіктің түрленуін қайталау.....                            | 136 |
|                          | <b>Балауса жыр бағында</b>                                    |     |
| Салтанат СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ.   | Кеудемдегі күмбірлер.....                                     | 140 |
| Мерей НҮРҒАЗЫ.           | Жүрегімді тербеген дүниелер.....                              | 143 |

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Бейбіт ИСХАН,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
әдебиеттану және тіл білімі  
ғылыми-зерттеу институтының  
қызметкері, ф.ғ.к., доцент.

## **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ – ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА**

Қазіргі білім беру жағдайында электронды құрал-жабдықтарға негізделген ақпараттық-қатынастық технологияларды (АҚТ), сандық білім қорының біртұтас жиынтығын, интерактивті тақта мен ғаламтор желісі мүмкіндіктерін, т.б. пайдаланбай, солардың көмегіне сүйенбей сабақ беру мүмкін емес. Сол себептен АҚТ-ны бүгінгі заманның орасан зор жетістігі ретінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің сабақтарында да пайдалану маңызды да өзекті. Бұл технология елімізде соңғы он шақты жыл көлемінде кең қолданыс тауып, өркен жаюда.

Әлемдік және отандық іс-тәжірибе көрсетіп отырғандай, қазіргі заманның кез келген пән мұғалімі (оқытушысы) кем дегенде Microsoft office бағдарламаларын пайдаланады. Мәселен, филолог-ұстаздар үшін Word бағдарламасы әрбір сабаққа қажетті түрлі мәтіндік материалдар құру үшін керек болса, Excel кесте, сызба, график, тест құру үшін, PowerPoint оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстарына, яғни, сабаққа қажетті электронды жалғама әзірлеу үшін қажет. Ал Publisher бағдарламасы оқылатын сабақ тақырыптары бойынша буклет, реферат, жобалар дайындауға, жобаларды бағалап қорытындылауға, Access бағдарламасы мұғалім-оқытушыға өз оқушылары мен студенттері туралы сан алуан

мәліметтер базасын жасауға ыңғайлы.

Алайда еліміздің барлық деңгейлік білім ошақтарына еніп жатқан ақпараттық және техникалық прогресс ұстаз-педагогтан ғаламтор желісін де тиімді пайдалануды, интерактивті технологияларды да мейлінше меңгеруді талап етеді. Міне, осындай қазіргі жағдай қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын жүргізетін мұғалім-оқытушылардың АҚТ-ның барлық мүмкіндігін қарапайым орфографиялық ереже-қағидалардан бастап интерактивті тақтаға дейін пайдаланатырып қашықтан оқыту үшін ғаламтор желісінде де жұмыс істей алуы талап етеді.

Электронды құрылғыларға негізделген оқытудың ақпараттық-қатынастық жаңа әдіс-тәсілдері мен тиімді жолдарының біраз жылдық іс-тәжірибесі нәтижелерін зерттеп-зерделесек, еліміздің оқу орындарындағы қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда мынадай басымдылықтарды анықтауға болады:

*оқытуды даралау және саралау, оқытудың түрлі бағдарламаларында қиындық келтіретін тұстарды нақтылау, әрбір тақырып бойынша қорытынды жасау, шығармашылық жұмыстың түрін таңдау;*

*зерделенетін материалдың қолжетерлігі, білімгерлердің ғаламтор қорларын еркін пайдалана алуы;*

*ақпараттың кез келген түрімен өз бетімен жұмыс істеудегі дағдыларын, тиімді сандық білім ресурстарын жинақтау ептілігін (машығын) дамыту;*

*ақпараттық интерактивті технологияларды қолданып, шығармашылық-зерттеушілік жұмыс орындауда оқушылардың (студенттердің) таным белсенділігін арттыру.*

Біздің зерттеп пайымдауымызша, соңғы онжылдықта қоғамдық-гуманитарлық, соның ішінде тіл мен әдебиет пәндерін оқытатын мектеп мұғалімдері мен ЖОО ұстаздары өздерінің әрбір сабақтары үшін электронды жалғама (сабаққа

қажетті қосымша материалдар) дайындауды жақсы дәстүрге айналдырған. Мұндай жалғамалар сабаққа қатысты көрнекі құралдар, жаңа тақырыпты түсіндіретін дидактикалық материалдар, сабақ ұғынықтылығына сеп болатын сызбалар (схемалар) мен кестелер, сабақ жүргізу барысында оқушыларды немесе студенттерді бір сәт сергіту мақсатында қолданылатын ақпараттық-танымдық материалдар, бағалау бақылау материалдары болып келетіні анықталды.

Әр сабақтың осындай оқу материалдарын дайындауға, жасауға мұғалім-оқытушылармен қатар білімгерлер де тартылатыны әркімге болсын түсінікті. Өздерінің сапалы әрі жан-жақты білім алулары үшін мұндай жұмыстарды орындауға білімгерлер де белсене қатысып, зор ынта көрсетеді. Алайда, білімгерлерге сенім білдіргенмен, оларға аса көп жүк арта берудің қажет еместігі де байқалған. Мәселен, олар көрсетілім (презентацияны) материалдарын дайындағанда өте ашық, айқын, жарық түстерді, суреттерді, анимацияны шамадан тыс қолданады. Бір қарағанда, мұндай дүниелер есте жақсы сақталатын сияқты болып көрінгенімен сабақтың негізгі мақсатына, мазмұнына, ақпаратына кері әсерін де тигізеді. Осындай кемшіліктерді болдырмау үшін жыл басында оқушылар үшін жақсы дайындалған үлгілерді көрсетіп, тиімді көрсетілім ойластырудың шағын шеберлік сабақтарын өткізген жөн сияқты. Әлбетте, бұл сабақтан тыс уақытта орындалуы қажет.

Жаңа технологиялар, электронды құрал-жабдықтар кең пайдаланылып, сабақтар жүргізілетін мектептерден білім алып шыққан оқушылар кейін ЖОО-да оқып жүрген кездерінде олармен (электронды құрылғылармен) нәтижелі жұмыс атқара алады. Мәселен, филология факультетінің I курс студенттерінің дайындаған көрсетілімдері (қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша) түрлі стильді ұстанған, түрлендіру, мәтінді пайдалану, көрнекілікті ұсыну

талаптары сақталған әдемі дүниелер болып келетінін тәжірибе аңғартып отыр. Мәселен, қазіргі кезде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында электронды құрылғыларға негізделген жаңа технологиялар бойынша дайындалған дүниелер кең қолданысқа ене бастады. Соны ескере отырып, айталық, «Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі» деген тақырыптағы курста студенттер өздерінің көрсетілімдер жиынтығын әзірлейді. Алайда бір семестр (бір кредит) бойы ғана аптасына 1-2 сағаттан өтілуге есептелген бағдарламада ондай көрсетілімдерді зерделеу, толықтай бағалау мүмкін емес. Сол себепті студенттер тарапынан ұсынылатын материалдарды демеу мақсатында әрі қандай да болсын бір сабақтың білім ресурсын байытатын материалдар есебінде оларды дайындауға арнайы Орталық құру қажет екендігі туындайды.

Әдетте біз оқу-тәрбие үдерісінде қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндері (курстары) сабақтарының тақырыптары бойынша өтілген материалдарды бағалап қорытындылайтын кезде өз бетімен орындалатын жеке жұмыс ретінде студенттерге MS Publisher бағдарламасын пайдаланып, буклет немесе реферат дайындауды ұсынамыз. Мұндай жұмыстарда тақырып қорытындысы тезис не көрнекілік түрінде беріліп қана қоймай, бақылау (ауызша, жазбаша, тестілік емтихан немесе сынақ) сұрақтары және олардың жауаптарымен де толықтырылады. Міне, осындай буклеттер мен рефераттар кейбір сабақ тақырыптарын өз бетімен тереңірек игеруге, меңгеруге қажетті құрал болып та саналады.

Қазақ тілі мен әдебиетінің ұстаздары отандық білім беру бағдарламаларын басшылыққа алып, кеңінен қолданады. Сабақта пайдаланатын электронды сандық жүйе білім беру бағыттары бойынша сан алуан интерактивті кестелерді, сызбаларды, қызықты мультимедиалық сабақтарды, ауызша-

жазбаша бақылау сұрақтары мен тест тапсырмаларын қамтиды. Алайда аталған ресурстарды бір пәннің, атап айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің барлық сабағында бірдей қолдану мүмкіндігінің шектеулі екені баршаға аян. Сондықтан да кейбір файлдарды бізге ыңғайлы офис бағдарламаларына көшіру қиындығын да атап өткен жөн. Себебі, филолог ұстаздар қаншалықты жоғары деңгейде компьютер тілін меңгергенімен арнайы дайындықтан өткен ақпараттану (информатика) пәнінің мамандарындай жұмыс істей алмайды. Мәселен, интерактивті тақталар үшін неғұрлым тиімдісі – SMART Note book типтегілері.

SMART Note book типтегі файлда мұғалім-оқытушылар сабаққа қажетті қосымша материалдарды ойластыра отырып көрнекі құралдарды дайындауға, оларды ұсыну қалпын өзгертуге, интерактивті тапсырмалар енгізуге мол мүмкіндік алады. Мұнымен қатар интерактивті тапсырмаларды әр оқушы, егер электронды құрал-жабдықтарды, соның ішінде компьютер тілін жақсы біліп, бағдарлама әзірлеуді және ақпараттандыруды жеткілікті мөлшерде меңгерген болса, мұғалім-оқытушы нұсқауы бойынша өз бетімен дайындай алады немесе аталған ресурстардың Flesh-файлдарын, оқыту дискілерін қолдана алады.

Интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ жүргізу берілетін білімнің сапасын ғана арттырып қоймай, оқушы-студенттердің әр сабаққа деген қызығушылығын тудырып, олардың жалпы уақытын үнемдейді, ынта-ықыласын (мотивациясын) жақсартады, әрбір оқушыны ұжымдық жұмысқа тартуға көмектеседі, әрбір білімгердің жеке қабілетін жетілдіреді және олардың шығармашылық, зерттеушілік дағдыларын дамытады. Осы мүмкіндіктерді ескерген тәжірибелі ұстаз әрқашан ақпараттық-қатынастық технологияны дұрыс тандап, белгілі бір сабақтағы нақты педагогикалық мақсат-міндетті орындаудың оңтайлы әдісін

таба біледі.

Осындай технологияның оқу үдерісіндегі практикалық маңыздылығымен қатар жанама мынадай тиімді жақтары бар екенін атап өткен жөн: *қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынас үдерісі табысты өтеді, оқушылар немесе студенттер өз ой-пікірлерін қысылмай, емін-еркін жеткізіп айта алады, берілген білімге, ақпарат-мәліметке қатысты қойылған сұрақтарға батыл жауап береді, білім беру-білім алу үдерісі көтеріңкі көңіл-күй жағдайында іске асырылады.* Оқушы-студенттер қазіргі технологияларға өзінің де қатысы бар екенін сезініп, оны терең түйсініп, әріде жинақтаған тәжірибесін ғаламтор желісін пайдалана отырып қашықтан білім алуда да ұтымды пайдаланады.



**Салтанат МҰНАРБЕКҚЫЗЫ,  
Қаныш Сәтбаев атындағы  
орта мектеп-гимназиясының  
мұғалімі.**

Алматы облысы,  
Ақсу ауданы.

## **ОҚЫТУ ҰСТАНЫМДАРЫ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ НЕГІЗІ**

Мұғалім – өз сабағының режиссері, яғни, әр мұғалім өзіне тиімді оқу әдістерін өз еркінше пайдалана алады. Біздің алға тартып отырған мәселеміз – әр сабаққа дайындық кезінде қазақ тілін қалай оқытамыз дегенді басшылыққа алу. Ол үшін дидактиканың ұстанымдарын орындау қажет. Ұстанымдарды білу және оларды оқу-тәрбие үдерісінде



толықтай іске асыру педагогикалық шеберліктің негізін құрайды және ол педагогикалық біліктілікті анықтауда алдымен ескеріледі.

Дидактикалық ұстанымның ең алғашқысы – ғылымилық. Берілетін теориялық мәліметтер дәл солай берілуі керек. Мысалға, әдебиетті оқытқанда гипербола, литота, кейіптеу, т.б. көркемдік тәсілдерді оқыту да кездеседі. Осы көркемдік тәсілдерді оқушыға түсіндіргенде тым қарабайыр сөздермен түсіндіруге де болмайды. Оқушы теориялық мәліметті теория күйінде қабылдап, сол күйінде ұғынуы аса маңызды. Осы жерде дидактиканың келесі ұстанымы да шығады. Ол – жүйелілік. Теориялық мәліметті түсіндірген кезде қарапайымнан бастап түсіндіреміз. Басқаша айтқанда, жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге қарай жүреміз, яғни, оқытудағы берік жүйелілік пен бірізділік – ғылыми білім берудің негізі.

Оқытудың материалды дұрыс орналастыру ұстанымын қолдану арқылы оқу материалдарының бір-бірімен дұрыс сабақтаса орналасуын, берілуін қадағалаймыз. Сабақ басында және соңында жүргізілетін жаттығулар орыны ауыспауы қажет. Мысалға, сабақ соңында ойнатылатын сөзжұмбақ, ребустарды соңында бірақ тақтаға ілген жөн, себебі оқушы қайта-қайта сол әдемі суреттерге қарап көңілі бөлініп отырады. Осылайша біз үйретілетін материалды оқушының тиянақты, жүйелі, бірізділікпен қабылдауына мүмкіндік жасаймыз.

Өткізетін сабақтарымыз міндетті түрде бір-бірімен байланысып жатады. Кейде, тіпті, бірін түсіндіріп жатқан кезде екінші бір ұғымға да тоқталудың қажеттілігі туып жатады. Осындайда біз еріксіз оқытудың алдын ала болжау ұстанымын қолданғанымызды мойындаймыз. Үйретіліп отырған материалдың келесі сабақтардағы материалды меңгерудегі тиімділігін алдын ала болжау, соны ескере келіп

дамыту өте маңызды әрі пайдалы.

Оқытудың саналылық ұстанымы – ең бір маңызды қағидалардың бірі әрі сабақты оқушының жетік меңгеруіне көмегі көп. Осыған сәйкес оқушы тек құрғақ жаттамай, түсініп оқуға, саналы түрде қабылдауға дағдыланады. Мысалға, 7-сыныпта Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін оқушыларға бір-біріне әңгімені айтқызу арқылы өткіздім. Олар бір-біріне әңгімені айтып түсіндіріп берді. Осылайша олардың сабаққа деген ынтасы және белсенділігі жоғарылады. Кейбір кездері мұғалім түсіндіргеннен гөрі қасындағы жолдасы әңгімелеп берген тиімді әрі әсерлі. Бүгінгі белсенді оқушы ертеңгі қоғамның белсенді мүшесі боларына күмәнім жоқ.

Шынайы білім – іске асырылған білім. Оқушы мектепте алған теориялық білімді практикада, яғни, өндірісте қолдана алса ғана шынайы білімді болады. Біз осыған дағдыландырып оқытуымыз қажет.

Ал енді әр мұғалім берік ұстануы тиіс оқытудың көрнекілік ұстанымына тоқталсақ. Сабақты бірыңғай ауызша түсіндіруден гөрі түрлі көрнекіліктер пайдаланған тиімдірек. Егер 5-6-сыныптар болса оқушыны қызықтыратындай қанық түсті суреттермен түсіндірген жөн. Сынып жоғарылаған сайын көрнекілікке аса мән берген дұрыс. Қажет жерде табиға, сызба, сурет, ребус, сөзжұмбақ болғаны жөн. Алайда «Көрнекілік неғұрлым көп болса, соғұрлым сабағым жақсы өтеді» деген түсінік те – қате. Көрнекілік мақсаты – ауызша айтылған мәліметті көрсету ғана емес, нақтылы, деректі қорытынды жасауға үйрету. Көрнекі құралдар тақтада пайдалану ретімен өте ұзақ та тұрмауы қажет. Мысалға, есімдікті өткен кезде алдымен тақтаға есімдік және оның мағыналық түрлері жайлы сызбасын іліп, түсіндіріп алдым. Сабақ соңында сөзжұмбақ шешетін кезде ол сызбаны алып тастап, орнына сөзжұмбақты ілдім. Осылайша көрнекі

құралдар бір-біріне кедергі келтірмейді. Біздің заманымыз — ақпараттық технологиялардың дамыған дәуірі. Осы жаңа технологияларды пайдалану, яғни, көрнекі құралдарды алғашқы көрсетілімі арқылы көрсету көп уақытты үнемдейді.

Қайсыбір ұстаным маңызды, екіншісі онша маңызды емес деп бөліп айта алмаймыз. Жоғарыда тоқталып өткен әр ұстаным өзінше маңызды әрі бір-бірімен сабақтас. Осы ұстанымдарды басшылыққа алумен қатар сабақ өткізудің үш міндеті де басты назарда болуы тиіс. Сонымен бірге мұғалім оқушыға жүрек жылуын бермесе, оқушы оны бағаламайтынын да ескерген жөн.



**Нұрзат БАЙЖҰМАНҚЫЗЫ,**  
**Найманбай атындағы**  
**орта мектеп мұғалімі.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Үржар ауданы,  
Мақаншы ауылы.

## **«ДАМЫТА ОҚЫТУ» ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Ғалымдар баланы дамыта оқыту әрекеттері оқыту барысында іске асатынын дәлелдеген. Соның нәтижесін анықтай келе баланың дамуының *екі түрлі ортасы* болатыны жайында теория ұсынады.

***Бірінші ортасы*** – айналасындағы үлкендердің әсері, қабілетімен еркін атқара алатын іс-әрекет.


***Екінші ортасы*** – сабақ үстіндегі әрекет.

Біздің тірлігіміз – баланың сабақ үстіндегі әрекетін ұйымдастыру, әрекет нәтижесін байқау, өз қабілетімен еркін атқара алатын ісі, соның нәтижесіндегі тұжырымына көз жеткізу.

Балаға мынаны түсіндіру: 1) егер есінде сақтау үшін үйренсең ұмытасың; 2) егер түсіну үшін оқысаң есінде сақтайсың.

*Дамыта оқыту дегеніміз* баланы субъект ретінде оқу ісіне қызықтыратын, соған сай қабілетін арттыратын жағдайлар тудыру болып табылады. Қызықтыру, зейініне әсер ету, сезіміне әсер беру мұғалімнің басты мақсаты болуы тиіс. Мұны жүзеге асыру үшін мұғалім сабағына өте шебер болу керек.

### Мұғалімнің шеберлігі



Мұғалім шеберлігі өте жоғары болса, оқушының даму қабілеті жүзеге асады.

*Мұғалім* – әр баланың танымдық түйсігін оята отырып, оларды даму аймағына кіргізуші.


Дамыта оқытуға негізделген сабақ ұжымдық ойлау іс-әрекеті, диалог, пікірталас, іскерлік қарым-қатынастармен ерекшеленеді.


Иә, мұғалім оқушыларға дайын біліммен емес, проблемалық сұрақтармен келеді. Берілетін білім проблемалық баяндау негізінде болады. Оны шешу, мақсатқа жету оқушының өз іс-әрекеті арқылы жүреді.

Оған жетудің әдіс-тәсілдерін, жолдарын өзі табады.

Модель, жоба жасау, оны қорғау – дамыта оқытудағы басты әдіс-тәсіл.


Дамыта оқыту оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытады. Ал шығармашылық ойлау шығармашылық табыстарға жетудің кепілі екенін есімізде сақтайық.






Дамыта оқытуда негізінен белсенділік оқушыға жүктеледі. Дамыта оқытуда да мұғалім-оқушы іс-әрекеттері бірлікте, бір бағыт, бір мақсатқа бағытталады.

Сонымен, ғалымдардың еңбегін саралай келе, мұғалім-оқушы іс-әрекетін төмендегінше көрсетуге болады.





Дамыта оқыту жаттанды іс-әрекеттерге сүйенбейді. Шығармашылық еңбекке кең жол ашады. Оқушының ойлауына, ізденісіне, іс-әрекетіне түрткі жасайды, оны күнделікті өнімсіз еңбектен босатады. Зерттеуші, ізденуші биігіне көтереді. Сонымен, мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретеді. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік береді, жауаптар тыңдалады.

Жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес, дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылап үйренеді.

«Дамыта оқыту» деп ол баланың білім алуға әрекет етуін ұйымдастыратын оқытуды атаған.

“Жаман” мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал “жақсы” мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек.

## ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі қоғамда өзекті мәселелердің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға иігі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, жоғары зияткерлік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Осыған байланысты мектеп баланың дамуында негізгі рөл атқарады. Баланың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы мен ой өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасынан қаланады.

Ұлттық бірыңғай тестілеу – жалпы орта білім беру ұйымдарында оқушыларды қорытынды аттестаттаудың бір түрі.

Бүгінде қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – мемлекеттік тіл болып табылатын ана тілімізді жан-жақты терең меңгерту. Ал бұл міндеттің орындалуына ҰБТ сынағына оқушыларды жан-жақты дайындау үлкен рөл атқаратындығы айқын. Оқушыларды ҰБТ-ға дайындауда төмендегідей жұмыстарды атқарудамын:

- ҰБТ-ға дайындыққа арналған жобалар құрастырдым;
- Өткен тақырыптардан теориялық білімдер беремін. Оқушының сабақ үрдісінде жаңа білімді меңгеруіне басты көңіл бөлемін;
- Тест жұмысын орындағаннан кейін коррекциялық жұмыстар жүргіземін;



- Тақырыптық тест құрастырамын;
- Әр тараудан кейін сынақ қабылдаймын.

Күнделікті сабақ барысында қойылған баға сол сабақтың ғана нәтижесі болып қоймай, ҰБТ-ның ұпай жүйесіндегі бағаға сәйкес келуі үшін не істеу керек? Оқушы **төмен** ұпай алмаудың немесе **өте жақсы** деген баға алудың жолын қарастырайық. Қазақ тілі тест тапсырмасының бірінші пәні ретінде тұрғандықтан оқушы білетін сұрақтарды белгілеп шығады да, қалған уақытын күрделі сұрақтарды шешуге қалдырады. Оқушының бірден сұраққа жауап беруі оның дайындығының жақсы екендігін көрсетеді. Қазақ тілінен сұрақтарының ішінде күрделі сұрақтарды шешу жолдарын қарастырайық.

1. Фонетикадан бастайық. Тіл дыбыстарының жіктелуін, буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды жаттау керек. Дауыссыз дыбыстардың топтастырылуын есте сақтаудың балаға ең жеңіл тәсілін ұсынамын. Мысалы, үнді дауыссыздарды «**менің айуларым**» тіркесінің оқылуы арқылы есте сақтатамын. Дауысты дыбыстарды алып тастап оқығанда **мнңйулрм** үнді дауыссыздары дыбыстары қалады. Сондай-ақ ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпалдардың түрлеріне ережемен қатар мысалды да жаттаған дұрыс. Ережені жатқа білген оқушы мысалды да есінде сақтай алады.

2. Лексикада ережелерін қайталап, әр тақырыптан 25-30 сөзден аспайтын жаттығу жұмыстарын 4 рет орындаған жағдайда оқушы есіне жиі сақтап алады. Егер оқушыға тақырып қиындық туғызса, жаттығуды орындаған кезде көмектескен дұрыс. Бірақ үй тапсырмасына мысалдар жазып келумен қатар ережелерді жаттауға тапсырма берген дұрыс.

3. Морфологияны талдау барысында Нұрша Оразахынованың «Сатылай кешенді талдауын» пайдалану, әр сөз табының кестесін сызғызып, жаттығулар орындату

жақсы нәтиже береді.

4. Синтаксис тарауын қайталауда сөйлемнің ережесі мен мысалдарды жазғызып отыру керек. Жай сөйлемнің түрлерін қайталағанда сөйлем мүшелерін қалыпты астын сызғызып, жақша ішіне сөйлем ретінде жазғызған дұрыс. Құрмалас сөйлемді де солай талдатып, тек сабақтастың түрінде тиянақсыз баяндауышына морфологиялық талдау жасатып, сұрақ қою арқылы айыра біледі. Жалаң түрде ережені айтып, лекция түрінде мысалдар жазғызу жеткіліксіз.

5. Тыныс белгілерін қайталаған кезде тыныс белгілерінің ережесін жаттатқан соң тыныс белгілерінің сызбасын ғана беріп, мысалдар құратып жазғызу керек. Сонда оқушы тыныс белгілерінің ережесін есте сақтайды. Әр тараудан кейін тест жұмысын алып, қандай сұрақтардан қате жібергенін анықтап, сол тақырыпты оқушыға қайтадан түсіндіру керек. Қазақ тілінен ҰБТ-ға дайындық кезінде мысалдармен жаттығуларды көп орындаған дұрыс. Мысалы: Мына тұрақты тіркестің антонимін табыңыз. *Ат ізін құрғатпады* (Ат ізін салмады). Бұл сұрақта оқушы екі тақырыпты білу керек. Біріншіден, тұрақты тіркесті, екіншіден антонимді білу шарт. Тақырыпты қайталау барысында оқушыларды топпен отырғызып дайындау да тиімді. Дегенмен, жекелеген оқушылармен арнайы жұмыс арқылы нәтижеге жылдам жетесіз. Айталық, құрмалас сөйлемді қайталағанда 1-топ салаластың түрін қайталайды. 2-топ сабақтастың түрін қайталайды. 3-топ араластың түрін қайталайды. Тақтаға шығып сызба арқылы түсіндіреді. Оқушыны жеке дайындаған сәтте тақырыпты түсіндіріп, оқушыға мысал келтіре отырып түсіндіріп, жаттығулар орындатып бекітіп, өзіне қайталата отырып қорыту керек. Ережелерді мысалдармен қатар жатқа білетін оқушы тапсырманың кез келгенін дұрыс орындайды. Тест тапсырмасын жиі алып отыру оқушының білімін шындай түседі.

Жаңылсын БАЛТАБАЙ,  
Мәлік Ғабдуллин атындағы  
№3 көптілде оқытатын  
мектеп-гимназия  
мұғалімі.

Ақмола облысы,  
Көкшетау қаласы.

# ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – жай сөйлемнің түрлері жайлы түсінік беру, жақты сөйлемнің жасалу жолдарын түсіндіру; **дамытушылық** – оқушыны өз бетінше ойланып қорытынды жасай білуге төселдіру, шығармашылық жұмыс арқылы тілдік қорын молайту; **тәрбиелік** – ана тілін құрметтеуге, ой қабілетін жетілдіре түсуге және Отанына, еліне, жеріне деген патриоттық сезімге тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Типі:** жаңа технология (интерактивті тақтамен жұмыс), білім мен біліктілігін практикада қолдана білу. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, ойландыру, оқулықпен жұмыс, деңгейлі тапсырмалар, сөздікпен жұмыс. **Көрнекілігі:** жай сөйлемге байланысты кесте, үлестірме қағаз, тест, түсіндірме сөздік.

**Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

**Сабақтың барысы.**

1. Ұйымдастыру. Оқушымен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын ретке келтіру, оқушы назарын сабаққа аудару.

**Үй тапсырмасын тест әдісі бойынша тексеру.**

1. Оқшау сөздің қайсысы айтылған ойдың ретін білдіреді?

- А) Қыстырма сөз; Ә) Айқындауыш мүше;
- Б) Қаратпа сөз.

2. Бос орынға қай сөздер тұрады?

*... жеңіл, ... жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін ...*

- А) Түсінуге (тілге) ұйқастары;
- Ә) Тілге, жүрекке, айналасы;
- Б) Айтуға (жүрекке) барлығы.

3. Бірыңғай мүшелермен қызметтес, тұлғалас болып, оларды ортақ жинақтау мәнін білдіретін мүшені табыңыз.

- А) Оқшау сөз; Ә) Бірыңғай мүше;
- Б) Жалпылауыш сөз.

4. Пысықтауыштың сұрақтарын тап.

- А) Қандай, қай; Ә) Қалай, қашан; Б) Кімнің, ненің.

5. *Бұл жолы дастарханға жүрегі мейірімге толы, жылы жүзді кісілер келіп отырды.* Бірыңғай мүшелер сөйлемнің қай мүшесі болып тұр.

- А) Баяндауыш; Ә) Анықтауыш; Б) Бастауыш.

6. Қай сөйлемде қыстырма сөз бар?

- А) Меніңше, саған жарысқа қатысу керек.
- Ә) Қалқам, көмектесіп жіберші!
- Б) Қап, осыны бұрын неге білмедім?!

7. Есімдіктен жасалған баяндауышты табыңыз.

- А) Қарттың аты – Амантай.
- Ә) Бұл күнде біз үшеуміз.
- Б) Сен кімсің?

**Жаңа сабақ.**

I. Ой қозғау стратегиясы.

1. Сөйлем дегеніміз не? 2. Құрамына қарай неше түрге бөлінеді? 3. Сөйлем айтылу мақсатына қарай нешеге

бөлінеді? 4. Сөйлемді қазақ тілінің қай саласы зерттейді?

### **Интерактивті тақтамен жұмыс (Талдау әдісі):**

*Айша өз ісінің дұрыстығына сенді.*

*Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір.*

*Жазушыға көп адамдармен кездесу керек.*

*Шілденің ыстық күні. Шаңқай түс мезгілі. Аспан ашық.*

Жай сөйлемнің құрылысы және көлемі әрқашан бір сипатта бола бермейді.



Жай сөйлемнің бұлайша бөлінуі, әсіресе, тұрлаулы мүшелердің, оның ішінде бастауыш құрамының грамматикалық сипаты, сөйлемді құрастырудағы алатын орны, қызметіне байланысты.

### **Жалпақ сөйлем**

Кез келген жай сөйлем өзінің бас мүшелерінің, яғни тұрлаулы мүшелерінің сипатына қарай жалпақ немесе жалпы болады.

Салыстыру.

Мысалы: *Желтоқсан құрбандарының есімі жадымызда мәңгі сақталады.*

*Саммит тарихта бірінші рет ТМД аумағында өтті.*

*Не ексең, соны орасың.*


*Қызға – қырық үйден тыю.*

*Менің жазғым келеді.*

Жақты сөйлем – бастауышы бар немесе бастауышты баяндауышы арқылы білуге болатын сөйлем.

Қазақ тілінде өзінің жалпы құрамына, құрылымына қарай жақты сөйлемдердің мынадай түрлері болады:

Бастауышы жасырын тұрғанда белгісіз жақты және жалпылама жақты сөйлемдер болып бөлінеді.



Қауға –

### **Жақты сөйлемнің белгілері:**

1. Тұрлаулы мүшелері толық болады.
2. Тұрлаулы мүшелері үш жақта қиыса байланысады.
3. Кейде жасырын тұрған бастауышты баяндауыш арқылы табуға болады.

**Оқулықпен жұмыс.** 71-жаттығу.

### **Сергіту сәті. «Тапқырлар аялдамасы».**

А) Мақал-мәтелдің жалғасын тауып айт.

*Жеті жұрттың тілін біл, ...*

*Жауға жаныңды берсең де, ...*

Ә) Өзіл сұрақтар (мақалмен жауап беру)

Кім ауырмай өледі?

Сүйектен, еттен өтетін не?

Жанды семіртетін не?

Қар жана ма?

Б) Тыйым сөздерді кім көп біледі?

### **Деңгейлік тапсырмалар. Топтық жұмыс.**

#### **«Тұлпар» тобы:**

I. Оқушылық деңгей – «Біліміңді байқап көр».

1. Жай сөйлем құрамына қарай нешеге бөлінеді?
2. Бастауыш дегеніміз не? Жасалу жолдарына мысал келтір.
3. Толықтауыштың неше түрі бар? Мысалмен дәлелде.

#### **«Зерде» тобы:**

II. Алгоритмдік деңгей.

1. Асты сызылған сөзге фонетикалық талдау.

Бұлақты таудан арна ақса, теңіз болар аяғы.

2. Асты сызылған сөзге морфологиялық талдау.

Жартыны жарып жеген – татулықтың белгісі.

3. Пысықтауыштың мағыналық түрлерін ата.

## «Жігер» тобы

III. Шығармашылық деңгей. Ойтолғау: «Желтоқсан – жеткен тәуелсіздік».

### Сабақты бекіту.

Жай сөйлем туралы не білдіңіз? Не үйрендіңіз?

Мына сөйлемдердің ішінен жақты сөйлемді тауып айтыңдар.

- *Қыстың ұзақ түні. Долы боран.*
- *Бай болмасаң болма, білім-өнерге сай бол.*
- *Білмегенді сұраудан арланбау керек.*

**Үйге тапсырма.** Ойтолғау: «Елімнің ертеңімін».  
72-жаттығу.

Білімді бағалау (жауап парақшалары бойынша).



**Гүлбира ЕРЕЖЕПОВА,**  
**Сәкен Сейфуллин атындағы**  
**№5 көпсалалы мектеп-лицей**  
**мұғалімі.**

Ақмола облысы,  
Степногорск қаласы.


## ТІЛ САБАҒЫНА – ИНТЕРАКТИВТІ ПЛАКАТТАР

Мультимедиа, электронды оқулықтар туралы көп айтылып жүр. Жаңа оқыту жүйесіндегі техникалық жабдықтардың бірі – интерактивті плакат. Бұл құралды да сабақтарда тиімді пайдалана білуіміз қажет. Интерактивті плакат – оқыту үрдісінде ақпараттарды көрнекілік арқылы биік деңгейде қабылдауға көмектесетін жаңа типтегі электронды оқыту жабдығы. Бұл цифрлік оқыту ресурсында ақпарат бірден



берілмейді, қолданушының басқару әрекеттері арқылы түрлі құбылыстармен беріледі. Интерактивті плакат – бұл электрондық жабдықтың жаңа түрі, үйретілетін материалдың көрнекілігін тағы да жетілдіру үшін қолданылады, бірақ бұл алғашқы көрсетілім емес. Плакат+интерактивтілік = интерактивті плакат. Интерактивті плакат Power Point жабдықтарымен жүзеге асырылады. Интерактивті плакатқа сызбалар, суреттер, ережелер, кестелерді жатқызуға болады. Мен өз тәжірибемде 5, 6 және 8-сыныптардың «Қазақ тілі» пәнінен интерактивті плакаттар жасадым, оларды сабақта тиімді пайдаланамын.

5-сыныпта «Қазақ тілі» пәнінен «Фонетика» және «Лексика» деген екі үлкен тарауды өтеміз. Сол тарауларды қорытындылау кезінде «Фонетика» және «Лексика» атты интерактивті плакаттарды қолданамын. Плакатта ақпараттар автоматты түрде бірінен соң бірі шығады.




Оқушы өзіне қажетті мәліметті интерактивті плакаттағы кесте, сызбалардан алады. Айталық, оқушы дауысты дыбыстарды үйренгісі келсе, «Дауысты дыбыстардың түрлері» атты сызбаға кіреді, сол сызбада дауысты дыбыстардың классификациясы жасалынған. Тілдің, жақтың, ерін мен езудің қатысына қарай бөлінуі суретпен көркем жеткізілген.

«Лексика» атты интерактивті плакатта лексика тарауындағы барлық мәселе слайд, анимация арқылы жандандырылған. Интерактивті плакатпен жұмыс істеу нұсқаулығы да бар. Плакатта сөздің тура және ауыспалы

мағынасы, сөздердің көп мағыналылығы, омоним, синоним, антоним сөздер, кірме сөздер, көнерген және жаңа сөздер, кәсіби, диалект сөздер туралы түсінік беріліп, мысалдармен дәлелденген. Интерактивті плакаттағы көркем суреттер оқушылардың зейінін сол мәселеге жұмылдыра түседі, оларда қызығушылықты оятады.

6-сыныптың «Қазақ тілі» сабағында «Зат есім» және «Сын есім» атты тақырыптарды өткенде интерактивті плакаттарды пайдаланамын. Зат есімнің жалпы және жалқы есім, деректі және дерексіз есім, дара, күрделі, туынды зат есім болуы туралы түсінік беріледі. Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуі үшін арнайы слайдтар берілген.

«Сын есім» атты интерактивті плакатта сапалық және қатыстық сын есім, туынды сын есім сөздері автоматты түрде шығады. Әр кестені басқан кезде сол туралы түсінік беріліп, мысалдары талданады.



8-сыныптың «Қазақ тілі» пәні бағдарламасында «Сөйлемнің түрлері» және «Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша» тақырыптары бар. Соларға арналған интерактивті плакаттарда бір слайдпен жұмыс істейді. Ақпараттар автоматты түрде шығады. «Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша» тақырыбын түсіндіргенде интерактивті плакаттың зор көмегі тиеді.

Айтылу түрі, мақсаты мен сазына қарай сөйлемнің түрлері.

Сұрап білу мақсатында айтылған сөйлем.  
**Сұраулы сөйлем.**

Балалық өтті білдің бе?

Көкшетауға ертең барамыз.

Хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылған сөйлем.  
**Хабарлы сөйлем.**

Бұйыру, талап ету мақсатында айтылған сөйлем.  
**Бұйрықты сөйлем.**

Па, шіркіннің сөзі!

Айтушының көңіл күйін білдіретін сөйлем.  
**Лепті сөйлем.**

Кел, балалар, оқылық!

**Бастауыш пен баяндауыш арасындағы сызықша.**

Оқу – білім бұлағы.

Ол – халық қалаулысы.

Қазақстан – кең байтақ ел.

Жүз – жиырма беске бөлінеді.

Ол жолға ерте  
жиналды.

Өзен жарқыраған айна  
сияқты.

Туған жерім неткен  
көркем!

Мақтану ерлік емес.

Интерактивті плакатты дайындағанда бір бағыттағы ақпаратты беру үшін дайындау қажеттігін ұмытпағанымыз жөн. Интерактивті плакатты қолдану нәтижесінде жаңа материалды оқып үйренеді, оны бекітуде, жылдам және жан-жақты дамуына көп көмегін тигізеді. Ол оқытудың жеке қарқынын дамытып, сабақта өзгеруші жағдайларды туғызады. Бұл ақпараттық құралдың білім беру жүйесін дамыту ісіне берері ұшан теңіз.

Сабақта интерактивті плакатты пайдалану оқу материалын үйрену мен игеруде, талдау мен тілді өзіндік зерттеуде, оны көрнекі және есте көп уақыт сақталып, зейінін белсендіруде, тілдік құзыреттілікті қалыптастыру және дамытуда тиімді құрал болып табылады.



**Гүлнұр НҰРБАЕВА,**  
Бауыржан Момышұлы атындағы  
жалпы орта мектептің мұғалімі.  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Түлкібас ауданы.

## **СӨЗ ТІРКЕСІ, КҮРДЕЛІ СӨЗ, ТҰРАҚТЫ ТІРКЕС**

*(7-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – сөз тіркестерін күрделі тіркес пен күрделі сөздерден, тұрақты сөз тіркесінен

ажырата білуге үйрету; **дамытушылық** – жаттығу жұмыстарын орындата отырып, оқушылардың білім, білік дағдыларын, логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру; **тәрбиелілік** – оқушыларды сауаттылыққа, ізденімпаздыққа, өз беттерінше шығармашылықпен жұмысқа тәрбиелеу.

**Түрі:** шығармашылық ізденіс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, кесте сызбалар, тест сұрақтары. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырмалар, іздендіру.

### **Сабақтың барысы:**

а) Ұйымдастыру;

ә) Үй тапсырмасын сұрап бағалау.

226-жаттығу. Сөз тіркестерін тауып, қалай байланысып тұрғанын көрсетіп, байланысу түрлеріне қарай ажыратыңдар. Басыңқыдан бағыныңқыға сұрақ қойыңдар.

### **Жаңа сабақ.**

Зымыран сұрақтар:

Сөз тіркесі дегеніміз не? Тұрақты тіркес дегеніміз не? Тұрақты тіркес ғылым тілінде қалай аталады? Күрделі сөз дегеніміз не?

Сөз тіркесі кем дегенде екі сөзден құралатын болса, күрделі сөздер мен тұрақты тіркестер де кем дегенде екі сөзден құралады. Сыртқы тұлғасы жағынан өте ұқсас.

Күрделі сөздер де, тұрақты тіркестер де, біріншіден, орындары тұрақты, екіншіден, бір ғана ұғымды білдіріп, бір сөздің орынына қолданылады, сондықтан бірінен екіншісіне сұрақ қоюға болмайды.

Мысалы: *Жер шары, Каспий теңізі, қараторғай, ҚарМУ, сөйлеп отыр, қоян жүрек*, т.б.

Күрделі сөздер мен тұрақты тіркестер сөз тіркесінің құрамына еніп, басыңқы, бағыныңқы сыңары бола алады.

**Мысалы:** *Қызыл ала көйлек киген көршінің қызы үріп ауызға салғандай екеніне таңдандым.*

Күрделі сөз. қызыл ала. Сөз тіркесі: қызыл ала көйлек,  
көршінің қызы.

Тұрақты тіркес: үріп ауызға салғандай.

**228-жаттығу** ауызша орындалады.

5 сөз тіркесі, 5 күрделі сөз, 5 тұрақты тіркес.

**Топтық тапсырмалар:**

**1-топ.**

Сөз тіркестерін, тұрақты тіркесті, күрделі сөздерді мына  
сызбаға орналастыр.

**Екі бөлмелі, туған жер, отыз төрт, қой аузынан шөп  
алмас, әдеби кітап, озат оқушы, ертеден қара кешке дейін  
ойнау, торы ала, ауыл жастары, тепсе темір үзетін.**

| Күрделі сөз | Сөз тіркесі | Тұрақты тіркес |
|-------------|-------------|----------------|
|             |             |                |

**2-топ.**

Көп нүктенің орынына қажетті тіркестерді қойып жаз.

*Оның мына сөзі ... етті. Ала көлеңке үй іші ... . Менің  
уақытымның көбі ... оқуға кетті. Шоқан – қазақтың ... .*

(төбемнен жай түскендей, әдеби кітап, аса дарынды  
ғалымы, құлаққа ұрған танадай).

**3-топ.**

Сөз тіркесін, күрделі сөз, тұрақты сөз тіркестерін  
қатыстырып «Менің анам» тақырыбына шағын ойтолғау  
жазыңдар.

**229-жаттығу.** Сөз тіркестерін бір бөлек, тұрақты тіркесті  
бір бөлек, күрделі сөздерді бір бөлек теріп жазу. Байланысу  
түрлеріне көңіл бөлу.

**Тақтамен жұмыс.**

Матасу тіркесін жаса.

----- жемісі

Меңгеру тіркесін жаса.

----- шығу

----- озаты ----- түсті  
----- малы ----- жазды  
----- агасы ----- дайындалды  
----- кітабы ----- бару

Ауызша тест жұмысы.

**1. Қиысу байланысын тап:**

- \* Ауылға бару.
- \* Асанның кітабы.
- \* Мен сөйлеймін.

**2. Меңгеруді тап:**

- \* Мидай дала.
- \* Қалтасына салды.
- \* Үлкен үй.


**5. Матасу қатарын көрсет:**


- \* Темір күрек.
- \* Білімге ұмтылу.
- \* Жұмыстың пайдасы.

Суретпен жұмыс.

Шағын мәтін жазу.

Сөзжұмбақ шешу: «Синтаксис».





Сабақты пысықтау мақсатында кесте бойынша жұмыс.  
**Оқушыларды бағалау.**



**БАҚЫТ АХАНОВА,**  
Қарағанды қаласындағы  
№6 орта мектептің  
мұғалімі.

## **МАТАСУ, МАТАСУДЫҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ**

*(7-сынып)*

**Мақсаты:** білімділік – сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлерінен білімін жетілдіру, матасудың ерекшелігін, тәсілдерін ажыратуды үйрену; **тәрбиелік** – салауатты өмір



сүруге, рухани мәдениеттілікке тәрбиелеу; дамытушылық – байланыстырып сөйлеу, топтаса жұмыс, грамматикалық талдау дағдысын, тіл мәдениетін дамытуға жағдай туғызу.

**Түрі:** жаңа білімді меңгерту. **Әдіс-тәсіл:** түсіндірмелі, топтық оқыту, интерактивті оқыту, жобалау, мәтін талдау.

**Пәнаралық байланыс:** тарих, музыка, әдебиет.

### **Сабақ барысы:**

**I. Ұйымдастыру.** Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және топтық жұмыс мақсатында сыныпты ән жолымен топқа бөліп орналастыру (3 топ құрылады).

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп.

Ауылдың жаны – терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп (Абай).

(1, 2, 3-жолдарын айтқандар 3 топқа отырады).

### **II. Өтілген материалды пысықтау.**

#### **Топтық жұмыс:**

1-топ: Сөз тіркесі дегеніміз не?

2-топ: Сөз тіркесінің құрамы неден құрылады?

3-топ: Сөз тіркесінің қандай түрлері бар?

(Топтар жұмысын тақтада қорғап көрсетеді, сызбамен, мысалдар келтіріп талдайды).

Тақтадағы бір шумақ өлеңнен сөз тіркестерін жасап, байланысу тәсілін ажыратады:

Құлақтан кіріп, бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар

Әнді сүйсең, менше сүй! (Абай).

### **III. Жаңа материалмен танысу.**


«Матасу» сөзінің мәнін ашу (Түсіндірмелі сөздіктен айту, құрамын талдау, мәнмәтіннен қарау).

**Құрамы:** мата+с+у (түбір етістік+ортақ етіс жұрнағы+тұйық етістік жұрнағы).

-Уа, Жалпақ, Ергенекті елімізді екі шапты, бірінде мен, бірінде сен тоналдың: мен малымды, сен жаныңды бердің. Жаныңды берген емей немене, қырық жетіні **матап** берген қалыңдығыңды әкетті (Ғабит Мүсірепов).

**Матап берген** – байлап, қосақтап беру.

**Сонда матасу деген не?** (Оқулықтан қарап оқып, ой түйінін сызба ретінде ұсыну)



**Жаңа материалды пысықтау.** Абай өлеңінен алынған үзіндіден матасуды тауып, тәсілдерін ажырату.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы? (Абай).

#### **IV. Бекіту жұмыстары.**

**248-жаттығу.** Әр азат жолмен әр топ жұмыс атқарып, матаса байланысқан тіркестерді тауып талдайды.

#### **Жұмыс алгоритмі:**

1. Берілген бөлімді оқиды.

2. Негізгі ойды ашады.

3. Матаса байланысқан тіркестерді дәптерге жазып талдайды.

#### **Пысықтау сұрақтары:**

1. Бие сүтінің қасиеті туралы не айтасың?

2. Қымыз іштің бе, дәмі қандай?

3. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген сөз бар, ауырмас үшін не істейсің?

Матасу: 1-топ бие сүтінің қасиетін, т.б. (4 тіркес); 2-топ дәрі-дәрмектің қымбат кезінде (5 тіркес); 3-топ жаз-күз айларында (3 тіркес).

**Ілік септік жалғауы жасырын жерлерді тақтаға жазу:**

*Бие сүтінің;*

*Өзіміз куә екенімізді;*

*Жаз-күз айларында;*

*Өз тәжірибемізден.*

**251-жаттығу. Мәтінмен жұмыс.**

**Жұмыс алгоритмі:**

1. Мәтінді бөліп оқиды;

2. Негізгі ойды ашады;

3. Оқыған бөлімге ат қояды;

4. Матаса байланысқан тіркестерді тауып оқиды, тәсілін анықтайды.

**Күтілетін жауап:**

1. Отаны бар адам бақытты;

2. Ана тіліндегі ән рухы;

3. Әнге, қазаққа құрмет.

(1-азат жолда 7 тіркес, 2-азат жолда 16 тіркес, 3-азат жолда 5 тіркес).

**Пысықтауға арналған қосымша сұрақтар:**

1. Мәтін авторы Майра Мұхамедқызы кім, ол туралы не білесің?

Майра Мұхамедқызы ҚХР-да өнерлі отбасында туып өскен. Тарихи Отанына 1994 жылы оралды. Әкесі Мұхамед Әбдіқадырұлы — композитор, профессор, музыка зерттеу саласы бойынша көптеген кітаптардың авторы. Анасы Камал Қуанышқызы — әнші, ҚХР Халық әртісі.

Майра Мұхамедқызы Бейжің Ұлттар университетінің музыка факультетін (Джоу Бен Чин сыныбы) және Пекин

консерваториясын (Го Шу Джен сыныбы) бітірген. Алматыда Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында (профессор Н.А. Шариповтің сыныбы) сынақтан өткен.

Майра Керей — керемет орындаушылық шеберлігімен қоса табиғат берген ажары мен өнері астасқан дарынды әнші.

Майра Мұхамедқызы Қазақтың мемлекеттік Абай атындағы академиялық опера және балет театрының сопрано дауысты жетекші әрі беделді әншісі.

Майра Мұхамедқызы — Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген әртіс. Әдебиет және өнер саласындағы 2008 жылғы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көптеген беделді халықаралық байқаулардың лауреаты, жеңімпазы.

2. Майра Мұхамедқызының орындауында «Ағажай Алтай» әні (әнді тыңдату, әнші фотосуретін көрсету).

#### **V. Шығармашылық жұмыс.**

1. Әннен алған әсерің қандай? «Ән – көңіл ажары» деп неге айтады? (шағын ойтолғау жазу немесе айту)

Тақтада «Ән – көңілдің ажары» деген сөйлемнен матаса байланысқан тіркесті көрсету.

2. Ән-күй, өнер туралы мақал-мәтелдер айтқызу, тақтада жазылғанына матасуға сәйкес сөздер қойып толықтыру.

Өнерлінің өрісі кең.

Ел іші – өнер кеніші.

Өнерлі бала – елдің көркі,

Үкілі қамыс – көлдің көркі.

Озар елдің қызы мінезді, ұлы өнерлі келеді.

**VI. Сабақты қорытындылау.** Матасу деген не, не ой түйдің? (Алған білімін топтастыру).

**VII. Үйге тапсырма беру:** 250-жаттығу. Ілік септігі жасырын матасуға мақал-мәтелдерден, Абай өлеңдерінен мысалдар келтіріп жазу.

#### **VIII. Бағалау.**



**Тойындық ЖОЛАМАНОВА,**  
**Жанайдар Мусин атындағы**  
**педагогикалық колледж**  
**оқытушысы.**  
Көкшетау қаласы.

## **ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС**

Қазақ әдебиетін басқа пәндермен байланыстыра оқытудың ғылыми-практикалық және тәрбиелік маңызы өте зор.

Мектептерде оқытылатын пәндерді бір-бірімен байланыстыра, ұштастыра оқыту оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашады. Олардың білім алу жолындағы саналылығын арттырып, дүниетанымын кеңейтеді.

Тәжірибенің дәлелдеуінше, оқушылардың әдебиеттен берілетін білім тармақтарын толық меңгеруі тек әдебиет пәні мұғалімі ғана емес, сол мектепте барлық пәннен дәріс беретін мұғалімдерге де байланысты. Өзінің беретін пәні мен оған байланысты түрліше жүргізілетін практикалық жұмыстарды оқушыларға дәл және орнықты меңгертіп отыру үшін мектептегі барлық пәннің мұғалімдері ең алдымен өзінің ана тілін жоғары деңгейде меңгеруі керек, өйткені олар өз пәндерін оқушыларға ана тілін шебер білудің нәтижесінде ғана үйрете алады. Сол арқылы оқушылардың білім алу жолында ойлана білуге, сауатты жазуға, білгенін жүйелі мазмұндап айтып беруге және өмірге шығармашылық тұрғыда пайдалана білу жолдарына дағдыландырады.

Пән мен пәнді бір-бірімен ұштастырып, байланыстырып

отыру мұғалімнің алуан түрлі қолданған әдістері мен пәнін жан-жақты кеңейтіп үйрете білу шеберлігінен туады. Ол үшін әр мұғалім өзінің білім мен тәрбие беру ісіне ерінбей тәжірибе жасай білуі керек.

Пән мен пәнді байланыстыра оқытудың қазіргі кездегі ұстанымдары оқушылардың алған білімдерінің тиянақты болуына және оны нақтылы фактілерден өздері бақылап, саналы меңгеруіне, алған білімін жан-жақты зерттеп кеңейтуіне және ақыл-ойының жан-жақты дамуына жол ашатын ғылыми-практикалық маңызы бар әдіс болып отыр. Сондықтан қазақ әдебиетін оқыту жұмыстары барлық пәнмен байланыстырылып отырылады.

Мектеп практикасында әдебиет пәні мен қазақ тілі пәні бір-бірімен ұдайы байланыстырыла оқытылады. Оқушылардың лексикасын байытып, оны молықтырып отыратын тіліміздің ең бай қазынысының бір қоры – қазақ халқының көркем әдебиеті, оның алуан түрлі жанрлары.

Әдебиетті жақсы білетін адам өмірдің шындығын, халықтың тарихы мен тілін жақсы білетін болады.

Тіл пәнін әдебиет салаларын оқытуға байланысты орынды пайдаланып отыру оқушыларға эстетикалық тәрбие береді және соған оқушылардың икемділігін арттырып шеберлендіреді. Соның нәтижесінде олар өз өміріне және сол мақсатта істелетін өз ісіне көзқарасын қалыптастырып, сүйіспеншілігін арттырады. Мәселен, мұғалім әдебиет пәнінен мақал-мәтелдерді, жұмбақ пен ертегілерді оқытуда ондағы грамматикалық белгілерді талдаттырып ажыраттыру арқылы, біріншіден, қазақ халқының ескі өмірін, әлеуметтік тарихи жағдайлары мен мүддесін және олардың сол кездегі түрлі көзқарасын білдірсе, екіншіден, тілдік материалдарды меңгеретін болады. Мысалы, мәтіннен мақал-мәтелдерді теріп жазып, одан етістіктерді тауып, құрамына талдау.

Жалғыздың үні шықпас, Жаяудың шаңы шықпас.

Жігіттің екі сөйлегені – өлгені, Еменнің иілгені – сынғаны.

Әдебиет сабақтарында өнер тақырыптарына жазылған шығармаларды оқытуда музыка пәнімен байланыстырған қолайлы. Мәселен, 8-сыныпта Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесін оқытып талдатуда Ілияс Жансүгірұлының «Күй» поэмасымен салыстыра отыра талдап, ұнтаспадан «Боз інген» күйі мен «Нар идірген» күйін тыңдату. Сыныпта домбыра тартатын оқушы болса, солардың біріне екі күйдің бірін тарттырып, домбырамен күй құдіретін таныту. «Күй аңызы» әңгімесінде: *«..Нардың тақырдай қатып қалған қайыс жоны жұмсарып, қан жүгіргендей. Денесіне тіршілік дірілі еніп, бір-екі рет қозғалып теңселгендей де болды. Жаңағы қадалған қырқадан басын бері бұрып, үлкен көзі жасқа толып, жаудырап тұр екен. Күйші осы кезде күй ырғағын баяулатып келіп, ақырын дірілдетіп көтерді де, ботадай боздатып жіберді. Анадан айырылған жас ботаның алғашқы зарлы үні үзіліп-үзіліп шығады. Аруана осы тұста бір ыңыранды. Естемес оны да домбыраның шегіне әкетті...»*. Ал Ілиястың «Күй» поэмасында: *«Сол күйге жан жылынған, жүрек жерік, Шойындай сонау отта кеткем еріп. Қобыздың улы күйін қаннан сарқып, Соңғы күй тұла бойды кеткен керіп»*. Мәтіннен түйенің ботасын іздеп зарлаған үні суреттелген жерді тапқызып, сол сәт күйде қалай берілгендігін қайтара тыңдату.

7-сыныпта Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын өтуде Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылысуы» атты поэмасымен салыстыра талдай отырып, Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйін ұнтаспадан тыңдату. Күйде суреттелген аққу үні мен сыңарынан айырылған аққудың үні суреттелген шумақты оқып салыстыра талдау.

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасын өткенде география пәнімен байланыстырып, Ақмола облысының

картасын іліп, Оқжетпес, Жекебатыр, Жұмбақтас тауларының, Бурабай көлін көрсетіп, сол жердің атауының шығу тарихына тоқталады. Тарихи мәліметтермен танысып, картадан тауларды, көлдерді көрсетіп жұмыс істеген соң Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы жер-су атауларының шығу тарихына тоқталады. Тарихи дерек пен поэмада сөз болған аңыз әңгімелердің мазмұнын бір-бірімен салыстырады, салыстырмалы түрде семантикалық карта толтырып, шығармашылық жұмыстар атқарады.

Сәкен суреттеген Көкшетау келбеті мен Мағжан суреттеген Көкше бейнесін қатар қойып оқып салыстыру жұмыстарын әрі қарай жалғастырады.

Ілияс Жансүгірұлының «Жетісу суреттері» өлеңін өткенде география пәні бойынша өлеңде кездесетін өсімдік атауларына тоқталу, анықтама беру, шөптердің суреттері немесе гербарийлер көрсету. (Гербарийлер көрсеткен тиімді болады.) География пәні мұғалімі өсімдік атауларын әдебиет пәні мұғалімінен терең білетіндігі даусыз. Сондықтан биология пәнімен де байланыстыруға болады. «Жер түгі» деген бөлімнің толық нұсқасында шөптер мен ағаш түрлерінің 81 түрі айтылады. *Ағаштар мен бұталар: қарағай, тал, долана, ұшқат, шетен, ырғай, арша, ақ сасық, қызыл қайың, барша, шынар, шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен, үйеңкі, шырғай, тораңғы, сары ағаш, қойқарақат, жиде, тобылғы, бауырқұрт, қараған, бозқараған, шеңгел, шілік. Барлығы: 31. Шөп түрлері: еңлік, түйеқұйрық, сарыкүйік, тауқонақ, шайшөп, маңқа, құлынембес, сүттіген, мейіз, киізкиік, ақшалғын, көкмарал, бетеге, раң, жапырақтеңге, бұйра, балдырған, уқорғасын, бәрні, атқұлақ, жұлкеуір, шырыш, шытыр, мыңтамыр, жуа, раугаш, жаужапырақ, сыбызғы, жалбыз, құлмақ, қарақияқ, шоңайна, меңдуана, сора, шақпақ, шырмауық, кендір, қылша, жыланқияқ, қанжыға, қоға, сасық, аққой,*



таусарымсақ, қымыздық, қалақай, атқұлақ, айылқияқ, саржағал, құстаңдай. Барлығы: 50. Міне, оқушыларға осындай терең білім берілсе, жас өскін жан-жақты дамиды.

7-сыныпта Тахауи Ахтановтың «Окоп үстіндегі айқас» («Қаһарлы күндер» романынын үзінді) әңгімесін өткенде тарих пәнімен байланыстырып, «Тарихи-салыстырмалы» әдісті қолданып талдау жұмыстарын жүргізуге болады.

Әдебиет пәнін өзге пәндермен байланыстыра оқытуда оқушылардың өздеріне сыныптан тыс тапсырмалар беріп отырудың да маңызы ерекше зор. Оқушылардың өздігінен жұмыс істеуі, шығармашылық тапсырмалар орындауы жас жеткіншектің функционалды сауаттылығын арттырады, ойлау шеңберін кеңітеді, білім сапасын арттырады.



Сағыныш ШОЛПАНБАЕВА,  
«Қарқара орта мектеп  
мектепке дейінгі  
шағын орталығымен»  
мемлекеттік мекемесінің  
мұғалімі.

Алматы облысы,  
Райымбек ауданы.

## «ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫ»

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – Қорқыт ата өмірінен мәлімет беру, Қорқыт ата айтқан нақыл сөздердің тәрбиелік мәнін ашу; **дамытушылық** – оқушыларды өз ойын еркін айтуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – нақыл сөздер арқылы ізеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа білім беру. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топтық жұмыс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, Қорқыт ата шығармашылығынан слайд, сызба, «Қорқыт ата кітабы» электронды оқулығы. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих.

### **Сабақ барысы.**

Ұйымдастыру: а) оқушылармен сәлемдесу, сабаққа қатысуын есепке алу; ә) оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

Өткен сабақты пысықтау:

а) Орхон-Енисей ескерткіштері қай жерден табылды?

ә) Түрік қағанатының негізін құрған кім?

б) Орхон жырларының қазақ эпостарымен ұқсастығы неде?

### **Жаңа сабақ.**

#### **I. Ой қозғау. Оқушылардың қызығушылығын ояту.**

Қорқыт ата кім болған? Қай ғасырда өмір сүрген? Шыққан тегі. Интерактивті тақтадан Қорқыт атаның суретін көрсету (1-слайд).

1. Қорқыт ата VIII ғасырда қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы ауданына қарасты Сырдария өзенінің төменгі жағында, Жанкент қаласында өмір сүрген. Қорқыттың әкесі Қарақожа оғыз тайпасына жататын баят руынан шыққан, анасы – қыпшақ қызы.

Қорқыт – болашақты болжайтын сәуегей, бақсы, күйші, жырау, ел көсемі, дана абыз, мәңгілік өмір іздеуші.


2. Қорқыттың өмірге келуі туралы аңыз. Қорқыт туыларда анасы тоғыз күн бойы қатты қиналады, алай-түлей боран соғады, нөсерлі жауын құяды, айналаны қара түнек басып, күн күркіреп, жұрттың құтын қашырып, зәресін ұшырады. Халық жаңа туылған балаға «Қорқыт» деп ат қояды.

3. «Қорқыт» сөзінің этимологиясы. 1) «Қорқ» сөзі – «ақыл айтушы», «насихат айтушы» деген мағанада қолданылады.


2) «Қорқыт» сөзі «құт әкелуші адам» деген мағынада қолданылады.

4. Қорқыт атаға 1980 жылы Қызылорда облысының Жосалы стансасынан 18 шақырым жерде ескерткіш-кешен тұрғызылды .

**II. Қорқыт шығармашылығы (2-слайд).** Қорқыттан жеткен 11 күй бар.



«Қорқыт ата кітабы» – бүкіл Орта Азиядағы түркі тілдес халықтарға ортақ мұра. Кітаптың екі нұсқасы сақталған. 12 жырдан тұратын нұсқасы Германияда Дрезден қаласында, 6 жырдан тұратын екінші нұсқасы Италияда, Ватикандағы Аристолика кітапханасында сақталған.



«Қорқыт ата кітабы» 1986 жылы тұңғыш рет Әуелбек Қоңыратбаев пен Мардан Байділдаевтың аударуымен қазақ тілінде жарық көрді.

### III. Қорқыт айтқан асыл сөз.

Тізесін бүгіп отырған инабатты әйел көрікті.

Самай шашы ағарған баба көрікті.

Ақ сүтіне тойғыза-тойғыза емізген ана көрікті.

Үлкен шаңырақ үйдің қасына тігілген келіннің отау үйі көрікті.

Қыз анадан көрмейінше, өнеге алмас.

Ұл атадан көрмейінше, сапар шекпес.

Ұл – атаның ері, екі көзінің бірі.

Дәулетсіз ұл болса, атаның көрі болар.

Дәулетті ұлың болса, ошағыңның қоры болар.

Баба атын шығармаған жігерсіз ұл баба белін бүгілткенше,  
бүгілтпегені игі.

Баба атын шығаратын дәулетті ұл болғаны игі.

#### IV. Шығармашылық жұмыс.

Қорқыт атаның нақыл сөздерінің қазіргі мақал-мәтелдермен ұқсастықтарын табу.

| № | Қорқыт атаның нақыл сөздері  | Қазіргі қазақ мақал-мәтелдері  |
|---|--|--|
| 1 | Қыз анадан көрмейінше, өнеге алмас, Ұл атадан көрмейінше, сапар шекпес.                    | Әке көрген оқ жонар,<br>Шеше көрген тон пішер.   |
| 2 | Баба атын шығармаған жігерсіз ұл баба белін бүгілткенше, бүгілтпегені игі.                 | Жақсы бала әкесінің есіктегі басын төрге сүйер,<br>Жаман бала әкесінің төрдегі басын есікке сүйер. |
| 3 | Жат баланы қанша сақтасаң да ол ұл болмас, ол ішіп-жер, киер де кетер, бірақ көрдім демес. | Кісі баласы кісендесе де тұрмайды.<br>Ер - туған жеріне,<br>ит - тойған жеріне.                    |
| 4 | Жалған сөз бұл дүниеде болғанша, болмағаны игі.  | Өтірікшінің шын сөзі де зая.   |
| 5 | Ажал жетпей өлмек жоқ.   | Ажал жетпей жан шықпас.  |
| 6 | Бас аман болса, бөрік табылады.  | Бас аманның малы түгел.  |

#### V. Қорытынды.

| № | Үйрендім   | Алған әсерім  |
|---|--|---|
|   | Қорқыт атаның әдеби тұлғасын танып, өмірі жайлы мәлімет алдым. «Қорқыт ата кітабының» жалпы мазмұнымен таныстым. | Нақыл сөздерінің мән-мағынасын танып, олардың үлгі-өнеге, өсиет түрінде айтылғандығына, адамгершілікке негізделгендігіне, қазіргі уақытта да қолданыста екендігіне көзім жетті. Мысалы: <i>Көп қорқытады, терең батырады. Өтірік сөз өрге баспас.</i> |

#### VI. Бағалау.

VII. Үйге тапсырма. Қорқыт атаның нақыл сөздерінің тақырыптарын анықтау.

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. «ЕГІННІҢ БАСТАРЫ»

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына шолу, жасау. «Егіннің бастары» өлеңімен таныстыра отырып өлеңнің негізгі идеясы еңбек, тәрбие, қарапайымдылық мәселесіне тоқтау; **дамытушылық** – мәнерлеп оқу дағдыларын арттыру, мазмұнын түсіну, қысқаша мәтін түрінде әңгімелеуге, өз ойларын еркін айтуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – қайырымдылыққа, еңбекке, мейірімділікке тәрбиелеу, өзара бірігіп жұмыс істеуге үйрету.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсіл:** сұрақ- жауап, аударма, іскерлік дағдыны қалыптастыру, мәтінмен жұмыс. **Көрнекілігі:** тақырыпқа байланысты кәртішкелер, Ахмет Байтұрсынұлының суреті, өлеңдер жинағы, оқушылардың алдын ала дайындап келген слайдтары мен рефераттары, мәліметтері. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі.

**Сабақтың барысы.**

1. Ұйымдастыру.

2. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын ояту.

«**Өткенді топтастыру**». Қандай ақындардың шығармаларын оқып таныстық? Тақырыбы қандай, не туралы? Кім туралы? Басты кейіпкерлері кімдер?, т.б.

3. «**Қажетті стратегия**».

Ахмет Байтұрсынұлы туралы не білеміз? Қандай жинағы,

шығармалары бар? («Қырық мысал», «Маса» жинақтары)

Слайдтарды қарастырамыз. Мәліметтер бойынша қысқаша әңгімелеу.

**4. «Оқу-тыңдау».** Оқулықпен жұмыс. Оқы, тыңда, өз ойыңды ортаға сал.

Ахмет Байтұрсынұлы туралы берілген мәліметті оқу, таныс емес сөздерді сөздік дәптерге жазып талдау жасау, сөз тіркестерін құрастыру.

**Сөздік жұмысы:** *асыл перзенті, рухани мұра, гибрат, адамгершілік, жастардың парызы.*

**Сұрақтармен жұмыс.**

\* Оқушылар сұрақтарды оқып, мәтіннен жауаптарын тауып оқып береді.

\* Мәтін бойынша үш-төрт сұрақты ауызша құрастырып оқып, жауап береді.

**«Егіннің бастары» өлеңімен жұмыс.**

\* Рөлге бөліп, мәнерлеп оқиды. \* Жоспар құрады.

\* Әр шумағын оқып, тыңдап талдайды.

**5. «Тапсырма-сабақ стратегиясы».** Деңгейлік тапсырмалар. Оқушылар үш қатарға бөлініп отырған.

3-деңгей:

\* Өлеңді мәнерлеп оқып, кейіпкерлердің сөзін өз сөздерімен айту.

\* Өлеңнен туынды зат есімдерді теріп жазу.

2-деңгей:

\* Бидайдан басқа қандай дәнді дақылдарды білесіңдер?

\* Өлеңнен қаратпа сөздерді теріп жазыңдар.

1-деңгей:

\* «Бидайдың кеудесін көтергені – дақылы жоқтығы, жігіттің кеудесін көтергені – ақылы жоқтығы» деген мақалдың мағынасы неде?

Түсіндірме сөздікті пайдаланып, берілген сөздердің мағынасын жазыңдар: *егін, тағзым, мырза, мән, тәкәппар,*

*данышпан, дақыл, кеуде, бидай.*

**6. «Мақал-мәтел».** Оқулықта берілген шешендік сөздермен мақал-мәтелдерді оқып, қайырымдылық туралы ойларды жалғастырамыз.

(Үйде әдебиеттерді пайдалана отырып қайырымдылық туралы мақал-мәтелдер жазып келу).

**7. «Білгім келеді».** Ахмет Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» өлеңінде кездесетін көп мағыналы сөздермен жұмыс жүргізу. Сабақта синонимдер, омонимдер, аударма және түсіндірме сөздіктерді пайдалана отырып оқушының сөз қорын молайту мақсатымен талдау жұмыстарын жүргіземіз.

Мысалы: *тағзым ету* – құрмет көрсету, бас изеу; *қайран қалу* – таңдану; *шекірейіп қарау* – менсінбеу, ұнатпау; *төмен бүгілу* – еңкею; *тәкәппар* – өр көкірек, т.б.

## **8. «Бекіту».**

- Балалар, бүгін сендер Ахмет Байтұрсынұлының бір ғана шығармасымен таныстыңдар.

Өлеңнің басты тақырыбы не туралы? Баласының берген сұрақтарына, таң қалғанына әкесі қалай жауап берді? Соны түсінуіміз керек.

## **9. Қорытынды-бағалау стратегиясы.**

### **10. Үй тапсырмасы.**

- 1) Ахмет Байтұрсынұлы туралы мәліметті білу.
- 2) Өлеңді мәнерлеп оқу, шағын мәтін түрінде әңгімелеу.
- 3) Бес мақал-мәтел жаттау. Үй тапсырмасын саралап оқыту бойынша топтарға бөліп береміз.

**«Егіннің бастары» мәтіні бойынша тест тапсырмасы.**

### **1. Ахмет Байтұрсынұлының туған жерін көрсетіңіз:**

- А) Көкшетау облысы; Ә) Ақмола облысы;
- Б) Торғай облысы.

### **2. Ахмет Байтұрсынұлы кім?**

- А) суретші; Ә) ғалым; Б) саяхатшы.



**3. Егін екен жерге кім барғанын көрсетіңіз.**

А) жұмысшы; Ә) егінші; Б) бай.

**4. Нелер тағым етіп тұрғанын табыңыз.**

А) бидайлар; Ә) жер; Б) егіндер.

**5. Жалғыз-ақ не көкке қарап тұрды ?**

А) жер; Ә) бидай; Б) аспан.

**6. Кім қайран қалды?**

А) баласы; Ә) әкесі; Б) егінші.

**7. Әкесінің айтуынша бидайға дән берген....**

А) аспан; Ә) құдайым; Б) егінші.

**8. Бидайдың басы неге толып тұрғанын табыңыз.**

А) жемге; Ә) нанға; Б) дәнге.

**9. Бір бидай несіз қалып қойғанын көрсетіңіз.**

А) жерсіз; Ә) дәнсіз; Б) сусыз.

**10. Әкесі мен баласы нені аралап жүргенін көрсетіңіз.**

А) егінді; Ә) ауылды; Б) жерлерді.



Айымкүл ЖОЛМАНОВА,  
Ғұбайдолла Ақтаев атындағы  
№6 орта мектептің  
мұғалімі.  
Ақтөбе қаласы.

## **МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ АЛҒАШҚЫ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҚОРҒАНСЫЗДАР**

*(9-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Мұхтар Әуезовтің шығармашылығымен тереңірек таныстыру, әңгімелерінің

көтерген мәселесі мен тақырыбын мәтінге сүйене отырып ашу; **дамытушылық** – шығарманың идеялық мәнін түсіне білуге, өзіндік талдау, жинақтау жасап, ойлай білуге дағдыландыру, жеке, топтық жұмыста шапшандық, тапқырлық танытуға, ойын әдеби тілмен баяндауға төселдіру; **тәрбиелік** – адамгершілікке, мейрімділікке, адалдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** талдау сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, талдау, жинақтау, шығармашылық. **Көрнекілігі:** Мұхтар Әуезовтің әңгімелер жинағы, интерактивті тақта, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Мұхтар Әуезов мұражайында» атты бұктеме. **Пәнаралық байланыс:** тарих, құқық, қазақ тілі.

### **Сабақтың өту барысы.**

Ұйымдастыру.

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Сабақтың мақсатымен, өтілу барысымен таныстыру:

1. «Сөз сырына үңілсек»;
2. «Таным таразысы»;
3. «Егер мен жазушы болсам»;
4. «Қазіргі заман бейнесі».

Осы жүйе бойынша біз бүгінгі сабағымызда Мұхтар Әуезовтің тақырыптық, идеялық жағынан жақын алғашқы әңгімелері «Қорғансыздың күні» мен «Жетім» әңгімесін жан-жақты талдап, автордың идеясы туралы ой бөлісеміз.

Сабағымыздың алғашқы бөлімі «Сөз сырына үңілсек» деп аталады. Алдымен сабағымызды бастамас бұрын «жетім», «қорғансыз», «қаралы», «болыс» сөздерінің мәнін ашайық. Бұл сөздер қандай мағына береді? Қалай түсінесіздер? (Оқушыларға сұрақ қойылады. Жауаптары тыңдалады).

«Таным таразысы» бөлімі бойынша оқушыларға әңгімеден үзінді оқылады да, үзінді қай әңгімеден, оқиға әрі қарай қалай өрбитіндігі сұралады.

1) «Күндегі әдетпен белгілі уайымның соңында бишара әйелдер отырғанда ауыз үйдің есігі ашылады. Үшеуі бірдей «Бұл кім?» десіп есікке қарағанда бұлар отырған үйдің де есігі ашылып, үйге түлкі тымақ, жақсы киімдер киген екі қонақ кіріп келеді».

**Сұрақ: Үзінді Әуезовтің қай әңгімесінен алынған, оқиға әрі қарай қалай өрбиді? Жалғасын айтыңыз.**

2) «Бұл жігіттер иесіз таудың ішімен түнде жүріп өтпек болып, тау сыртындағы елді бетіне алып, жалғыз аяқ жолмен түн қатып келе жатыр еді. Осы кезде осы таудың сыртында жігіттер келе жатқан жақты бетіне алып жалғыз жаяу бала келе жатты».

**Сұрақ: Түнделетіп жүріп келе жатқан жалғыз жаяу бала кім? Жалғасын айтыңыз.**

3) «Жетімнің малына қиянат қылма! Өзін адам ет, күт, асыра, жылатпа!».

**Сұрақ: Үзінді қай кейіпкердің сөзі?**

4) «Құлынымның бұғанасы қатқанша рақым ет. Сорлып қылып қақсатпа, зарлатпа, көрде мені күңіреңтпе».

**Сұрақ: Бұл қай кейіпкердің сөзі? Ол тілегіне жетті ме?**

5) «Орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқалау мұрынды, шоқша сақалды, сұрғылт беті дөңгелек, жалпақтау. Суық қарайтын қисық біткен кішілеу өткір көзінде және түксиген қабағында өзгеше қаталдық бар. Бұл адамның күлгендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұрады».

**Сұрақ: Үзіндіде кімнің бейнесі берілген? Оның қандай адам екендігін танытып тұрған сөз қайсысы?**

6) «Жіңішке, сұңғақ бойлы, аз ғана секпілі бар, дөңгелек ақ сұр жүзді. Пішіні мұнды, жүдеу. Жас басына орнаған қайғы, жүрегін жеген дерт сыртына шығып тұр».

**Сұрақ: Бұл кімнің бейнесі? Оның бойына орнаған қандай қайғы-мұңы бар?**

«Егер мен жазушы болсам» бөлімі.

Әңгімеден алынып берілген үзіндіні оқушы өз қиялымен әрі қарай жалғастыру керек. Оқушыларды екі топқа бөліп, екі түрлі тапсырмалар беріледі.

I топқа «Ғазиза зорлықтан босанғанда есі ауыңқырап, көңіліне дүние дүниелігін жоғалтқандай, өзінен алыстап бара жатқандай болып көрінді. Бұл сезім – бұл уақытқа шейін көңіліне келмеген, аса жат бір суық сезім. Не қыларын білмей, өксіп-өксіп жылап, жерден басын көтерген қалпында отырып қалды».

II топқа «Олардың балалары бірінен-бірі ерке болып шығып, Қасым қаға берісте қалатын болды. Қасымға таласатармаса күн көру керек болды. Мал ұсталғалы басында қайғыртып жылатып, кішкене сорлы жетімнің ішіне у болып жиналып жүрсе де, әрі-беріден соң ол қайғы бөлек қалды. Енді Қасым тамақты да жөндеп іше алмайтын болды. Қасымға бұдан соңғы бір қайғы болып малды қарастыру, қозы бағу шықты...».

Бұл оқушыларға 5 минут уақыт беріледі.

Қазіргі заман бейнесі /ойталқы/:

1. Сонымен екі әңгіменің де негізгі идеясы неде?
2. Ғазиза мен Қасымның жетімдік көрулерінің, яғни, қорғансыз болуларының себебі неде деп ойлайсыздар?
3. Қазіргі заманда осындай қорғансыз жандар бар ма?
4. Жетім балалар қазіргі заманда қорғауға алынған ба?
5. Балаларды қорғау туралы конвенция қабылданды. Сіз онымен таныссыз ба?
6. 2009 жылы қыркүйек айында Қазақстан Қамқоршылар одағы құрылды. Осы одақтың мақсаты не деп ойлайсыз?

Өзім де толықтырып, балаларды қорғау туралы конвенция қабылданып, республика бойынша 46126 жетім балалардың қамқорлыққа алынғанын, үкімет қамқорлығында екендігін айтамын.

Қорыту. Сонымен, оқушылар, біз бүгінгі сабағымызда ойшыл суреткер Мұхтар Әуезовтің алғашқы әңгімелерімен танысып, ой бөлістік. Алғашқы әңгімелері арқылы Мұхтар Әуезов өзінің шеберлігін таныта білді.

Әйгілі ғалым, әдебиет зерттеушісі Әуелбек Қоңыратбаев «Мұхтар Әуезов өзінің алғашқы прозасында көрнекті новеллашы, дала өмірінің әр саласын алып, алуан-алуан типтік характер жасаған көркем сөздің үлкен шебері» деген болатын. Қоғамның көкейкесті мәселелерін қозғаған Мұхтар Әуезов шығармалары мәңгілік ұрпақ жадында қала бермек.

Үйге тапсырма: Мұхтар Әуезовтің «Қыр әңгімелері», «Оқыған азамат» әңгімелерін оқу. «Заман және біз» деген тақырыпта ойтолғау жазып келу.

Оқушыларды бағалау.



Әсем ҚЫЗЫРОВА,  
Сләмия Саттаров атындағы  
№57 мектеп-лицейдің  
мұғалімі.  
Қарағанды қаласы.

## «АҚЫН ҚОНАҚТАР»

(5-сынып)

Білім берудің жаңа парадигмасы мектептегі сабақ барысын, оқушы мен мұғалім, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты мүлдем өзгеше құруға әкелді. «Мұғалім – ұсынушы, оқушы – қабылдаушы» қағидасы өзгерді. Қазіргі мұғалім – бағыттаушы, көрсетуші, жетелеуші. Ал оқушы – өздігінен ізденетін, алған білімін өмірінде қолдана білетін тұлға. Мұндай нәтижеге жеткізудегі басты құрал – жаңашыл педтехнологиялар. Соның бірі – жобалау

технологиясы.

Қазірде бұл технология кең қолдау тауып, республикамыздың түпкір-түпкірлерінде жүзеге асуда. Назарларыңызға жобалау технологиясы бойынша Мұхтар Әуезовтің «Ақын қонақтар» әңгімесінен өткізілген ашық сабақты ұсынамын.

**Мақсаты:** жобалау технологиясы негізіндегі сабақ моделін жасау.

**Міндеттері:** оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру; іздену, жалпыдан жалқыға өту әрекетін ұйымдастыру; өзгеге, өзіне деген сыни көзқарасын қалыптастыру; саралаушылық, талдаушылық қабілеттерін дамыту.

**Күтілетін нәтиже:** жас Абайдың идеал адам емес, өздері сияқты жасөспірім екенін түсінуі; өнер адамдарының (Барлас, Байкөкше) бойындағы ұлттық құндылықтарды бағалауды үйренуі; сөз өнерінің адам тұлғасын қалыптастыруда ұлы күш екенін байқауы.

**Өзектілігі:** жобалау технологиясы оқушының ізденімпаздық, танымдық, өз іс-әрекетін жоспарлау қабілеттерін дамытуымен өзекті.

**Зерттеу нысаны:** М.Әуезовтің «Ақын қонақтар» әңгімесі.

Сабақ 5-сыныпта өтетіндіктен іс-әрекеттер жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылды, яғни, күрделі емес. Сынып 4 топқа бөлініп жұмыс атқарады.

**I. Жұмыстың мақсаты** – алдын ала дайындалған жұмыстарды презентациялау, яғни, шығармашылық өніммен таныстыру. Ол буклет, альбом, слайд-шоу, алғашқы көрсетілім, плакат, т.б. болуы мүмкін.

**1-топ. Мұхтар Әуезов – Абайды әлемге танытушы.**

Мұхтар Әуезовтің туған жылы, туған жері.

Білім алған ордалары.

Атқарған қызметтері:

Отбасы туралы.

Еңбектері жөнінде.

**2-топ. Абай – дана, Абай – дара қазақта.**

Абайдың туған жері, туған жылы.

Абай шежіресі.

Абай өлеңдері туралы.

Абай қара сөздері.

**3-топ. «Абай жолы» – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш**

**роман-эпопея:**

Роман, оның эпопея түрі туралы теориялық түсінік;

Мұхтар Әуезовтің Абай туралы жазуға қалай келгендігі;

Кітаптың атаулары, шыққан жылдары;

Осы еңбегі үшін алған марапаттаулары;

Роман туралы өзге халықтар жазушыларының пікірлері.

**4-топ. Әңгіме кейіпкерлері (Барлас, Зере, Ұлжан):**

Барластың Дулат Бабатайұлы екендігі туралы. Оның

шығармашылығы жайында қысқаша мәлімет;

Прототип туралы теориялық түсінік;

Зеренің шын аты. Осы үзінді бойынша мінездемесі;

Зеренің балалары туралы;

Ұлжан Құнанбайдың екінші әйелі екендігі, шыққан тегі,

Ұлжаннан туған Абайдың бауырлары туралы.

**II. Шығармашылық-ізденіс тапсырмалары:**

Әжесі Зере, Байкөкше айтқан ертегілерді, жырды оқып,

Абай үшін қызықты болу себебіне өз пікірлерін білдіру.

**1-топ.** «Еділ-Жайық»;

**2-топ.** «Жұпар қорығы»;

**3-топ.** «Құламерген»;

**4-топ.** «Қозы Көрпеш-Баян сұлу».

Жұмыстың бағыты (кестені толтыр).

| Кім, не туралы | Кейіпкерлері | Басты кейіпкері | Қалай аяқталады? | Абайды қызықтырған тұсы |
|----------------|--------------|-----------------|------------------|-------------------------|
|                |              |                 |                  |                         |

### III. Мәтінмен жұмыс.

**1-топ.** Мәтіндегі фразеологизмдерді табу, синонимдерін, антонимін жазу.

Жұмыстың бағыты – кестені толтыру

| Фразеологизм   | Мәтіннен үзінді   | Мағынасы    | Синонимі                             | Антонимі  |
|----------------|---|-------------|--------------------------------------|---|
| Пейілін беру.  | <i>Сондай шеше әңгімелеріне бар пейілін беріп жүрген күндерде</i> | Көңіл бөлу. | Құлақ салу, қызығу.                  | Құлақ аспау, құлағына ілмеу, назарына алмау.      |
| Ішіне бүгу.    | <i>Білгенін ішіне бүгіп</i>                                       | Жасыру.     | Айтпау, жария етпеу, тығу, бүкпелеу. | Әлемге аян ету, жария қылу.                       |
| Салмақ салу.   | <i>Осы жолы Абай шешесі арқылы салмақ салып</i>                   | Сұрау.      | Бұйымтайы болу, өтіну, айту.         | Тілге тиек етпеу, көңіл бөлмеу.                   |
| Пішін білдіру. | <i>Ұлжан Барласқа қарап, бір сөз айтатындай пішін білдірді.</i>   | Белгі беру. | Ымдау, ишара білдіру, сыңай таныту.  | Қасқайып тұру, мұрнына иісі бармау, тас боп тұру. |


**2-топ.** Мәтінге сүйене отырып кейіпкерлерге мінездеме беру. (Зере, Ұлжан, Барлас).

Жұмыс бағыты (кестені толтыр).

| Кейіпкерлер | Мәтіннен мысал | Сенің берер мінездемен | Өмірде кездестірген ұқсас адам |
|-------------|----------------|------------------------|--------------------------------|
|             |                |                        |                                |

**3-топ.** Мәтіндегі ұлттық нақыш көрінісі. Жұмыс бағыты (кестелерді толтыр).





Тапсырма:

1) Сен Абайға қандай бата берер едің?

2) Ата-әже, әке-шешеннен қонақты шығарып саларда қандай сый-сияпат көргеніңді жаз.

3) Сәйкес мақал-мәтел жаз.

**4-топ.** Абай бейнесі. Әңгімеден Абайдың келешекте дара, дана болған бастау көздерін тап, дәлелде, кестені толтыр.

| <i>Абайды ұлылыққа бастаған бұлақтар</i>        | <i>Мәтіннен мысал</i>  | <i>Өз ой-дәлелдемең</i>   |
|---|--|---|
| Абай бір бөлек дос тапты.                       | <i>Онысы – әсіресе, әжесі... шешесі</i>  | Үлкенді тыңдап, үлгі тұтуы. Әр сөзіне құлақ салуы.                              |
| Абайдың сөз өнеріне деген қызығушылығының оянуы | <i>Әжесінің әңгімелерін түсте де, кешке де, тіпті, көш бойы да Абай айтқыза, тыңдай беретін болды.</i> | Сөз тыңдау әдебі қалыптасты, сөздің де сиқырлы, қуатты болатынын аңғарып қалды. |

#### IV. Сабақты қорытындылау. Тестпен жұмыс

##### 1. Барлас кімнің прототипі?

А) Дулат Бабатайұлы; Ә) Сырым Датұлы.

**2. Ұлжан ақын қонақтарға қандай сый берді?**

А) Шапан жапты; Ә) Астарына ат мінгізді.

**3. Абай тапқан бір ермек дос:**

А) Атқа отырып ел аралау; Ә) Әжесі мен шешесі.

**4. Барлас кім?**

А) Күй шабандозы; Ә) Әңгіме-жырдың дүкені.

**5. Әңгіме мазмұнына қай мақал-мәтел сәйкес емес?**

А) Баталы ер арымас; Ә) Құтты қонақ келсе,

Қой егіз табады.

**6. Әңгімеде қай мәселе сөз болған?**

А) Өнер-білім алу; Ә) Сөз өнерінің құдіреті.

**7. Абайды ұлылыққа бастаған бұлақ:**

А) Сөз өнеріне деген қызығушылығының оянуы ;

Ә) Әкесі Құнанбай.

**V. Үйге тапсырма:** 1) әңгімеге жоспар құру; 2) мазмұндамаға дайындық.

**VI. Оқушыларды бағалау.**



**Шынар АСАЙЫНОВА,**

**Изобильный орта мектебінің мұғалімі.**

Ақмола облысы,

Ерейментау ауданы.

## **САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН. «БАЛА ШОҚАН»**

*(5-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – жазушы туралы мағлұмат беру, шығарманың мазмұнын игеріп, идеясын

ашу; **тәрбиелік** – оқушыларды адамгершілік қасиеттерге, жанашырлыққа, уәдеге беріктікке үйрету; **дамытушылық** – өнерге деген қызығушылығын арттыру, таным қабілеттерін, шығармашылығын дамыту.

**Түрі:** іскерлік дағдыны қалыптастыру. **Әдіс-тәсілі:** сынтұрғысынан ойлау стратегиялары, сұрақ-жауап, ойтолғаныс.

**Көрнекілігі:** Сапарғали Бегалин, Шоқан Уәлиханов портреттері, слайд пайдалану.

**Сабақ барысы.**

**Ұйымдастыру.**

**Үй тапсырмасын тексеру.**

1. «Жаңа достар» әңгімесі бойынша «Достық» тақырыбында шығарма жазу.

2. «Бала Шоқан» әңгімесін оқып, мазмұнын біліп келу.

**I. «Ой қозғау».** Сапарғали Бегалин кім?

(Өмірінен қысқаша мәлімет беру)

Сапарғали Бегалин 1895 жылы 24 қарашада Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында дүниеге келген. Өмір жолын қара жұмысшы болудан бастаған. Кейін халық соты, саяси қызметкер болған. Бірақ нағыз мақсатты жолын жазушылықтан тапқан. 25 дастан, 12 повесть, он шақты драмалық шағын туынды, 50-ге тарта ән мәтіндерін жазған Сапарғали Бегалин халқына белгілі, білікті жазушы ретінде танылды. 20-дан астам балаларға арналған кітап жазған қаламгер қазақ балалар әдебиетінің негізін жасаушылардың бірі болды. Осындай әңгімелерінің бірі – «Бала Шоқан» әңгімесі.

**II. «Ой түйю».** «Бала Шоқан» әңгімесі қалай жазылды? (Слайд арқылы Сапарғали Бегалиннің пікірін оқу, түсіндіріп таныстыру). Шоқан кім? Ол туралы не білеміз?

(Өмірінен қысқаша мәлімет беру)

**III. «Топтастыру».**



**IV. «Мағынаны таныту».** «Бала Шоқан» әңгімесінің мазмұнын үш бөлім бойынша айту. (Оқушылар түсінгенін мазмұндап айтады).

«Сөздің мәнін талдап үк».

Сөздікпен жұмыс:

*Күзек* – малдың күзгі жайылымдағы қонысы. *Әбдіре* – киім салынатын мүлік. *Ықтияр* – өз еркі.

(Әңгімеден сөйлемдерді тауып, мағынасын толық түсіндіру)

«*Ой жинақта жоспарлап*». Әңгіме мазмұны бойынша жоспар құрылып, реттік сандары ауыстырылып оқушыларға ұсынылады. Оқушылар әңгіменің мазмұны бойынша жоспар тақырыптарын дұрыс орналастыруы керек.

Мына жоспарды дұрыс орналастыр:

1. *Жасқаншақ Мысық.*
2. *Өнерді сүйген Шоқан.*
3. *Қайырымдылық.*
4. *Мүсінші Мысық.*
5. *Уәде еттің, орында.*

Дұрыс құрылған жоспар слайд бойынша көрсетіліп, оқушылар өздерін тексереді.

1. Мүсінші Мысық.
2. Жасқаншақ Мысық.
3. Өнерді сүйген Шоқан.
4. Уәде етсең, орында.
5. Қайырымдылық.

#### V. «Ой қорыту».

«Зерделі сұрақ, ұтымды жауап». Сұрақтарға жауап беру:

1. Мысық неден қандай мүсіндер жасады? Оларды Шоқан қалай бағалады?

2. Шоқан бойынан қандай қасиеттерді байқадыңдар?

3. Шоқанның бала кезіндегі көргендері мен үйренгендерінің болашақ өмірінде пайдасы болды ма?

Болашақта кім болуды армандайсыңдар?

4. «Ә, жарайды, бара ғой, екі айтпаған жақсы» деді. Бұл сөздерді кім айтты?

Бала тәрбиесінде бұл сөздердің маңызы қандай?

VI. «Ойтолғаныс». «Екі жақты күнделік» кестесін толтыру.

| Шығармада маған әсер еткен жағдай | Менің өз ой-пікірім |
|-----------------------------------|---------------------|
|                                   |                     |

**Үйге тапсырма беру:** 1) «Бала Шоқан» әңгімесін оқу, мазмұндау; 2) Шоқанға арнап бес жолды өлең жазу.

**Бағалау.**

# СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ «ЛАШЫНЫ»

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға Сәбит Мұқановтың «Лашын» әңгімесін талдата отырып, тереңірек түсіндіру, құстарға биологиялық сипаттама беру, мазмұнын ашу, жан-жақты талдау; **дамытушылық** – тілін дамыту, мағынасы қиын сөздерді сөздік арқылы мағынасын ашып түсінулеріне ықпал жасау; **тәрбиелік** – саятшылық өнердің бір түрі, ата кәсіп екендігін айта келіп қызығушылығын арттыру.

**Түрі:** слайд-сабақ. **Әдісі:** салыстыру, топпен жұмыс, сұрақ-жауап, сөздік жұмыс. **Көрнекілік:** құстар туралы тірек-сызба, семантикалық карта.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.**

Оқушылармен амандасу, оқушыларды түгелдеу.

**Үй тапсырмасын сұрау.**

Эпиграф:

*Табиғаттың көркі болған құстар  
Жақсылықпен болашаққа бастар.  
Лашындай көкте биік самғайтын  
Еліміздің келешегі – жастар.*

## Шығарманың жоспары

Балтабай  
ауылында

Саятшы-  
лық

Лашынның  
құс алуы

Шілдеде  
құс алу

«Лашын» құсты топтастыру.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда...»

**Лашын**

**Ахмет**

### Сөздер сырына саяхат

*Түлек* – құстың түлейтін шағы.

*Саңғиды* – құстың саңғыруы.

*Бидайық* – кішкене жыртқыш

құс. *Дабыл* – құсты үркіту үшін  
қолданылатын аспап.

*Отқа шығар* – құстың жайылуға  
шығар кезі.

### Сезім сыры

Қуандым  
Таңғалдым  
Ренжідім  
Қорықтым  
Жеккөрдім

### Сыры көп құстар әлемі

Құстар туралы мәліметтер суреттерін көрсете отырып  
айтылады.

*Сұңқар* – құс біткеннің тәкаппары, тұмсығы тегеуріндісі. Қанаты ұзын, жіліншігі қысқа, саусақтары салалы, сүйек бітімі жұмыр, денесі мығым болып келеді. *Күрке тауық* – дене пішіні сымбатты, аяғы ұзын, қанаты мен құйрығы келтелеу келген ірі құс. Мойыны қауырсынсыз, етті, өте тез жүгіреді. *Үйрек* – суда еркін жүзетін, адам қолына үйретілген құс. *Қарлығаштың* қанаттары ұзын, жіңішке және ұшы сүйір болып келеді. Адал, пәк құс. *Көгершін* – хабаршы құс. Ол бейбітшілік құсы деп саналады, көкке самғап, жылдам ұшады, жерде жақсы жүреді, хат тасиды. *Тотықұс* – қауырсыны өте сұлу құс.

**Сабақты бекіту.** «Құс аулау» ойыны.

Сұрақтары:

1. Шығарма авторы кім? Сипаттама бер. 2. Шығарманың негізгі тақырыбы қандай? 3. Құстарды үркіту үшін қолданылатын аспап. 4. Шығармада құс алу өнеріне қатысты қандай мақал-мәтелдер, өлең жолдары кездеседі? 5. Құстардың жауынан қорғану үшін қызмет атқаратын сезім мүшелері. 6. Ахмет қазақ халқының қандай ұлттық кәсібімен айналысады?

Үй тапсырмасы: «Екі бетті күнделік».

|                              |         |
|------------------------------|---------|
| Әңгімеден<br>алған<br>әсерім | Пікірім |
|------------------------------|---------|



Рақымжан ТҰРЫСБЕК,  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор.

## АКАДЕМИК РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИ МҰРАСЫ

*(Жоғары білім мен кемел ғылым мәселелері)*

*(Бастапқы бөлігі өткен санда)*

Білім-ғылым жолы – қашан да қиын, күрделі болған-ды. Бұған күнделікті өмір-тұрмыстан да, ұлт мақтаныштары һәм оқымыстыларының даналық та, қанатты сөздері арқылы да көз жеткізер едік. Айталық, Әбу Насыр әл Фараби «Білімді болу деген сөз – белгілі нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сөз. Ал белгісіз нәрсені аша білу деген сөз – ол теориялық өнердің барлығына тән ортақ жәйт» десе, Абай

«Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба...» дейді.

Мұхтар Әуезов “Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім” деп жазды.

Бұдан білім-ғылым жүйесі “талант–тумыстан” қағидасына келіп саятыны аңғарылады. Оның өзі ізденіс іздері арқылы кең өріс алады. Ақыл-парасат нұрымен нәрленіп, сәулеленіп, мейірім шуағын алысқа түсірері хақ.

Әдебиетке, ғылымға келу – өмірі мен тағдырын, ізденіс-еңбектерін, мақсат-мұраттарын осы бағытқа бұрған адамның саналы әрекеті. Руханият әлемінде мұның мысал, деректері көп-ақ...

Қысқа шегініс жасасақ, кешегі журналист-филолог, кейіннен академик атанған Рымғали Нұрғали “Лениншіл

жас” (“Жас Алаш”) газетінің солтүстік облыстарындағы тілшісі бола жүріп, баспасөз жанрларына белсене қалам тартты. Қазақ фольклорының нұсқаларын жинады. Әсемдік әлемі әдебиеттен, оның көркемдік-рухани қуат-күшінен нәр алды. Өмірге құштарлығы артты. Руханият әлеміне, өнер өлкесіне, ондағы өрнекті өрістерге, үлгі-өнегелерге құмартты. Ел әңгімелері мен көне жыр, қиссалардан бастап Алаштың қайраткер-қаламгерлерінің мұра-мирастарын, алыс-жақын елдер әдебиетінің інжу-маржандарын іздеп жүріп оқыды. Жіті танып зерттеді. Осы бағыттағы зерттеу мен зерделеулерін, ойлары мен толғаныстарын БАҚ жүйесі, кітап әлемі арқылы қалың көпке ұсынды.

Р.Нұрғали зерттеулерінің алтын арқауы Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы, оның ішінде алғашқы ізденіс, еңбектері дер едік. Алдымен айтарымыз, М.Әуезовтің өмірі мен қоғамдық қызметін, алғашқы шығармашылық кезеңін деректік-құжаттық тұрғыдан әрі мың сан салыстырулар негізінде тамыршыдай тап басып танып таразылады. Суреткердің халық аңызы негізінде жеткен “Еңлік-Кебек” трагедиясының жазылу тарихын, бірнеше нұсқаларын санап та, талдап та көрсетумен бірге көркемдік талаптар тұрғысынан шеберлікпен, шешендікпен сөз етті. Әдебиет зерттеушісінің Әуезов әлеміне еркін еніп, алғашқы ізденіс-мұрағаттарынан бастап айқын көзқарас, бедерлі қолтаңба, өрнекті өнеге, үлгілі үрдістерін шығармашылық мұра-мирастарымен байланыстыруы, осы бағыттағы зерттеу мен зерделеулер, таным мен талғам деңгейі мәнді, мағыналы болып табылады.

Р.Нұрғали еңбектері арасында 1980 жылдардың соңғы кезеңінде баспасөз беттерінде жарияланған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының “Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы” қаулысынан

кейінгі “Алыптар қайта оралғанда” атты зерттеу мақаласының орны алабөтен дер едік (“Қазақстан коммунисті”, 1989, №4,5,6) . Біздіңше, бұл зерттеу - Алаш мұраты, оның қайраткер-қаламгерлері хақындағы алғашқы ізденіс, байыпты талдау, байсалды бағалау, оңды көзқарастарының бірі болатын. Мақала табиғатынан Алаш әлемі, руханият мұраты, оны зерттеу мен зерделеу жүйесі жіті танылады. Көзқарас эволюциясы, қолтаңба бедері айқын.

Алаш мұраты мен мирасы хақында төмендегіше ойлар қозғайды: *«Тарихшылар, әдебиетшілер еңбектерінде, оқулықтарда, түрлі құжаттарда, көркем шығармаларда, кинофильмдерде күні кешеге дейін партия, үкімет тарапынан қадағаланып, жоспарлы түрде бағытталып отырған арнаулы саясаттың нәтижесінде Алаш қозғалысы, Алаш партиясы, Алашорда өкіметі туралы тарихи шындық бұрмаланып, қып-қызыл өтірік айтылып келді. Алаш қайраткерлері қазақ ұлтының қас дұшпаны болып көрсетіліп, олардың шығармаларына тыйым салынды. Әділіне келгенде, Алаш қозғалысына қатысқан азаматтардың көпшілігі ұлт мүддесіне арналған күнделікті аршынды іс, қарымды әрекеттермен айналыса жүріп, қуғын-сүргін азабына қарамастан, әдебиет, публицистика, ғылым, аударма салаларында орасан бай мұра қалдырды».*

*«Қоғамдық белсенді әрекетке негізінен ХІХ ғасыр барысында шыққан бұл толқын 1905 жылғы алғашқы орыс революциясы, 1917 жылғы ақпан, қазан революциялары, үкімет басына большевиктердің келіп, кеңес өкіметінің орнауы секілді аспан жарылып, жер сілкінгендей ғаламат жарылыстар тұсында қайрат көрсетті. Осы ұлы ағыстардың баршасы олардың жеке өміріне, қоғамдық, шығармашылық тағдырына ықпал жасап, терең із тастады.*

Табиғатынан дарынды жаратылған бұл буын өкілдері қазақы тал бесікте тербетіліп, исламның иманды бұлағынан нәр алып, мұсылманша хат танып, одан кейін жәдитше, орысша оқып, орта, жоғары дәрежелі білім алған, Орынбор, Омбы, Семей, Алматы, Ташкент, Уфа, Қазан, Мәскеу, Петербор секілді шаһарлар тәрбиесін көрген, өз заманының көзі ашық зиялылары. Бұлар мұғалімдік, инженерлік, заңгерлік, экономистік, дәрігерлік секілді сан алуан мамандық иелері. Түркі, славянды былай қойғанда, араб-парсы, ағылшын, неміс, француз секілді жеті жұрттың тілін меңгерген. Күрес жолына шыққан кезде бұл ерлердің бес қаруы сай еді. Сол замандағы кез келген озық елдің зиялыларынан асып түспесе, кем соқпайтын, әртүрлі ғылым негіздерін меңгерген, сегіз қырлы, бір сырлы тұлғалар еді. Алаш қозғалысына қатысып, Алаш партиясын құрысып, Алашорда өкіметін жасаған қайраткерлер ішінен қазақ әдебиетінің алтын діңгек, сом тұлғалары шықты. Отаршылдықпен шайқас, артта қалушылыққа қарсылық, надандықты мансұқ ету, азат, тәуелсіз демократиялық, дербес мемлекет құруды биік нысана ету, белгілі бір тап мүддесі емес, жалпы ұлт мақсаты үшін күресу, өркениетті нысана тұту – бұл ағымда болған ұлылы-кішілі азаматтардың баршасының дүниетанымына ортақ, етене қасиет сапалар еді» [Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры Астана, «Күлтегін», 2002, 6-бет].

Рымғали Нұрғали қазақ, орыс тілдерінде “Трагедия табиғаты” (1968), “Трагедии М.Ауезова” (1967), “Талант тағдыры” (1969), “Қазақ драматургиясы”(1974), “Өнер алды – қызыл тіл” (1974), “Өнердің эстетикалық нысанасы” (1979), “Поэтика драмы” (1985), “Телағыс” (1986), “Арқау” (2 томдық, 1991), «Айғақ», «Сырлы сөз» (2000) , «Толғауы тоқсан қызыл тіл» /2009/, « Казахская литература: концепции жанры» /2010/, т.т. ұлт әдебиетіндегі әдіс, жанр, стиль,

поэтика мәселелерін, дәстүр мен жалғастық диалектикасы, драматургия жанрларын көркемдік-теориялық тұрғыдан талдаған көптеген зерттеу еңбектерін жазды. Бұл еңбектерде ұлттық сөз өнері, оның арғы-бергі тарихы мен басты өкілдері, олардың ерекшеліктері мен эстетикалық ұстанымдары, көркемдік пен кемелділік, жанр мен шеберлік, стиль сипаттары, аударма және оның даму заңдылықтары, келелі мәселелері алуан салыстыру, талдаулар арқылы жүйелі, нанымды сөз етіледі. Зерделі зерттеушінің ізденіс-көзқарастарынан ұлт мұраты, руханият әлемі, жекелеген ақын-жазушылардың өзіндік өзгешеліктері байыпты, сергек сараланады.

Рымғали Нұрғалидың мағыналы өмірін, жемісті жылдарын оқу-ғылым саласынан бөлек алып қарастыруға әсте болмас еді. Әр жыл сайын жаңарып-толығып, жас шәкірттерге жол тартып келе жатқан “Қазақ әдебиеті” атты оқулықтардың (11-сыныпқа арналған) тұрақты авторы.

Жинақтап айтқанда академик Р.Нұрғали жоғары мектеп пен кемел ғылым мәселелерін орта мектепке оқулық дайындаумен және біліми-ғылыми бағыттарда іргелі зерттеулер жасаумен жүйелі жалғастырды. Екі бағыт та бірін-бірі байытты. Сабақтастық сипатта кең өріс алды.

Өмірбаян беттеріне ден қойсақ, академик Р.Нұрғали әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасында жемісті еңбек етті. “Қазақ әдебиетінің тарихы”, “Жазушы шеберлігі”, “Алаш ұранды әдебиет”, “М.Әуезовтің шығармашылық шеберханасы”, “Драма поэтикасы” атты жалпы, арнаулы курстардан тағылымды дәрістер оқыды. Бұл тұстарда ұстаз-ғалымның бітім-болмысынан биіктік пен білімпаздық, кісілік пен кесектік, талапшылдық пен таланттылық, байқампаздық пен тереңдік, мейірімділік пен қамқорлық, жан-жақтылық сынды белгі-ерекшеліктер танылатын-ды.

Р.Нұрғали қаламынан “Дән”, “Полигон әңгімелері” атты новеллалар жинағы мен “Атшабыс ертең”, “Жартастағы қарағай”, “Оқ” секілді повестері туды. Бұлардың бәрінен де елін, жерін сүйген арлы азаматтың көңілін жарқын, жүрегін ашық ұстап, қаламын өткір ұштаған биік тұлғасы танылар еді. Қаламгердің ізденіс іздері мен көркемдік-рухани құндылықтарынан айқын қолтаңба мен көзқарас, образдар жүйесіндегі нақтылық пен бедерлілік, тіл-стиль сипаттарындағы байыптылық пен қалыптасқан үлгі-өрнектер сенімді әсер қалдырады.

Р.Нұрғали ұлттық басылым - “Қазақ совет энциклопедиясы” Бас редакциясының бас редакторы болып істеген жылдары қазақ, орыс тілдерінде “Қазақ ССР” (4 томдық), “Ол кім ? Бұл не?” (3 томдық), “Қарағанды”, “Шаңырақ”, “Абай” атты энциклопедиялық басылымдар мен көптеген анықтамалық, сөздіктердің жарық көруіне кең жол ашты. Ұлт жанашыры, білікті басшы екендігін көрсетті. Бұл басылымдар мен анықтамалық, сөздіктер бай дерек көздерімен, мол материалдарымен, танымдық-тағылымдық қырларымен қазіргі кезеңде әлеуметтік-қоғамдық хәм руханият әлемінде кеңінен қолданылып келеді.

Бұл айтылғандар Р.Нұрғалидың қоғамдық-қайраткерлік, ғылымдық қырларын, ел алдындағы парызы мен қарызын арлы азаматқа тән адал атқарғанын айқын аңғартады. Бастысы, академик Р.Нұрғали мұрасы, ондағы білім-ғылым мәселелері арғы тарихтан сыр тартады. Көне кезеңдерден кемел ойлар қозғайды. Алаш идеясының мақсат-мұраттарына ден қояды. Кеше-бүгінгі біліми-ғылыми мәселелерді тереңнен толғап, өзіндік қыр-сырларын ашып, маңызды тұстарына назар аударады.

Қысқа қайырғанда, академик Рымғали Нұрғали мұрасынан:

орта және жоғары мектепке арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтардың тұтас жүйесі кеңінен көрініс береді;

әдеби-ғылыми еңбектерінен ұлт мақтаныштары мен руханият ісінің танымал тұлғаларының өмірі мен шығармашылығы кең орын алады;

әдеби-көркем Ғәм аудармаларынан біліми-ғылыми көзқарас,іргелі ізденіс пен көркемдік құпиясы терең танылады.

Ал білім-ғылым жүйесіндегі іргелі ізденіс, ерен еңбектерінен:

оқу ісіндегі маңызды тақырыптарды қозғайтыны, оны тың дерек, соны көзқарастар тұрғысынан таразылап, байыпты қорытып, жедел де жүйелі жеткізетіні танылар еді;

орта және жоғары мектеп оқулықтарының талаптарын толық меңгеріп, оны жас ұрпақтың мұрат-мүддесіне сай саралап,кейінгі кезекте ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын жүйелі сөз етуінен адами әлемі мен ұстаздық-ғалымдық ғибраты, шынайы шеберлік пен шешендіктің үлгі-өрнектері көрініс береді.

Әдеби-зерттеу бағытындағы туындыларында арғы-бергі тарихқа, көркемөнер түрлеріне, жанрлар жүйесіне, жазушы еңбегі мен шығармашылық үдеріс сипаттарына сергек қарап, өзекті мәселелерді еркін қозғап, талдау-саралауларға, түйін-тұжырымдарға батыл барады. Тақырып табиғаты мен тағылымына ден қойып, маңызды қырларына, ұтымды тұстарына мән береді. Ой-сөз жүйесін, көзқарас пен қолтаңба мәнерін қалыпты сақтап,көркемдік құпиясын, шеберлік пен шешендік арналарын, сыр мен сезім тұтастығын тыңғылықты зерделейді. Сырлы әлемнің көркемдік құпиясы мен эстетикалық арналарына, мол мүмкіндіктері мен иірімдеріне еркін енеді.

Ең негізгісі көркемөнер мұратын,әдеби байланыс

пен сабақтастық сырларын сергек саралап, туынды табиғатын тану мен талдауда тереңдік танылады. Ал тіл-стиль сипаттарынан бейнелілік пен бедерлілік, шеберлік пен шешендік, көркемдік-рухани Һәм реалистік белгі-ерекшеліктер кеңінен көрініс береді...

Ұлт руханиятын дамыту ісі мен оның көркемдік көкжиегін байытуда, білім-ғылым ісін жаңа уақыт талаптары тұрғысынан танып-таразылауда академик Рымғали Нұрғалидың шығармашылық мұрасының берер дерегі көп, көзқарас эволюциясында кеңдік пен кемелділік сырлары мол әрі мәдени-рухани Һәм эстетикалық құндылықтары да өзіндік өзгешеліктерімен есте қалады. Көзқарас жүйесі айқын. Баяндау мен байыптау мәнді. Тіл-стиль сипаттарында қалыптасқан мәнер-машық бар. Ой-сөз жүйесіне дәлдік,тереңдік тән. Тақырыпты кең қамту, талдау жүйесін жан-жақты ашу,негізгі көзқарасты, бастапқы ойлар мен толғаныстарды еркін де серпінді сипатта жеткізу мұраттары нанымды өріс алады. Өмір мен өнердің өрнекті өрістері,жазушы еңбегі мен шығармашылық мұраттың көркемдік-эстетикалық құндылықтары, ой-сөз жүйесінің арналы ағыстары шынайы да шебер,шындыққа сыйымды қалыпта беріледі.Ой айту мұраты айқын.

Р.Нұрғали мұрасындағы ұлт мұраты мен руханият мәселелері,білім-ғылым жүйесіне қатысты көзқарастары, оқулық Һәм зерттеу еңбектерін жазу ісіндегі бағыт-ұстанымдары, материал-дереккөздерін танып-талдау мәнері, өзіндік қолтаңба мен шеберлік-шешендік сырлары, ой, сөз Һәм тіл мүмкіндіктері, өмірлік және кәсіби мұраттары, тәлімді тәжірибелері, т.с.с. тұтастай шығармашылық арналарынан, ізденіс іздерінен кең орын алады. Оның бәрінде тақырыптық ерекшеліктер, жанрлық-көркемдік арналар, ой-сөз жүйесінің мың сан иірімдері, стильдік құбылыстардың мол мүмкіндіктері кеңінен көрініс береді.



## 6-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

### Кіріспе

Қазақ әдебиетінен 6-сыныпқа арналған жұмыс дәптерін оқулыққа қосымша материал ретінде қолдануға болады. «Жұмыс дәптерінің» мақсаты – оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін дамыту, шығармашылықпен жұмысына жағдай туғызу, пәнге деген қызығушылығын оятып, елін, жерін сүйетін нағыз патриот етіп тәрбиелеу.

Жұмыс дәптеріне сын тұрғысынан ойлау, саралап дамыта оқыту технологияларының элементтері енгізілді.

Пән мұғалімдері үшін де бұл жұмыс дәптерінің пайдасы зор деп есептеймін, себебі бірде-бір оқушы назардан тыс қалмайды. Жіберілген қателерді дер кезінде түзетуге, нақты бағалауға, әр оқушымен жеке жұмысқа мүмкіндік береді.

### «Қобыланды батыр» жыры

*Батырлар жыры* – көлемі жағынан да, мазмұн-мәні жағынан да қазақ фольклорында ауқымды орын алатын аса көрікті жанрдың бірі .

1. Жырдан Қобыландының ерлік істері мен адамгершілік қасиеттері бейнеленген жолдарды тауып жаз.

-----

-----

2. Кұртқаға мінездеме бер.

-----

-----

3. Венн диаграммасы.

| Қобыланды | Ортақ | Қараман |
|-----------|-------|---------|
|           |       |         |

4. Жырдан монолог сөздерді тауып жаз.

-----

5. «Ат – ер қанаты» деген тақырыпта әңгіме құрастыр.

-----

### «Алпамыс батыр» жыры

1. Алпамыстың ерліктері жырда қалай суреттеледі?

-----

2. Ерлік, батырлық туралы мақал-мәтел жаз.

-----

3. Салыстырмалы мінездеме бер.

| Алпамыс | Ортақ | Ұлтан |
|---------|-------|-------|
|         |       |       |

#### *Есіңе сақта!*

*Әсірелеу (гипербола) – суреттелетін затты немесе құбылысты шамадан тыс асырып айту.*

*Шендестіру (антитеза) – кезегар екі затты немесе құбылысты қатар қоя отырып, келесі бір заттың, ұғымның, құбылыстың сипатын аңғартатын айшықтаудың бір түрі.*

4. «Туады ерлер ел үшін»деген тақырыпта шығарма жаз.

---

---

**«Күлтегін»жыры.**

1. Орхон ескерткіштері.

---

---

2. «Күлтегін»жырын кім зерттеді, кім ашты, кім аударды?

---

---

3. Күлтегін кім?

---

---

4. Венн диаграмасы .

| Батырлар жыры | Ортақ  | «Күлтегін» жыры |
|---------------|--|-----------------|
|               | Бас<br>кейіпкерлері,<br>тақырыптары<br>ортақ |                 |

5. Ат – батырдың сенімді серігі.

Батырлар жырындағы батырдың сенімді серігі – аты туралы жаз.

| Қобыланды | Алпамыс | Күлтегін |
|-----------|---------|----------|
|           |         |          |

**Дулат Бабатайұлы.**

«О, Ақтан жас, Ақтан жас...»

1.

2. Дулат Бабатайұлы қай жылдары өмір сүрді?  
А) 1815-1898 ж.; Ә) 1802-1874 ж.; Б) 1845-1904 ж.

*Есіңе сақта!*

*Риторикалық сұраулы сөйлем . Риторикалық сұрау (лепті сұрау) – ойды, сезімді әсерлі жеткізу үшін жауабы өзінен-өзі айқын нәрсені әсерлі леппен сұрау түрінде айту.*

2. Өлеңнің құрылымы, көркемдік ерекшелігі туралы өз ойыңды жаз .

3. Риторикалық сұрау түрінде жазылған басқа қандай өлеңдерді білесіңдер?

4. Ақын Ақтанға арнаған арнауы арқылы жалпы жастарға не айтқысы келеді?

### **Сүйінбай Аронұлы.**


«Жақсы мен жаман адамның қасиеттері».

1. Сүйінбай ақын туралы не білесіңдер?

2. Өлеңнен жақсы адамның қасиеттерін берген тенеулерді теріп жаз.

3. Салыстыр.

Жақсы қасиеттер      ортақ      Жаман қасиеттер



4. Жаман адамды ақын неге балтаның ұңғысына теңеген?

-----

-----

5. Бір шумағын өлең құрылысына талда.

Шумағы-----

Тармағы-----

Бунағы-----

Буыны-----

Ұйқасы-----

**Абай Құнанбайұлы.**

*«Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ».*

*Асыл сөзді іздесең,*

*Абайды оқы, ерінбе.*

*Адамдықты іздесең,*

*Жатқа тоқып ал көңілге.*

*Сұлтанмахмұт Торайғыров.*

1. Абай кім?

-----


-----

2. Абайдың қандай поэмалары бар?

-----

-----

3. Жылқының суретін қалай салар едің?



4. Батырлар жырындағы ерлерді жеңіске жеткізетін аттарды ата.

-----

-----

5. Өлең құрылысына талда.

---

---

### Отыз бірінші сөз

1. Абайдың неше қара сөзі бар?

а) 40;      ә) 45;      б) 46.

2. «Отыз бірінші» сөзіндегі төрт түрлі себеп пен ой кеселдерін ата.

---

---

### Құлақтан кіріп бойды алар

1. Абайдың қандай әндерін білесіңдер?

---

---

2. Өлең құрылысына қарай талда


#### *Әсемпаз болма әрнеге*

- Шумағы
- Тармағы
- Бунағы
- Буыны
- Ұйқасы

### Шәкәрім Құдайбердіұлы.

«Жолама, қулар, маңайға»

1. Топтастыру. Шәкәрім жайлы не білесің?



2. Шәкәрім бұл өлеңді неліктен «Жолама, қулар, маңайға» деп атаған?

-----

-----

3. Сен ақын болсаң өлеңге қандай ат қояр едің?

-----

-----

4. Өлеңге сатылай кешенді талдау жаса.

-----

-----

### «Адамдық борышың».

1. «Адамдық борышың» дегенді қалай түсінесің?

-----

-----

2. Өлең мәтініндегі ақын айтқан адамдық борыш түрлерін тауып жаз.

-----

-----

3. Кестемен жұмыс. Екі ақын өлеңдеріндегі сөз қолданысын, өлең құрылысын, тақырыбын салыстыр.

|                        |                       |
|------------------------|-----------------------|
| Абай Құнанбайұлы       | Шәкәрім Құдайбердіұлы |
| «Әсемпаз болма әрнеге» | «Адамдық борышың»     |

«Менің борышым» атты шығарма жаз.

-----

-----

## Сұлтанмахмұт Торайғыров.

«Шығамын тірі болсам адам болып», «Мен – қазақ».

1. Өлең кімге арналып жазылған, қашан жазылған?

а) 1911 ж. Мұқан молда;

ә) 1913 ж. Нұрғали ұстаз;

б) 1914ж. Әлі молдаға .

2. Өлең мазмұны қалай әсер етті, кім болуды армандайсыңдар?

-----  
-----

3. Ауыспалы мағыналы сөздерді теріп жаз.

Теңеу

-----  
-----

Эпитет

-----  
-----

«Мен – қазақ»

1. Өзгені құрмет тұта отырып, өз ұлтын сүйу , ұлттық намыс дегенді қалай түсінесіңдер?

-----  
-----

*Есіңе сақта!*

*Әр оқырман жүрегіне жол тауып, онымен дәл өзіндей сырласатын өлең кейіпкерін лирикалық қаһарман дейміз.*

*(Жалғасы бар).*



**Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,**  
**Қазақстан Журналшылар**  
**одағының мүшесі,**  
**Тараз инновациялық- гуманитарлық**  
**университетінің доценті, ф.ғ.к.**

## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТАМДЫДА БОЛУЫ**

Орталық Азиядағы туысқан түркі халықтарына белгілі журналист-жазушы Жүсіп Әлқожаұлы 1931 жылы Өзбекстанның Бұқара облысындағы Тамды ауданының «Қақпатас» деп аталатын елді мекенінде дүниеге келді. Өмірінің көптеген жылдарын туған халқына адал еңбекпен өткізген Жүсіп ақсақал қазір 80-нің сеңгірінде, қазіргі таңда Тараз қаласында тұрады.

– Сонау Өзбекстанның Бұқара қаласының Тамды ауданынан тарихи Отаным – Қазақстанға келгенде шын мәнінде өзімді бақытты адам ретінде сезіндім,- дейді Жүсіп ақсақал. – Себебі Өзбекстандағы қазақтар барлық уақытта Қазақстанды мақтаныш тұтып жүретін еді. Әрбір отбасы «Қазақстан әйелдері», «Мәдениет және тұрмыс», «Балдырған», «Жұлдыз» журналдарын, «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан» газеттерін жаздырып алып оқитын. Қазақ тілінде жарық көретін әдеби кітаптар, соның ішінде аты аңызға айналған, қазақтың ғана емес, бүкіл түркі халықтарының батыры Бауыржан Момышұлының кітаптары әрбір үйдің төрінде тұратын. Ата-аналар ұл-қыздарына, немерелеріне «Бауыржандай батыр

бол...» деп өсиет айтатын, бата беретін...

Жүсіп ақсақал қолы бос кезінде мектеп оқушыларымен, жоғары оқу орнының, колледж білімгерлерімен кездесу өткізіп, жастар тәлім-тәрбие аларлықтай әңгімелер, атақты адамдар туралы естеліктер айтып, жастардың рухани жандүниесін байытуда айтарлықтай үлгі көрсетіп жүр.

Кезінде Өзбекстан Республикасында қазақ тілінде жарық көретін «Достық туы», «Нұрлы жол» газеттерінің Науаи, Бұқара облыстары бойынша меншікті тілшісі болып еңбек еткен қарымды журналист, бірнеше кітаптардың туындыгері. Тамды аудандық «Тамды шаруагері» деп аталатын газетте көп жылдар бойы редактор болып қызмет еткен Жүсіп ақсақал Тамды ауданына барған жазушы-майдангер, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлымен, жазушы-ғалымдар Діқан Әбілов, Рахманқұл Бердібаев, Ізтай Мәмбетов, профессорлар Бекежан Сүлейменов, Мардан Байділдаев, Қазтай Әбдіқадыров, Асқар Тоқпанов, Асқар Тоқмағамбетовпен кездесіп, олармен талай рет сұхбаттасып, сұхбаттарын аудандық, республикалық газеттерге жариялап, жастардың рухани байлығын арттыруда зор қызмет істеген еді.

Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының Тамдыға келуі, онымен тілдесіп әңгімелесуі Жүсіп ақсақалдың есінен мәңгі кетпек емес. Себебі бұл кездесуді Жүсіп ақсақал жүрген жерінде жыр қылып айтып жүреді. Оның бұл әңгімелері ұрпақтан ұрпаққа тарап келеді. «Мәңгі ұмытылмайды...» деп отырғаным – осы.

Сол жылы ауданға «Бауыржан Момышұлы келеді екен...» деген хабар бүкіл аудан жұртшылығын аяғынан тік тұрғызды. Жүсіп Әлқожаұлы – аудандық газеттің редакторы. Дереу редакция қызметкерлерінің шұғыл жиналысын өткізіп, осы кездесуге байланысты тапсырмалар беріп жатты.

– Сол бір сәт ел есінде мәңгі қалды,- дейді Жүсіп ақсақал.

– Көктем мезгілі болатын, аты әлемге танымал батырды күтіп алу үшін дайындық жүргізіліп жатты. Тамды аудандық партия комитетіне Ташкенттен әр түрлі тапсырмалар келіп жатты. Тамдыдағы қазақтардың Бауыржанды күтіп алу үшін ерекше дайындық жүргізуінің мәнісі бар еді. Ел аузында Бауыржан Момышұлы туралы аңыз әңгімелер, ертегілер, өлең-жырлар көп. Жасы үлкен қариялар айтып жүреді. Оны тыңдап өскен жасөспірімдердің бойында ұлттық намыс, ұлтжандылық қалыптаса бастайды. Жаңа туылған сәбилердің есімдері «Бауыржан» деп қойыла бастады. Бата-тілектердің арасында «Бауыржандай батыр бол...» деген жолдар түспейді. Талантты ақындар Бауыржан батыр туралы өлеңдер жазып, аудандық газетке ұсынып жатты. Алыс ауылдардан «Бауыржан батырды көреміз, қолын аламыз...» деп, «Немерелеріміздің маңдайынан сүйдіреміз...» деп ауыл қариялары Тамдыдағы ағайын, туысқандарының үйлеріне ағылып келе бастады. Жыршы-жыраулар Бауыржан туралы жазылған өлең-жырларды жаттап алып, белгілі бір мақаммен домбыраға салып дайындала бастады. Бұл бір естен кетпес қызық оқиға болды.

Жүсіп Әлқожаұлы туралы

«...Қара сөздің бұлбұлы,

Отырыстың гүлгүлі.

Тәуелібай перзенті,

Әсем Тараз тұрғыны.

Бөлшегіндей даланың,

Асылысыз ағаның.

Жүз жаста да қолыңнан,

Түспесін еш қаламың...» деп өлең жазған

белгілі ақын Қайыпназар Шотбасов «Жүсіп ағамыз Бауыржан Момышұлының Тамдыға келген сапарында ерекше қызмет істеді. Барлық зиялы қауымды атағы әлемге

тараған қазақ батырын ойдағыдай күтіп алуды ойластырып, мұғалімдермен, ақын-жыраулармен ақылдасып ұйымдас-тыру жұмыстарын жүргізіп жүрді...» деп еске алады.

Жүсіп Әлқожаұлы 2006 жылы Алматыдағы «Топ» баспасынан жарық көрген «Замандастар, тұстастар» деп аталатын естелік кітабында Бауыржан Момышұлының Тамды ауданына келгені туралы былай деп жазады: «Халық батыры Бауыржан Момышұлы және оның атқосшысы Сәуірбек Бақбергеновтің Бұқара облысындағы Тамды ауданына барғаны жайында сол кездегі аудандық «Социалистік шаруашылық» газеті, «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», Бұқара облыстық «Советская Бухара» газеттері жазып шықты.

Ол кездегі Ташкент-Тамды жолаушылар таситын әр күнгі рейсті тоқтатып, Тамды қасындағы Зарафшан қаласынан жаңа аэродром ашылған болатын...Ахметов Энгельс, сол кездегі Ішкі істер бөлімінің бастығы, полковник Өтеп Аяпов, Зарафшан қаласы Атқару комитетінің төрағасы Мәлік Алдамұратов, т.б. адамдар Баукеңді қарсы алыпты.

Сол аэропорттың өзінде-ақ Баукең Аяповты көріп: «Ей, полковник, генералдық саған да, маған да жоқ...» депті. Баукеңнің бұл сөзі Тамды, Зарафшан қаласын бойлап тарап жатты. Біз аупарткомда бөлім меңгерушісі болып істейтін Төремұрат Кәрдіұлы екеуміз Баукеңе сәлем бере бардық.

- Жігіттер өздеріңді таныстырып отырындар!– деді Баукең. Мен Жүсіп Әлқожаұлы екенімді айтқанымда, ол: «Қожасың ба?»- деді. Мен: «Иә...»- дегенім сол еді: «Қожа болсаң, Алдияр тақсыр!..» деді Баукең екі қолын көкірегіне апарып, «Мен Сейітқожаның қызынан туылғанмын...» деді. Ол одан әрі. Маған «Мен Қожа боламын ба, жоқ па?!» деп шақшиды. «Нағыз Қожа Сіз екенсіз ғой!..» дегенім сол еді, «Алдияр тақсыр деп айт!» деп бұйырды. Мен кеудеме қолымды апарып: «Алдияр тақсыр, Бауке!» дедім...» (А.,

«Топ», 2006 жыл, 23-бет).

Жүсіп Әлқожаұлының тағы бір қызығып сұрағысы келгені – даңқты батырдың Сталинмен кездескені жайлы еді. «Осы сұрақты берсем бе екен, бермесем бе екен? «Онда не шаруаң бар?!» деп ұрсып тастаса не істеймін? «Мына Қожа тәртіпсіз екен...» деп Ташкент жаққа хабарласа не істеймін?» деген мазасыз сұрақтар оның санасын жаулап алды.

Жүсіп әрі ойланып, бері ойланып осы сұрақты беруге бекінді. Ол туралы өзінің «Замандастар, тұтастар» деп аталатын естеліктер кітабында былайша баяндайды: «... Баукең сол кездегі Тамды аупарткомының бірінші хатшысы Садық Пірмановтың қабылдауында болды. Ол кісінің құрметіне сияпат берілді. Сияпат кезінде Баукеңе қазақ салтына сәйкес шапан жабылып, қаракөз елтірісінен папақ кигізілді. Папақ кигізілетін кезде ол «Мен айнасыз киім киіп көргенім жоқ...» деп айна алдыруды талап етті. Суретке түсірілетін кезде шақырайған күн болғандықтан жабылған терезені көріп: «Құдайдың жарығын ашыңдар!..» деді. Баукеңнің өз халқына еркелейтіні, көпті көрген жан екені әрбір сөзінен көрініп тұрды.

Шапан жабылып, папақ кигізілерде мойынына галстук байлағысы келген идеология хатшысы Т.Молдабековке «Мойынымдағы қара галстук соғыста опат болған Өтеш деген генералдікі...» деді. Ал қызыл галстукті пинерлер таққанын айтып: «Полковнику полагается не только три, пять галстук...» деп жұртты бір күлдіріп алды.

Баукеңмен кездесуге келген адамдар клубқа сыймай кетті. Ол кісі кездесуде қазақстандық әскерлердің жанқиярлықпен күрес жүргізгенін, талай адамдардың ерлікпен опат болғанын тебіреніп баяндады. «Кімде қандай сұраулар бар?..» деген кезде залдан біреу: «Сіздің Сталинмен кездескен ретіңіз болды ма?..» деп сұрақ берді.

– Болды,- деді Баукең. – Әскери Академияда оқып жүрген кезімде Сталин өз кабинетіне шақырып сөйлесті. Әрине, мен ол кісімен ұшырасуды сұрағаным жоқ. Өзі шақырды. Менен соғыстағы қиян-кескі шайқас туралы және Әскери академиядағы жағдай туралы айтып беруді өтінді. Мен бастан аяқ жиырма минуттай айтып бердім. Баукең Сталин екеуінің екі рюмка коньяк ішкенін жасырмады. Кабинет есігіне дейін шығарып салды. Кейін білдім, ол кісі мені Момышвили деген грузин офицері деп шақырыпты, – деді...» (23-24-беттер).

«Сөйтіп, мен беремін деген сұрақты кездесуге келген ауыл еңбеккерінің бірі берді. Мен Баукеңнің жауабын аса ыждағатпен тыңдадым...» дейді Жүсіп ақсақал. Сол кездесуде Баукең көптеген сұрақтарға жауап берді. Ондай сұрақтардың ішінде мынадай қызықты сұрақтар да бар: «Сіздің картаны отқа жаққаныңыз рас па?», «Сізді фашистер қара орыс деп атапты, сол рас па?», «Мәскеу түбінде қорғаныс шебінде жатқанда Сіз Сталиннің шабуылға шықпау туралы бұйрығын орындамай, батальоныңызды шабуылға алып шығыпсыз, осы рас па?». Мұның бәріне Бауыржан батыр өте қызықты, әсерлі етіп жауап берді.

Жүсіп Әлқожаұлы өзінің естелік кітабында Бауыржан Момышұлының Тамдыға келгені туралы одан әрі былай деп жазады: «Баукеңдер келгеніне үш күн болғанда 1-мамыр мерекесі өтті. Ол кісі трибунаға шақырылды. Бірақ бармады. Алаңға адамдар сыймай кетіпті. Сол адамдар арасында Маржан Нұрмаханова деген келіншекпен, т.б. бір-екі әйелдермен алаңда би биледі. Осының өзі-ақ Баукеңнің халықшыл, адами бейнесін көрсетіп тұрған еді.

Иә, батыр аға Баукең соғыста қанша ерлік жасағанмен, оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілмей, ол дүниеден өткеннен кейін ғана осы атаққа ие болды. Бірақ оның халқы Баукеңді әлдеқашан-ақ «Халық Батыры» деп атап кеткен болатын. Баукеңнің Тамдыға барғаны күні бүгінге дейін

Өзбекстандағы қазақтар арасында жыр болып айтылып келеді. Ал бүгінде теміртаулық балғын ақын Руза Алдашова «Алматы!

Байлаулы саған тағдырым,  
Баукеңдер салған бар бұрын  
Арасындағы үлкен жол

Алматы менен Тамдының...» деп жазды.

«Ауданымызға ғылым докторы, Абай атындағы педагогикалық институттың көп жылдар бойғы ректоры Серғали Толыбеков, жазушы Жәрдем Тілеков, Қуандық Шаңғытбаев, атақты балалар жазушысы Өтебай Тұрманжанов, Өтеген Оралбаев, Бекділда Алдамжаров, Бексұлтан Нұржекеев, Зейнолла Серікқалиев, Мереке Құлкенов, ақындардан Әнуарбек Дүйсенбиев, Қадыр Мырзалиев, Кеңшілік Мырзабеков т.б. ондаған ақын-жазушылар барып, халықпен кездесіп, ел аралап қайтты...» (23-25-беттер).

– Аты аңызға айналған батырдың қолын алу мен үшін үлкен бақыт еді, менің өмірімдегі ұмытылмайтын сәт еді,—дейді Жүсіп ақсақал. – Шашын артына қайырып тастаған Баукеңнің жүзі сұсты болатын. «Егер неміс-фашист Баукеңмен бетпе-бет келіп, Баукеңе тік қараса, жүрегі жарылып өлетін шығар ...» деп ойладым. Себебі Баукең Мәскеу түбіндегі шайқастарда фашистердің түсіне сенетін болған. Гүрілдеген жуан дауысы санаңды сілкіп, бойыңда Отанға деген сүйіспеншілік жалыны шалқып қоя беретін. «Сталиннің оғынан аман қалған жолбарысым-ай!..» дедім ішімнен. Мәскеу түбіндегі қиян-кескі шайқас көз алдымда жүріп жатты. Баукеңнің «Алдияр, тақсыр!..» деген дауысынан селк ете қалдым. «Тыңдап тұрмын!..» дедім өкшемді сарт еткізіп. Баукең «О, мынау тақсыр нағыз жауынгер ғой, қазықтай қатып қалғанын қарашы!..» деді.

Жүсіп сол кезде ерекше толқу үстінде болды. Көкірегінде рух пайда болды. Әлемге әйгілі әскери қолбасшыны, дивизия командирін көзбе-көз көріп қолын алуы, екеуінің арасындағы қысқа әңгімелесу көңілін көтерді. Бүкіл Қазақстан, бүкіл Панфилов дивизиясы Тамдыға көшіп келгендей болды.

Иә, сол бір жылы Тамды ауданының ғана емес, Бұқара облысындағы көптеген аудандардағы қазақтар кітаптан, кинодан көріп жүрген Бауыржанды көз алдында көріп, оның сөздерін құлағымен естігенін жыр қылып айтып жүрді. Тамды жастарының көкірегіне ұлтжандылық рух сеуіп кеткен Бауыржандай батыр аталарының сол тұлғасын көрген жастар қазіргі таңда жігіт ағасы, бірқатары елге басшы болып тарихи Отаны – Қазақстанға көш басын түзеп, Жетісуға, Әулиеатаға, Маңғыстауға қоныс аударып келіп жатыр. Бәрінің көңілінде – тарихи Отанына деген, Бауыржан батырға деген ынтызарлық. Сол кездерде халқы үшін от кешкен қаһарманның халқына айтқан қанатты сөздері оларды Қазақстанға жетелеген еді. Көптеген жастар Алматыда, Шымкентте, Таразда қалып жатты. Ал оның соңы Ұлы Көшке айналғаны белгілі.

...Сонау Өзбекстанның Бұқара облысының қазақтар көп шоғырланған, өздерінің атамекені – Тамды жерінен қоныс аударып келген Жүсіп ақсақал саябақта аяндап келеді. Тамдыда қалған қазақтарды ойлайды, «Тезірек жетіңдер, қарақтарым...» дейді. Уақыт өткен сайын көркейіп, жасарып бара жатқан Таразға сүйсіне қарайды. «Жолбарысым, Баукең-ай, өзіңіз аңсаған тәуелсіздікті көрмей кеттіңіз-ау!..» деді күбірлеп. Сонан кейін «Тәубә! Тәубә!..» деді. «Сізді ұрпақтарыңыз, бүкіл қазақ халқы ешқашан ұмытпайды. Сіздің айбатты тұлғаңызға қарап жас ұландар сап түзейді! Сіз – біздің мақтанышымызсыз!..» деді.



## ҚАЙРАТ РЫСҚҰЛБЕК ТҰЛҒАСЫ

Бүгін біз сыныптан тыс шарада Желтоқсан қозғалысының құрбандығы болып, «Халық қаһарманына» айналған жас қыршын Қайрат Рысқұлбек тұлғасына тоқталмақпыз. Еліміздің танымал жазушысы, Мұхтар Әуезов атындағы сыйлықтың лауреаты Дүкенбай Досжанның 1986 жылғы Желтоқсан трагедиясын, еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуін көркем кестелеген «Алаң» атты романы бойынша Қайрат тұлғасымен жете танысамыз.

*(Баяу күй ойналып тұрады).*

**1-оқушы:** – 1986 жылғы ызғарлы желтоқсан күндері... Қанға бөккен алаң... Азаттық үшін шейіт болғандар... Сол көтерілісте тозақ отынан өткен жастар... Қар үстінде итке таланғандар, қорланған, зорланған арулар... Осы Желтоқсан оқиғасында қарулы әскерге қарсы, бронетранспортер мен танкілерге қарсы, қолдарында саперлі күректер мен шойын кеспелтектер бар 40 мыңдай қанішерлерге қарсы құр қол шыққан ержүрек қазақ жастарының қандары төгіліп, кейбірі шейіт болғанын қазір дүние жүзі біледі. Олар туралы шындық әлі дұрыс ашылған жоқ. Ал осы оқиғаның басты қаһарманы, халқымыздың адал ұлдарының бірі – Қайрат еді.

**2-оқушы:**

«Елбең-елбең жүгірген,  
Ебелек отқа семірген  
Арғымақ мінген жаратып,

Ақсауыт киген темірден,

Алатаудай бабалар,

Аруағыңмен жебей көр!»

Биіктен құлаған тау суындай буырқанған тасқын бар емес пе бұл үнде? Жас тұлпар тұяғының дүбірі келмей ме құлағыңызға? Оқыстан шыққан айқай-шуға елендеп, бүйірі қызған дарабоздың шабысын танысыз ба? Иә, танысыз. Таныдыңыз. Тоқыраудың тоғышарлары тобықтан қағып құлатқан Қайраттың үні ғой бұл. Ол тірі қалғанда ақын болар ме еді?

*(Күй тоқтайды).*

**3-оқушы:** - 1966 жылы Жамбыл облысындағы Мойынқұм ауданының Құмөзек ауылында дүниеге келген екен. Желтоқсан оқиғасы тұсында Алматы қаласындағы Сәулет-құрылыс институтының 1-курсында оқып жүреді. Қайрат Алматы халқы жаңа жылды қарсы алған күні ұсталыпты. Сол сәттен бастап оның қасында біраз уақыт бойы бір камерада болған Құттыбек Аймаханов үміт пен күдікке толы екеуінің азапты күндері мен түндері жайлы былай деп еске алады.

**4-оқушы:** - «Темір есік сықырлап ыңыранып ашылатын, сосын жабылатын. Қайратты жауап алуға алып кететін. Қайтып келгенде үсті-басында сау тамтық жер болмайтын. Біраз жатып есін жинағаннан кейін ол:

- Жоқ! Шындықтың жеңілуі мүмкін емес. мүмкін емес! дейтін қабырға жаққа теріс қараған күйі булығып...»

Қашан да әділеттіліктің жеңетініне сенді ол.

**5-оқушы:** Орысша-қазақша бірдей өте сауатты, өз ойын ашық та бүкпесіз, айқын жеткізе алатын жігерлі, отты жігіттің

«Сөйлесең даусың жетпейтін

Кез болдық мына заманға.

Шовинизм еді ғой

Басты себеп жанжалға» деп іргесі іріп-шіріген, шаңырағы

шайқалған «бақытты» заманымыздың бар болмысын тап басып танып, жалғандықтың жамылғысын бір-ақ ауыз сөзбен сыпырып алғаны қатты шошытқан Колбин мен оның қолшоқпарлары Қайраттан тезірек құтылуға асықты.

**Қайрат:** - «Иә, мен сіздерден ештеңе жасырмаймын. 18-желтоқсан күні алаңға бардым. Ол жерге барған себебім, бар мақсатым біріншіден, ол жерде не болып, не істеп, не қойып жатқаның өз көзіммен көру болды. «Алаңда қазақтың уыздай жас қыздарын ұрып-соғып, өлтіріп жатыр» дегенді елден естіген соң өз басым қолымды жайып «Күл болмасаң, бұл бол» деп отыра беруге еркектік намысым жетпеді. Менің түсінігімше, әйел адамға ер адамдар тұрмақ аң екеш аңдар да мүйіз, болмаса тұяғын көтермейді. Ал біз бәріміз де аң емес, адамзаттың ұлы – адамбыз. Осындай түсінікпен, әйел затына ер болып, өз қол ұшымды беріп көмектесуге, оларды арашалап қорғау үшін барғаным рас. Ол үшін әлі күнге дейін өкінбеймін, керісінше, үлкен мақтаныш тұтамын. Бірақ та, бір құдай – өзі куә, адам баласын өлтіргенім жоқ. Мұндай айуандық жасаудың өзі сор маңдай менің қолымнан келмейді, еш уақытта, ешқашан да... Ал әйел затына айуандықпен қол көтеріп, шашынан тартып, көкпарша сүйрегені үшін бір милицияны ұрып-соққаным рас. Ол адам өлген жоқ, күні бүгінге дейін аман-есен зыр жүгіріп жүр. Өз қолыммен жасаған бір теріс қылық, бар қылмысым – осы ғана...

**Жүргізуші:** - Ақтық демі таусылғанша осы айтқанынан танбаған қайсар жігіт тергеуде өзін еркін ұстап, тағылған айыпты мойындамады, үкімді де қаймықпай қарсы алды.

**Қайрат:**

- Күнәдан таза басым бар,  
Жиырма бірде жасым бар.  
Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар,  
Алам десең алыңдар!

Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар,  
«Еркек тоқты – құрбандық»,  
Атам десең атыңдар!

Мен не етермін, не етермін,  
Мен келмеске кетермін.

Көрмеген қош бол таңдарым,  
Көре алмай мен кетермін...

**Жүргізуші:** - Жамбыл Тайжұмаев 15 жылға, Түгелбай Тәшенов 15 жылға, Қайырғали Күзембаев 14 жылға, Ертай Көпесбаев 4 жылға бас бостандықтарынан айырылды. Ал басты айыпкер деп танылған Қайрат Рысқұлбек өлім жазасына кесілді.

**Қайрат:** - Үкімді естігенде аяғымның астындағы еден төмен лықсып кеткендей сезілді. Қапталыма қараймын, ұнжырғасы түсіп, сағы сынған серіктерім 10, 15 жылдан алып жатыр. Кұлағым бірде ашылып, бірде тығындалып, түк естілмей әлекке салғаны. Ең әуелі санама сақ етіп келген ой «Осы мен кімін?» сауал болды.

Әкетай-ау, пайғамбардай жасың бар,  
Туа бермес сіз секілді асылдар.  
Қартайғанда жүрегіңді қаралап,  
Кесір болды-ау біз секілді масылдар.  
Айналайын ағалар мен жеңгелер,  
Сіздерге кім бұл өмірде тең келер?  
Сүмірейіп сот алдында отырған  
Бауырыңды енді кімдер ескерер.  
Айналайын қарындасым, қарағым,  
Қолда кісен, мен айдауда барамын.  
Қайғы жеген, азап тартқан ағанды,  
Айтшы жаным, қандай жанға баладың?  
Айналайын інішегім, құлыным,  
Сені ойласам үзіледі жұлыным.

Сенің ерке ақ жүзінді көре алмай

Кетіп барам, мен айдауда, құлыным.

**Жүргізуші:** - Оның жаны нәзік, жүрегі қайсар, көкірегі толған ән еді. Енді Желтоқсан құрбаны болған Қайраттай ұл-қыздарымызға арнап осы оқиғаға байланысты жазылған «Желтоқсан желі» атты әнді тыңдайық.

*(Ән орындалады).*

**Жүргізуші:** - Түрменің тас қапасында отырып, Қайрат інісіне арнап мынадай соңғы хатын жазыпты:

**6-оқушы:** - «Бауырым Талғат! Мен жоқпын сендерге. «Танымайтын жазығы жоқ милиционерді неге ұрдың?» деп сұрайтының кәміл. Бәлкім, іштей бәрін түсініп сұрамассың да. Сол шіркіндердің көше жиегінде, тал түбінде, әуез жанында жас қыздарды ұстап алып шырылдатып сабағанын көрсең ғой. Қолындағы дойырмен шаптың ішін ала тартып жібергенде әлгі бейбақ жер тіреп тұра алмай қалды, еңгезердей екіншісі сүйрелеп әлгі қызды тор көз машинаға апарып лақтырды. Тағы бір өрімдей бойжеткенді күрекпен шүйдесінен ұрып талдырып түсірді, қыз құлаған жерді қан жуып кетті, «Өлді-ау» деп ойладым, қимылсыз қалған денені былқ-сылқ көтеріп апарып, көк қасқа самосвалға атып ұрды. Ол қыздар алаңға барғанымен ешқандай кінәсі жоқ, үкіметке қарсы сөз де айтқан емес, талшыбықтай талдырмаш жандарды айуандықпен қол көтеріп ұрып жіатқанын көргенде көз алдың бұлдырап, өзінді-өзің ұстай алмайды екенсің.

**7-оқушы:** - Жатақханаға келгенде естідік: біраз қызды қала сыртына шығарып, киімдерін шешкізіп, ақ қар көк мұзға отырғызып, тоңдырып жазалапты. Мені түсінсең де, түсінбесең де бастан кешіргенім, көргенім – осы. Сенен басқа артта қалған ерекшелерім, біріңе аға, біріңе іні ретінде өтінерім: саушылықтарыңды сақтай біліңдер. Мына аз күн жарық дүние, ұлы өмірдің қадіріне жетіңдер.

Алға талпынып оқыңдар, кітаптағы ғұлама ойын, адамзат естелігін бойларыңа сіңіре біліңдер. Ананың ақ сүтін қалай аяқтаймыз деп ойлаңдар, алдынан кесіп өтпеңдер, Меккеге арқалап апар десе де көніңдер.

**8-оқушы:** - Жылдар өтер, айлар ауысар, замана желі бірде оңнан, бірде солдан туар, ешқашан... ешкімге... менің жоғымды жоқтатпаңдар. Жаратқан ие өзі берген жанын өзі алғандай болса – туған жердің топырағы бұйырмайтынын іштей сезем, айтып жүруге, ұмытып кетпеуге ниет қылып ұл-қыздарыңа «Қайрат» деп атымды қойып, «Арайлым» деп аруағымды сыйлап ас беріңдер.

**9-оқушы:** - Осы жазып отырған ақтық хатымды қолдарыңа тигізген адамға астына ат мінгізіп, иығына шапан жаппасаңдар да, адамгершілікпен қарсы алып, жақсылығын жақсылықпен қайтарыңдар. Тар қапастағы ақтық күндерімді осы азаматтан естіп білесіңдер. Не айтайын, хош, көкешім Талғатым, мен сендерге енді жоқпын. Батар күнге карап бата қылыңдар, әумин...

*(Барлық жұрт орындарынан тұрып 1 минут Желтоқсан құрбандарын еске алады. Жеті нан таратылады).*

**Жүргізуші:** - Бұл күнде Қайраттың абақтыдан жеткен өлеңдерін, жалынды сөздерін бүкіл әлем ұйып тыңдайды. Орман мүлгіп, дала тыншиды... Бас бостандығымыз үшін мерт болған батыр ұланын мақтаныш тұтқан. Туған халқыңда оның ерлігін мәңгілік қастерлеп өтуді парыз санап, мектептер мен көшелерге, мәуелі гүлзар бақтарға Қайрат есімін беруде. Бәрі де орынды. Бәрі де заңды. Желтоқсанның мезгілсіз аққан жұлдызы өз орнында, шырқау биікте тұруға тиіс.

Бүгінгі іс-шараны белгілі ақын Мұхтар Шахановтың мынадай өлең жолдарымен аяқтайық.

**10-оқушы:** - Оралу (немесе Қайрат ескерткішін ашардағы сөз).

Дархандық пен кенделіктің,  
Адамдық пен пенделіктің  
Арасында мәңгі итжығыс түсіп  
Жатқан осы алапат майданды  
Жігеріңмен көктеп өтіп,  
Төбең бір сәт көкке жетіп,  
Өз өлкеңе ескерткіш боп  
Оралдың ба, айдарлым?!  
Жетекке алып саналы арман,  
Бүршігіңді жаңа жарған шағыңда  
Денең қалып сонау  
Семей түрмесінің маңында,  
Рухыңмен туған өлке топырағын  
Қайта бастың кемелдеп,  
Ара жігін ерлік пен ездіктің  
Бір-ақ қадам екендігін дәлелдеп.  
Қиын сәтте жалау еткен намысын,  
Бағың жансын, қайсар ұлым,  
Жанын қиған ары үшін.  
Алматыға Ноғайбайдың  
Перзенті боп аттанып,  
Бар қазақтың мақтаны боп  
Қайта оралған арысым!  
*«Елім менің» әні орындалды.*

Рауа ТОҒЫЗБАЕВА,  
Алдашбай Ахун ауылындағы  
№111 орта мектептің  
мұғалімі.  
Қызылорда облысы,  
Қармақшы ауданы.

## **«ӘДЕБИЕТ – СЫРЛЫ ӘЛЕМ» ФАКУЛЬТАТИВ КУРСЫ**

*(9-11-сыныптар)*

Аптасына – 2 сағат, жылына – 68 сағат

Орта мектепте оқытылатын пәндер жүйесінде әдебиеттің алатын орны мен маңызы айырықша. Әдебиет сабақтары халқымыздың сан ғасырлық рухани қазына байлығынан, сөз өнерінің тарихынан, әр кезеңдерде ғұмыр кешкен қаламгер өмірі мен шығармашылығы, белгілі бір туындылар, олардағы кейіпкерлер әлемі жайында мағлұмат беріп қана қоймайды. Әдебиет сабағы адамгершілікке тәрбиелеу сабақтары ретінде зор маңызға ие. Көркем туындыларды оқыту, түсіндіру, талдау барысында ұстаз әдеби білім беріп қана қоймайды, шәкірттерін адамгершілікке және әсемдікке тәрбиелейді. Ол тәрбиелеу шаралары біржақты бағалаулар арқылы емес, оқушыларды жазушы бейнелеген көрікті әлемге бағыттау, сол сырлы әлемге ұшқыр бала қиялымен, қызу сезім-эмоциясымен саяхат жасата білу, кейіпкерлерді тірі, жанды бейне деп қабылдату, олардың тағдыр-талайына, қиындық-қуаныштарына шәкірттерді психологиялық тұрғыда ортақтастыру, олармен бірге ойлап, бірге қиналу, қуану сезімдерін кештіру арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі мектеп шәкірттерінің әдебиетке, өнерге қызығушылығы,



білімге құштарлығы, жалпы көзқарасы, таным-талғамы басқаша. Бұрынғы елгезек, ізденгіш, тапсырманы мұқият орындауға тырысатын, көркем әдебиетті іздеп жүріп оқитын оқушылар қазір сирек кездеседі. Қазіргі шәкірт те — күрделі бір музыкалық аспап. Құлақ күйін бабымен дұрыс келтіре алмасаң, домбыра дұрыс тартыла ма? Өзің аңсаған қоңыр үнді ести аласың ба? Оқушы да сол секілді, оның да «құлақ күйін» келтіріп алу керек, яғни, сабаққа алдын ала психологиялық тұрғыдан даярлап, тақырыпқа қызықтырып, шығармашылық танымдық белсенді әрекетке тарта білу қажет. Қазіргідей білім алуға, өнерге жастардың ынтасы азайып, самарқаулық күшейген уақытта бұл оңай міндет емес. Бәрі де айналып келгенде ұстазға, оның пәнді, сөз өнерін сүюіне, кәсіби біліктілігі мен шеберлігіне байланысты.

**Факультатив курс міндеті:** оқушыларды сауаттылыққа үйрету; курсқа арналған барлық жоспарлы материалдарды толық игерту; қосымша мәліметтерді іздестіру кезінде әдебиеттерді дұрыс таңдап, орынды пайдалана білуге үйрету; ізденіс жұмыстарына бейімдеу; өз беттерімен жұмыс түрлерін істей білуге дағдыландыру; жұрт алдында өз ойын толық жеткізуге, сөз мәдениетін сақтай отырып тіл шұбарламай, ана тілінде қысылмай, мүдірмей сөйлеуге үйрету.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Өз ойын көркем тілмен жеткізетін, поэзияны сүйетін, сахнада рөлдік ойындар ойнай білетін, әдебиеттің сырлы әлеміне терең бойлай алатын тұлға қалыптасады.
2. ҰБТ-да, пәндік олимпиадада жақсы көрсеткішке жетуіне мүмкіндік мол.
3. Білімділік, біліктілік дағдыларын қалыптастыра отырып ізденімпаз, шығармашыл оқушы қалыптасады.

### **Факультатив курс бағдарламасы**

| р/с | Сабақтың тақырыбы                     | Сағат саны | Мерзімі | Пайдаланылатын әдебиет   | Шығармашылық жұмыс                                  | Көрнекілік       |
|-----|---------------------------------------|------------|---------|--|---|------------------|
| 1.  | Халық ауыз әдебиеті.                  | 1          |         | Халық ауыз әдебиеті.   | Шығарма, эссе жазу.                                 | Буклет.          |
| 2.  | Тұрмыс-салт жырлары.                  | 1          |         | Халық ауыз әдебиеті.   | Қосымша мәлімет жазу.                               | Буклет.          |
| 3.  | Мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар. | 1          |         | «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» кітабы.                        | Адамгершілік жайындағы мақал – мәтелдерді жинақтау. |                  |
| 4.  | «Мың бір мақал» сайысы.               | 1          |         | «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» кітабы.                        | Қосымша мәліметтер жинау.                           | Суреттер.        |
| 5.  | Батырлар жыры, ғашықтық жырлар.       | 1          |         | Батырлар жыры. I,II,III том.                                   | Үзінді жаттау.                                      | Буклет.          |
| 6.  | Ақындар айтысы, шешендік сөздер.      | 1          |         | Айтыс I, II том. «Сөз тапқанға қолқа жоқ», «Үш жүздің билері». | Өлең шығару, шешендік сөздер жаттау.                | Сызба, кестелер. |

|    |                             |   |  |                   |                         |                                   |
|----|-----------------------------|---|--|-------------------|-------------------------|-----------------------------------|
| 7. | Жас ақындар айтысы.         | 1 |  |                   |                         |                                   |
| 8. | Ертегілер, аңыз, әңгімелер. | 1 |  | Қазақ ертегілері. | Ойдан ертегі құрастыру. | Ертегі кейіпкерлерінің суреттері. |
| 9. | Тест тапсырмалары.          | 1 |  | Тестілер жинағы.  | Тест құрастыру.         |                                   |

|     |                        |   |  |   |  |   |
|-----|------------------------|---|--|---|--|---|
|     | Ежелгі дәуір әдебиеті. |   |  |   |  |   |
| 10. | Алып Ер Тұңға.         | 1 |  | Немат Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті». Алма Қыраубайқызы. «Ежелгі дәуір әдебиеті».      | Қосымша мәліметтер жинау.                    |   |
| 11. | Орхон ескерткіштері.   | 1 |  | Орхон жазбалары. А., «Атлас», 2001.   |  | Буклет, (ежелгі түрік мұралары).                        |
| 12. | Қорқыт мұралары.       | 1 |  | «Қорқыт Ата» кітабы.  | Реферат.                                     | Буклет.   |
| 13. | Әбу Насыр әл Фараби.   | 1 |  | Газет материалдары.   | Баяндама әзірлеу                             | Әбу Насыр әл Фараби портреті.                           |
| 14. | Ахмет Иассауи.         | 1 |  | Қазақ елінің жарық жұлдыздары. «Диуани Хикметтегі сопылық сарын «Ұлағат» 2003, №1 (10-бет). | Адамгершілік туралы нақыл сөздерін жинақтау. | Ахмет Иассауи кесенесі, шығыс ақындарының өлең-жырлары. |
| 15. | Жүсіп Баласағұни       | 1 |  | «Ұлағат», 2003, №2 (48-бет).  | Қосымша мәлімет жинақтау.                    |   |

|     |                                   |   |  |   |                           |  |
|-----|-----------------------------------|---|--|---|---------------------------|--|
| 16. | Махмұд Қашқари.                   | 1 |  | Алма Қыраубайқызы. «Ежелгі дәуір әдебиеті». | Қосымша мәлімет жинақтау. | «Қаз. мектебі» журналы. Қашқари жасаған карта. |
| 17. | Рабғузи киссалары.                | 1 |  | Алма Қыраубайқызы. «Ежелгі дәуір әдебиеті». | Қосымша мәлімет жинақтау. |  |
| 18. | Сәйф Сараи.                       | 1 |  | Алма Қыраубайқызы. «Ежелгі дәуір әдебиеті». | Көргішкелер әзірлеу.      |  |
| 19. | Қорқыт мұралары (зерттеу жұмысы). | 1 |  |   |                           |  |
| 20. | Әлемнің екінші ұстазы (шығарма).  | 1 |  |   |                           |  |
| 21. | Сынама тест.                      | 1 |  | Тестілер жинағы.                            |                           |  |
|     | XV-XVIII ғ. әдебиеті.             |   |  |   |                           |  |
| 22. | Жыраулар поэзиясы.                | 2 |  | «Бес ғасыр жырлайды».                       | Үзінді жаттау.            |  |
| 23. | Бұқар жырау.                      | 1 |  | «Бес ғасыр жырлайды».                       | Толғауларын жаттау.       |  |
| 24. | Сынама тест                       | 1 |  |   |                           |  |
|     | XIX ғ. әдебиет.                   |   |  |   |                           |  |

|     |   |   |  |                                     |  |                                       |
|-----|---|---|--|-------------------------------------|--|---------------------------------------|
| 25. | Зар заман ақындары.   | 2 |  |                                     | Шағын оқиғалық шығарма жазу.             |                                       |
| 26. | Тұрмағанбет Ізтілеуов.  | 2 |  | Назым. Тұрмағанбет. I, II, III том. | Адамгершілік жайындағы өлеңдерін жаттау. | Тұрмағанбет ұрпақтары (буклет).       |
| 27. | Тұрмағанбет оқулары.  | 1 |  |                                     |  |                                       |
| 28. | Махамбет Өтемісұлы.   | 2 |  | Өлеңдер жинағы.                     | Махамбет патриот ақын (реферат жазу).    | Махамбет портреті, буклет.            |
| 29. | Махамбет – егемен елдіктің өшпес рухы (өлеңдерін мәнерлеп оқу). | 1 |  |                                     |  |                                       |
| 30. | Ыбырай Алтынсарин шығармалары.                                  | 2 |  | «Таза бұлақ».                       | Әңгімелерінен көріністер дайындау.       | Ыбырай портреті, хронологиялық кесте. |

|     |                    |   |  |                                       |                                 |   |
|-----|--------------------|---|--|---------------------------------------|---------------------------------|---|
| 31. | Абай.              | 3 |  | Абай өлеңдері, Абай энциклопедиясы.   | Абай-дара, Абай – дана қазақта. | Портрет, буклеттер.                     |
| 32. | Абай өлеңдері.     | 1 |  | Абай өлеңдері, «Абай» энциклопедиясы. | Өлеңдерін жаттау.               | Портрет, буклеттер.                     |
| 33. | Абай поэмалары.    | 1 |  |                                       | Сахналық қойылым                |   |
| 34. | Абай қара сөздері. | 1 |  | Абай қара сөздері.                    | Абай қара сөздерін жаттау.      | Абай қара сөздерінен алынған үзінділер. |

|     |  |   |  |                                      |                               |                      |
|-----|--|---|--|--------------------------------------|-------------------------------|----------------------|
| 35. | Абай әндері.                                       | 1 |  |                                      | Абай әндерін орындау.         |                      |
| 36. | Абай аудармалары.                                  | 1 |  | Абай аудармалары.                    | Үзінділер жаттау.             |                      |
| 37. | Шәкәрім шығармалары.                               | 2 |  | Шәкәрім өлеңдері.                    | Өлеңдерін жаттау.             | Шәкәрім портреті.    |
| 38. | Абай мен Шәкәрім оқулары.                          | 1 |  |                                      |                               |                      |
| 39. | Ана – тіршілік тірегі (шығарма).                   | 1 |  |                                      |                               |                      |
| 40. | Сәйкестік тестісі.                                 | 1 |  |                                      | Тест құрастыру                |                      |
| 41. | Мұхтар Әуезов шығармалары.                         | 3 |  | М.Әуезов. I, II, III, IV, V томдары. | Реферат жазу.                 | Хронологиялық кесте. |
| 42. | Мұхтар шығармаларынан драмалық қойылым.            | 1 |  |                                      |                               |                      |
| 43. | Мұқағали Мақатаев.                                 | 1 |  | «Жырлайды жүрек», «Аманат».          | Өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқу. | Буклет.              |
| 44. | «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы бойынша дебат сабақ. | 1 |  |                                      |                               |                      |

|     |   |   |  |                            |                           |  |
|-----|---|---|--|----------------------------|---------------------------|--|
| 45. | Мұқағали оқулары.                                     | 1 |  |                            |                           |  |
| 46. | Менің Отаным – Қазақстан (шығарма).                   | 1 |  |                            |                           |  |
| 47. | Әлем әдебиетіне шолу.                                 | 1 |  |                            |                           |  |
| 48. | Әбілхасан Рудаки.                                     | 1 |  |                            |                           |  |
| 49. | М.Фраги.  | 1 |  |                            |                           |  |
| 50. | Александр Пушкин.                                     | 1 |  | Александр Пушкин өлеңдері. |                           |  |
| 51. | Расул Ғамзатов.                                       | 1 |  |                            | Қосымша мәліметтер жинау. |  |
| 52. | Шыңғыс Айтматов.                                      | 1 |  |                            | Сұрақтар әзірлеу.         | Шыңғыс Айтматов портреті, хронологиялық кесте. |
| 53. | Шыңғыс Айтматов. «Найман ана» әңгімесі бойынша дебат. | 1 |  |                            |                           |  |
| 54. | Шығармашылық жұмыс.                                   | 2 |  |                            | Білім сайысы-2010.        |  |
| 55. | Сынақ хат.  | 1 |  |                            |                           |  |
| 56. | Елтаңба – елдігімнің айшығы (шығарма).                | 1 |  |                            |                           |  |
| 57. | Қайталау.   | 1 |  |                            |                           |  |

Сандуғаш ОРАЗОВА,  
Алматы қаласындағы  
№139 балабақшаның  
тәрбиешісі.

## ӘДЕПТЕН АСПАЙМЫЗ, ТАЗАЛЫҚТЫ САҚТАЙМЫЗ

**Мақсаты:** туған ауыл, қалаға, көшеге ыстық ықыласпен қарауға баулу; балаларға экологияның тірі ағзалар үшін маңызы туралы түсінік беру; адам еңбегін бағалауға және табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** суреттер, көліктің түрлері, ағаштар, гүлдер, т.б.

### Сабақ барысы.

- Балалар, бүгін бізге келген қонақтармен танысып алайық.

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды қаламыз,

Жайнай түссін қаламыз.

Қайырлы таң, қонақтар,

Қайырлы таң, достарым!

Бүгінгі оқу іс-әрекеттерімізді ізгі ниетпен, жақсы тілекпен, жылы лебіздермен бастасақ.

*1. Қаламыз көркейе берсін. 2. Күніміз жарқырасын. 3. Аспанымыз ашық болсын. 4. Деніміз сау болсын. 5. Қаламыз гүлге толсын. 6. Табиғатымыз таза болсын. 7. Жеріміз дәнге толсын. 8. Елімізде татулық болсын. 9. Балабақшамызда бала көп болсын. 10. Таза болсын табиғат, Қорғап жүрсін адамзат.*



Өте жақсы тілектер, сендер ауырмай үлкен азамат болындар.

Балалар, біз не көріп тұрмыз?

- Кең жол, машиналар, көп қабатты үйлер, дүкендер, жасыл желек ағаштар, т.б.

- Ендеше, балалар, қаламызға жақынырақ барып, дауысын естіп, қаламыздың тазалығын, әдемілігін көріп, танысып қайтайық. Бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы –

**Әдептен аспаймыз, тазалықты сақтаймыз.**

- Балалар, қараңдаршы, қаламыз қандай көркем, сұлу, әдемі. Бұл көше кімнің құрметіне берілген?

- Мұқағали Мақатаев.

Күтпеген сәт. – Ой, балалар, қараңдаршы, міне, керемет, мына шар қайдан ұшып келген? Шардың түсі қандай? Шардың пішіні қандай?.. Шармен бірге ғажайып бір тапсырма келген екен? Қане, ішін ашып көрейік, не бар екен?

Тапсырма: Ағаш, жол, көлік, қала туралы қандай жұмбақ, тақпақ білесіңдер?

1. Көк орманда ну ағаш

Өскен жақсы аралас.

Жапырағым жап-жасыл,

Өсе берем сан ғасыр.

2. Ұзын-ұзын, ұзын жіп,

Ұшына шыққан жан бар ма,

Ақырын басқан жан бар ма?

Ұшына шықпас жалғанда (жол).

Күзде киімін тастайды,

Көктемде киіне бастайды (ағаш).

Арқасында ауыл жүр,

Ала тайым шауып жүр (автобус).

- Балалар, біз санауды білеміз, ендеше 1-ден 20-ға дейін тура және кері санап берейікші... Енді мына көшедегі көліктерді санап көрейікші, көліктердің түсі қандай? ...

Пішіні ше?... Бағдаршамның неше көзі бар? ... Көздерінің пішіні қандай? ...

Өткен оқу іс-әрекетіміздегі бағдаршам туралы өлеңді есімізге түсірейікші...

Көліктен не шығады?.. Көліктен шығатын түтіннен қандай зиян бар?

- Ауаны ластайды.

- Көліктен шыққан түтін ауаны ластайды, адам денсаулығына зиян. Ауа таза болу үшін не істер едіңдер?

*1. Ауаны былғайтын көлік түрлерін азайтар едім. 2. Мен ағаштар гүлдер отырғызар едім. 3. Бау-бақша отырғызар едім. 4. Зауыттар мен фабрика қаланың алыс шетіне салдырар едім.*

1. Көк түтінге тұншығып,  
Аяқ асты тапталып,  
Жатыр қанша гүл солып?!

2. Жер шары – дәу әлем      3. Өмір сүріп тамаша,  
Қоршаулы ауамен.      Қуанайық балаша.  
Ауасыз кім шыдар,      Таза болса қаламыз,  
Ауасыз тұншығар.      Болар бәрі тамаша!

- Дұрыс айтасындар, балалар, қаламызды көркейту, сендердің қолдарыңда, сендер өз үлестеріңді қосуларың керек.

**Көрініс.** Балалар ойнауға барады. Ойнап отырып, сынық ойыншықтар, қағаздар тастап кетеді. Әже бақылап отырады. Балалар ойнап болып кетіп бара жатқанда балаларды қуып жетеді.

– Тоқтаңдар, балалар! Менімен бірге жүріңдер. Балаларымына алаңды не ғып ластап кеткенсіңдер. Қоршаған ортаның бәрі – біздің жеріміз, еліміз. Жерімізді, елімізді, табиғатымызды ластамаймыз. Қоқыс салатын ыдыс бар, соған салады. Сендердікі дұрыс емес.

Сол кезде басқа балалар келеді.

– Мына алаңға не болған? Кімдер лаптап кеткен?

Балалар, қане бәріміз жабылып алаңды жинайық.

(Балалар жинайды).

Жинап болған соң әжеден кінәлі балалар кешірім сұрайды.

Әже: – Балалар, естерінде болсын. Келешек жарқын болашағымыз сендердің қолдарыңда. Қаланың тазалығын сақтауымыз керек, сонда ғана біздің қаламыз көркейеді.

Бала: – Менің кішкентай достарым! Көшеде, аулада немесе орманда бейберекет лақтырып тасталған қоқыстар біздің жеріміз бен табиғатымызды қатты лаптап, өлшеусіз залал келтіреді.

– Балалар, бәріміз еңбектеніп ауланы жинадық. Енді еңбек туралы мақал-мәтел айтайық.

1. Еңбек етсең – емерсің.

4. Гүл өсірсең терлеп,

2. Еңбегі аздың өнбегі аз

Мұны аты – еңбек.

3. Бір тал кессең он тал ек.

- Балалар, әжеміз бізге ақылын айтып дұрыс жол нұсқағаны үшін біз өзіміздің білімді ақылды екенімізді көрсетіп, әріптерге байланысты бір сергіту жаттығуын орындайық.

*А* дегенде қолдарын көтеріп шапалақтайды (қуаныштың белгісі).

*У* дегенде қолдарын алға созады (шексіздіктің белгісі).

*О* дегенде қолдарын дөңгелетіп ұстайды (қанағаттың белгісі).

*Е* дегенде қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды.

*И* дегенде бір қолдарын жоғары, бір қолдарын төмен созады (тепе-теңдік белгісі).

Осы бес белгіні адамдар ұстана білсе, келешегіміз жарқын, қаламыз көркейіп, елімізде тыныштық болады.

Суретке қарап әңгіме құрастыру.

Балалар көрген, естіген, білгендерін қағаз бетіне түсіреді.

## «ҮРКЕР» РОМАНЫНДАҒЫ ЕСЕТ КӨКІҰЛЫНЫҢ БЕЙНЕСІ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресте есімі елге танылған әйгілі батыры Есет Көкіұлының ерлік, батырлығын романдан оқытып меңгерту, Есет батыр тұсында өмір сүрген басқа да тарихи тұлғалар жөнінде оқушыларға қысқаша түсінік беру; **дамытушылық** – оқушыларды романның идеялық мәнін түсіне білуге, образға өзіндік талдау, жинақтау жасау, ойлай білуге дағдыландыру, жеке, топтық жұмыста шапшаңдық, тапқырлық танытуға, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге төселдіру; **тәрбиелік** – Есеттің ерліктерін, батырлығын айта келіп оқушыларды Отанын сүйуге, адамгершілікке, елін құрметтеуге, инабаттылыққа тәрбиелеу.

**Әдісі:** баяндау, талдау, сұрақ-жауап, СТО стратегиялары.  
**Көрнекілігі:** 1) Есеттің жауынгерлік суреті, 2) Ақтөбе облысының картасы, 3) «Қазақтың Есеттері», «Қарабура» (плакаттар), 4) «Қырымның қырық батыры» жыры, Мұрын жырау суреті, 5) Айрақты тауының суреті.

### **Сабақтың жүрісі.**

Үйге «Үркер» романынан Есет батырға қатысты мәліметтер тауып келу тапсырылған болатын.

- Оқушылар, бүгін біздің өтетін сабағымыз «Үркер» романындағы батыр Есет Көкіұлы туралы болмақ. Қазақтың Есет батыры туралы естігендерің бар ма?

Есеттің шыққан төмендегі тегі жайлы оқушыларға түсіндіріп өтемін: (Тама, Қарабура, Нәрік, Шора,

**Есенгелді, Атамшыл, Торым, Базарқұл, Көкі, Есет).**

**Тама** – Шыңғыс хан сайлауында белсенділік көрсеткен тама тайпасының шығыс батыс жорықтарына қатысқан әйгілі батыр.

**Қарабура** – Қожа Ахмет Иассауиді ақтық сапарға ақ жуып аттандырған, оның рухани шәкірттерінің бірі, үлкен қасиет иесі. Есімі халық арасында құрметпен аталады. Нәрік, Шора, Есенгелді, Атамшыл, Торым, Базарқұл – «Қырымның қырық батырында» суреттелетін батырлар.

**Көкі.** Жауға үнемі тайсалмай шабатындықтан «Таймас батыр» деген ат алған. Тарихшылар Салқам Жәңгір хан жоңғардың 50 мыңдық әскеріне 600 жауынгермен қарсы тұрып шайқасып жатқанда, 20 мың әскермен көмекке келетін Жалаңтөс баһадүрдің әскерінің ішінде осы Көкі батырдың да болғандығын, сонда оның шеп бұзып үлкен ерлік көрсеткенін жазады.

**Оқушылар сендерге алдын ала тапсырма берілген, соны тыңдаймыз.**

**1-оқушы.** Атақты Көтібар Бәсендеұлы қалмақтарды қуып қайтқан сапарында қатты жаңбыр жауып, жолдағы Есет Көкіұлының зиратына келіп түнейді. Түсінде Есет батыр Көтібарға ақбоз ат мінгізіп, ол атпен батыр көкке көтеріліпті. Түсін жақсылыққа жорыпты. Ертеңінде Шалқар көлінің басында отырған ауылына келсе, әйелі босанып ұл туыпты. Түсінде аян берген батырдың атын ұлына қойыпты. Тарихта мәңгілік есімі қалған сол – Есет Көтібарұлы.

**2-оқушы.** Есет Көкіұлы – 1667-1749 жылдар аралығында Әбілқайыр хан тұсында өмір сүрген әйгілі батырлардың бірі. Кіші жүздің Тама руынан шыққан.

Есет жауынгерлік заманда туып, күреспен есейіп, ер жеткен тұрғыластары сияқты ел қорғау жорығына ерте араласады. Жеке ерлігімен көзге түсіп, батыр атанады. Тәуке хан тұсындағы жеңісті шайқастарда Есет батыр Кіші жүз қолын бастайды. Осындай шайқастардың бірінде найзагерлігімен көзге түсіп, ерен ерлік көрсеткен. Есетке

риза болған Тәуке хан кейін шақырып алып: «Айбатың аса түссін, найзаң мұқалмасын, ел намысы тұздығың болсын» деп бата берген.

**3-оқушы.** «Үркер» романында былай суреттелген: Есет батыр әйгілі «Ақтабан шұбырындыдан» кейін ел болып бірігіп, жоңғарларға алғашқы алапат соққы берген Бұланты шайқасына қатысып, езілген елдің еңсесін көтерткен Ұлы жеңіске өз үлесін қосады. Ал тарихи бетбұрыс жасаған Аңырақай соғысында ол кіші жүз құрамының туын көтерген атойшы болады.

Есет батырдың кейінгі өмірі Әбілқайыр ханның саясатымен тығыз байланысып жатады. Ханның қасында болып, ақыл-кеңесін береді, хан мен халық арасына түскен жарықшақты дәнекерлеп біріктірушісі болады. Әсіресе, хан басына үйірілген қауіп бұлтын сейілтуде ол сол кездің тарихи ірі тұлғалары Бөгенбай, Жәнібек батырлармен бірлесе отырып, оған үлкен көмек көрсетеді.

**Сұрақ:** Есет батыр жайлы ертеден Маңғыстау өңірінде де бірнеше аңыздар айтылады, соны кім айтады?

**4-оқушы.** Бейнеу ауданының Тоқсанбай бағытына жүргенде Ырғызбай-Қарасайдың тұсынан оңтүстік шығысқа қарағанында адамның имек тұмсығына ұқсас «Тама Есет батырдың тұмсығы» деген жер көрінеді: Қалмақтардың үстірт Маңғыстауды билеп тұрған кезі болса керек. Қазақтар қолы таудың астындағы жауды ала алмайды. Таудың асты - бұлақ. Шұрқыраған көк алалы жылқы су ішіп, шығып бара жатады. Алдындағы таудан түсіп кеткен аттылардың қайдан түсіп жүргенін білмей аң-таң болған әскер сол таудың үстіне түнеп, таңертең ерте қарап тұрса, шұбырып таудан шығып бара жатқан құландарды байқап қалады. Келіп көрсе, бір аяқ қия жол. Сол арқылы барып, қалмақтарды тас-талқан етеді.

**5-оқушы.** Кіші жүз әскері Маңғыстаудағы қалмақтармен қазіргі Шетпе елді мекенінің Бозашы бағытындағы «Иір» жерінде соғысады. Соғыстың қатты болғандығы сондай – ойқанға бөгіпті. Есет батыр шатырын Айрақтының үстіне тігіп,

ара-тұра демалады екен. Соғыстан кейін Есет батыр ауырады да, өлетінін біліп өсиет айтады. Есеттің қосын артатын ақ атаны бар екен. «Ақ атанның шөккен жеріне жерлерсіңдер» дейді. Осы қаралы керуенді Атағозы бастап барып жерлепті деген аңыз бар... Ал орыс саяхатшыларының кітаптарындағы деректерде Әбіш Кекілбайұлы Есет батырды орыстардың «Есет Айрахтинский» деп атағанын айтқан еді.



Айрақты тауы. Е. Залесский. 1865.

- Оқушылар, бүгін біз Әбіш Кекілбаевтың “Үркер” романындағы қазақтың батыры Есет Көкіұлы жайлы біршама материалдармен таныс болдық. Енді осы бойынша сендердің тақырыпты қаншалықты меңгергендеріңді сынау үшін, бекіту мақсатында батырдың кім екенін барлығымыз бірлесе отырып топтастыру жасайық.

**Қорытынды.** “...Темір даласында тағы да бір “Қалмақ қырылған” ат қалды. Бұл шайқаста әсіресе, Көкінің баласы Есет батыр күркіреді. Мынау тақтайдай тегіс қара дөңде бір кезде арғы бабасы Қарадөң, одан бергі Жұбаныш, Сүйініш, Бегіс, Көгіс, Тамалар талай ойнақ салыпты. Сүйініш бабасы дәл осы Темірдің жағасында бір өзі мың қолмен алысып жеңіпті. Ноғай мен қазақ жыр қылып қақсап келе жатқан бұл қоныста бала кезінде өздері де талай қыстап, талай жайланған-ды. Оның батыр аты алғаш рет осы ұшан далада шыққан-ды”.

**Үйге тапсырма:** 1) Есет батыр туралы ел аузынан әңгімелер жинау; 2) «Есет батырдың ерлігі – елге аңыз» (ой-толғау жазып келу).

Дана ИКАПОВА,  
Қазақ-Америка университетінің  
ассоц.профессоры, п.ғ.к.

## ҚЫСТЫРМА СӨЗДЕРДІ МЕҢГЕРУДЕГІ ҚИЫНДЫҚ

Айтушының өз ойына қатынасын білдіру мақсатында сөйлем ішіне кірістірілетін оқшау сөздердің түрін қыстырма сөздер деп атайды. Мысалы: *Әрине, оқуымды жалғастырамын.* Қыстырма сөздер құрамына қарай дара қыстырма сөз болады. Мысалы: *Біріншіден, мені мұқият тыңдаңыз.* Кейде қыстырма сөз тіркесі түрінде де келеді. Мысалы: *Бақытыңа қарай сені сұрамады.*

Қыстырма сөздердің өзіндік мынадай белгілері бар:

1. Қыстырма сөз бір сөзден де, бірнеше сөзден де жасалады.
2. Қыстырма сөздер сөйлем мүшесі болмайды.
3. Кейбір қыстырма сөздер бірде сөйлем мүшесі де болады.
4. Қыстырма сөздер мағынасына қарай қуанышты, аянышты, өкінішті, сену, мақұлдау, мойындауды білдіретін қыстырма сөздер болады.
5. Қыстырма сөздер сөйлемнен үтірмен және сөйлем күйінде келгені жақшамен бөлінеді, оқшауланады.

Нақты белгілері болса да, студенттердің меңгеруіне қиындау тиетін оқшау сөздің бір түрі қыстырма сөздер болып табылады. Мұның қиын болатын себебі: біріншіден, қыстырма сөздердің мағынасын студенттерге бірден аңғарта қоятын тұлғасы жоқ, екіншіден, қыстырма сөздердің түрлері тым көп: үшіншіден, қыстырма сөздер деп танылып жүрген сөздер бірде қыстырма сөздердің қызметін атқарса, бірде сөйлемнің белгілі бір мүшесі болады. Қыстырма сөздердің түсіндірілуіне ерекше мән берілуі тиіс.

Қыстырма сөз сөйлем күйінде келсе, екі жағынан не



жақша, не сызықша қойылатынын, жеке сөз тізбегі күйінде келгенде, сөйлемнен үтірмен бөлініп жазылатынын түсіндіру керек. Мысалы: *Рас, біз бір-бірімізге қатты ұқсаймыз. Ұялғаннан шығар, әйтеуір, келмеді. Шақырғанда келмедің, ұмытып кеттің-ау, сірә.* Түсіндіріліп көрсетілген жағдайда ғана студенттер қыстырма сөзді және оның тыныс белгілерін жетік меңгере алады.

Қыстырма сөздер бірде қыстырма, бірде сөйлем мүшесі болғанда, қайсысы қыстырма, қайсысы сөйлем мүшесі екенін ажырату үшін ол сөзге сұрақ қою керек. Егер сөзге сұрақ қойылмаса және оны сөйлемнің ішінен алып тастағанда сөйлемнің мағынасы өзгермесе, онда ол сөз – қыстырма. Егер ол сөз жеке өзі немесе басқа сөзге тіркесе келіп сұраққа жауап берсе, оны сөйлемнің ішінен алып тастағанда сөйлемнің мағынасы өзгерсе, онда бұл сөз – сөйлем мүшесі.

Мысалы: *Мүмкін, сіз ертең театрға барарсыз. Ертең театрға баруыңыз мүмкін.* Бірінші сөйлемде мүмкін деген сөз – қыстырма, ал екіншісінде сөйлем мүшесі. Осылай талдай отырып, сөздің қандай жағдайда қыстырма, қандай жағдайда сөйлем мүшесі болатынын көрсетуге болады.

Қыстырма сөздер мынадай негізгі мағыналарда қолданылады. 1. Сөйлеушінің әр түрлі көңіл-күйін білдіреді: шіркін, амал қанша, бағымызға (бақытына) орай, өкінішке қарай. Мысалы: *Өкінішке қарай, сізбен бірге бара алмаймын.* 2. Айтылған ойға сенім, жорамал, күдік, болжау мәндерін қосады: сірә, әрине, мүмкін, сөз жоқ, сөзсіз, шамасы. Мысалы: *Шамасы, оның қолы тимеді.* 3. Ойдың айтылу тәртібін, жүйе, ретін білдіру, топшылау, қорыту мәнінде жұмсалады; демек, қысқасы, жалпы алғанда, ақырында, міне, сонымен. Мысалы: *Ұзын сөздің қысқасы, біз бұл жоба бойынша жұмыс істейміз.* 4. Айтылған ойға сөйлеушінің өзінің я басқа біреудің көзқарасын, кімнің пікірі екенін қоса білдіру үшін жұмсалады: меніңше, сізше, оның ойынша, оның

айтуынша, мен білсем, айтуына қарағанда. Мысалы: *Мен білсем, ол бүгін келмейді.* 5. Айтылған ойлардың өзара байланысын, жалғасы ретінде білдіреді; біріншіден, екіншіден, бір жағынан, екінші жағынан, сонымен. Мысалы: *Бір жағынан, оның сөзінің жаны бар.*

Қыстырма сөздерді осы көрсетілген мағыналарында дұрыс қолданса, айтайын деген ой көркем, әдеби тілмен жеткізе сөйлеудің стильдік реңі өзгеше мәнерлі болады.

Қыстырма сөздер әр түрлі сөз таптарынан жасала береді. Олардың ішінде үнемі қыстырма сөз болып қолданылатын сөздер де бар. Оларға *әрине, сірә, міне, тегі, мәселен, мысалы* сияқтылар жатады. Қыстырма сөз сөйлемнің басында, ортасында, ең соңында тұра береді. Қыстырма сөздерді студенттерге меңгертуде төмендегідей жұмыстарды орындатуға болады.

**1-тапсырма.** Қыстырма сөздерді тауып, тыныс белгілерін қойып көшіріңіз.

Сонымен көшіп келеді ме? Кім біледі жақсы маман болып кетерсің. Мүмкін сіз қателесетін шығарсыз. Айтпақшы бүгін оның туған күні ғой.

Ұмытпасам шешесінің аты – Күләш. Сөйтіп біз жүріп кеттік. Шамасы ол бүгін келе алмайды. Мен білсем ол ешқайда бармады. Бір жағынан сіздің ойыңызбен келісуге болады. Жалпы алғанда бұл жаман ой (ұсыныс) емес. Менің ойымша оның себебі бар. Мүмкін ол бүгін кешке ұшып келер.

Меніңше бұл адамның өзіне байланысты. Оқытушының сөзіне қарағанда біз ертең өздік жұмысын жазамыз.

Бақытымызға орай үлгердік. Сөзсіз сіздің айтқаныңыз дұрыс. Біріншіден сабаққа кешігуші болма.

**2-тапсырма.** Берілген қыстырма сөздермен сөйлем құрастырыңыздар.

Бәсе, рас, мүмкін, әрине, мәселен, демек, сізше, сөзсіз,

мен білсем, шамасы.

**3-тапсырма.** Қыстырма сөздердің мағынасын анықтаңыздар.

Әлбетте, сірә, жалпы, біріншіден, турасын айтқанда, жасыратыны жоқ, қайтсін, бір жағынан, сөзсіз, қысқасы.

**4-тапсырма.** Қыстырма сөздердің қызметін анықтаңыздар.

Бүгін келуі де мүмкін. Мүмкін, келіп қалар. Рас айтасың, өте әдемі екен. Рас, мен бұл туралы кейін білдім. Сонымен бәрі бітті. Сонымен, кімде қандай сұрақтар бар? Әрине, оқуымды жалғастырамын. Шынымды айтсам, барғым келмейді.

Қыстырма сөздер жүйелі түсіндірілсе, жаттығу жұмыстары орындалса, студенттер оларды саналы түрде меңгере алады.



Жанаргүл ҚУАНЫШЕВА,  
Ақтөбе қаласындағы  
№50 орта мектептің мұғалімі.

## АБАЙДЫҢ «ЕСКЕНДІР» ПОЭМАСЫ

*(9-сынып)*

**Сабақ мақсаты:** 1) поэманың мазмұнын, идеясын, астарындағы тарихи шындықты таныстыру; 2) адамның іс-әрекеті арқылы өмір заңдылықтарын, адамдар арасындағы қарым-қатынас жасау жолдарының маңыздылығын түсіне білуге үйрету; 3) сыпайылыққа, адамгершілікке, мейірімділікке, білімді бағалай білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** сын тұрғысынан ойлау сабағы. **Әдіс-тәсіл:** кубизм, сұрақ-жауап, сахналау. **Көрнекілік:** жинақ, портрет, нақыл

сөздер, тарихи ескерткіштер көрінісі, сызбалар (слайд түрінде). **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі, ән.

## **Сабақ барысы.**

### **I. Қызығушылығын ояту.**

Оқушылар Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі арқылы топқа бөлінеді.

**Мен – ақынмын**

**Мен – батырмын**

**Мен ... қараймын**

**Мен ... санаймын**

**Сұрақ-жауап** /оңайдан күрделіге қарай/:

1. Әдеби тіл мен халықтық тілдің байланысы бар ма?
2. Халық тілінің Абайға әсері болды ма? 3. Абай әдебиет әлеміне өзгеріс әкелді ме? 4. Абайдың сөз өнеріне, өлеңге қатаң талап қойғаны өз шығармаларынан байқала ма?
5. Әдеби тіл мен халықтық тілдің айырмашылығы неде?
6. Абай халықтық тілден не алды, қалай алды? 7. Абай әдеби тілге қандай өзгеріс енгізді? 8. Абайдың сөз өнеріне деген талғам, талабына дәлел болар шығармаларынан мысал келтіріңіз.

### **II. Мағынаны тану.**

Бұл тақырыпты әлем қаламгерлері де қозғаған.

Әлем әдебиетінен: Фирдоуси – “Шахнама”; Низами – “Ескендір-нама”; Жәми – “Ескендірдің даналық кітабы”.

«**Кубизм**» әдісі бойынша «Ескендір» поэмасы талданады.

/Поэманы оқып келу үйге тапсырма ретінде берілген./

**1-топ. Баяндаңыз.** Поэмадағы оқиға желісін ретімен баяндаңыз. Шығарма құрылысы туралы не білеміз?

**2-топ. Зерттеңіз.** Шығарма астарындағы тарихи шындық туралы деректер айтыңыз. /Тәуелсіз зерттеушілер алдында ала әзірлеп әкелген мәліметтерін ортаға салады./ Тарихи шығарманың ерекшелігі неде?

**3-топ. Суреттеңіз.** Қақпа алдына келген кездегі

Ескендірдің портреті мен Аристотельдің бейнесін жасаңыз.

Көркем бейне деген не?

**4-топ.**

**Дәлелдеңіз.** Ескендір – батыр. Ескендір батыр емес.

**5-топ. Ұсыныс жасаңыз.** Ескендірдің орнында болсаң, қандай іс-әрекет жасар едіңіз?

Оқушылар осы тапсырмалар бойынша жауаптар береді.

Әр топ өз жауаптарына байланысты слайдтар бойынша сөйлейді.

**Шығарма бойынша тапсырма.**

| Тапсырмалар  | Мәтіннен көрсетіңіз. |
|--|----------------------|
| 1-топ. Ауыспалы мағынадағы сөздер.<br>2-топ. Антоним сөздер.<br>3-топ. Көнерген сөздер.<br>4-топ. Шығармадан алар даналық ой.<br>5-топ. Шығарма идеясына сәйкес мақал-мәтел ойлаңыз. |                      |

**III. Ойтолғаныс.** Абайдың өлең жолдары арқылы қорытындылау.

**Малда да бар жан мен тән,**

**Жүрек, сезім болмаса.**

**Тіршіліктің несі сән**

**Тереңге ден қоймаса?**

Осы бүгінгі сабақ туралы ой, сезімдерін бір сөйлемге сыйғызып жазу тапсырылады.

Оқушылардың жауабын тыңдау.

Тақтада жылқы, музыкант, таразының суреттері ілінген.

Әр оқушы өздеріне берілген түрлі түсті жапсырма қағаздарды өзіне ұнаған сурет астына апарып жапсырады.

**Қорытынды:** әр сурет балалардың түрлі әсерде отырғандығын дәлелдейді.

**Бағалау.**

**Үйге тапсырма:** «Ерлік жасай білеміз бе?» тақырыбына шығарма жазу.

## САЙЫН МҰРАТБЕКОВ. «ЖУСАН ИІСІ»

**Сабақтың мақсаты:** а) оқушыларға жазушының өмірінен мәліметтер беру, көркем шығарманы оқыту арқылы әңгіменің құндылығын таныту, кейіпкерді жан-жақты суреттеуге үйрету; ә) оқушылардың ақыл-ойларын, ой-өрістерін, тіл байлықтарын дамыту; б) адамгершілікке, мейірімділікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақты бекіту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, баяндау, суреттеу. **Көрнекілігі:** жазушының портреті, интерактивті тақта, тірек сызбалар, жусан шөбі. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, биология.

**Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, оқушы зейінін сабаққа аудару, бүгінгі сабақтың мақсатын айту.

- Балалар, біз өткен сабақта 60-90 жылдардағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – жазушы Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесімен таныстық. Енді сендердің осы шығармадан алған білімдеріңді тексеріп көрейін. (Оқушылар екі топқа бөлінген).


**Ойшақыру.** I топқа: 1. Сайын Мұратбеков қай жылы қай жерде дүниеге келді? 2. Қай жылы қай оқу орнын бітірді? 3. «Сайын өзіне ғана тән тақырыптық, жанрлық, стильдік даралығы, ерекше сөз нақылы, ашық үнді өзіндік бояуы бар шығармаларымен танылды» деп пікір айтқан кім? 4. Қай

салада қызмет етті?

II топқа: 1. Жазушының ең алғаш шығармалары қай жылы жарияланды? 2. Повесть деген не? 3. Ел арасына таралған қандай шығармаларын білесіңдер? 4. Жусан қандай шөп?

### I. Кейіпкерлерге талдау.

I топқа: Аянға мінездеме.



II топқа: Мінездемені толықтыру.

### Кім? Қашан? Қайда?

Шығармадан үзінді оқимын. Оқушылар қай кейіпкердің қашан қай жерде айтқанын табады.

I топқа: 1. «Желкең қиылғырлар-ай! Соғыс аздай, бұл атысып ойнайды дегенді қайдан шығарды осылар, басқа ойын аз ба, ей!» (Балалар көшеде атыспақ ойнап жүргенде ары-бері өтіп жүрген кемпір-шалдардың сөзі).

2. «Аяның әжесі өліп қалыпты»

(Сырғанақ теуіп жүрген балалар шүйінші сұрағандай бір-біріне жеткізеді).

3. – Барлық әріптерді неге тезірек үйретпейді екен?

(Аяның мектепке барып жүргендегі сөзі).

II топқа: 1. – Үйбай, бетім-ай, бұ дүбірлеген не десем, мыналар екен ғой, аулақ жүріңдер әрі, өй, өңшең топырлаған немелер! Онысы несі-ей, тап терезенің түбіне кеп үймелегендері! (Бапайдың кемпірінің ертегі тыңдап отырған балаларды қуып жібергенде айтқаны).

2. «Ағанды анау Жусанды төбенің үстінде мал қайырам деп жүргенде, айдалада тапқанмын» (Әжесінің сөзі).

3. – И-и, жаман ит үргіш келеді, мына біздің ұл мылжың көрінеді ғой. (Бапайдың кемпірінің сөзі)

### **Пікірлесу.**

1. Шығарма неге «Жусан иісі» деп аталған? 2. Ертегінің «Баяғыда бір жетім бала болыпты» деп басталуының себебі неде? 3. Аян сендерге қандай әсер қалдырды? 4. Әңгімеші баланың бойынан қандай қасиетті байқадыңдар? 5. Повесть қалай аяқталады?

**Бейнебаян.** Интерактивті тақтадан соғыс кезіндегі және қазіргі уақыттағы жетім балалардың суреті көрсетілді. Алтынбек Қоразбаевтың «Бозторғай» әні тыңдалды.

### **Венн диаграммасы.**

| Соғыс кезіндегі жетім балалар           | Қазіргі кездегі жетім балалар   |
|---|---|
| 1. Жоқшылықтан.<br>2. Соғыс салдарынан. | 1. Тәрбиесіздіктен.<br>2. Ата-анасының құқығынан айырылған балалар.<br>3. Тастанды балалар. |



**Райхан ЕЛАМАНОВА,**  
«Кеңсуат» жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы,  
Есенсай ауылы.

## **АЛЕКСАНДР ПУШКИН. «БАЛЫҚШЫ МЕН БАЛЫҚ»**

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – ертегінің мазмұнын меңгерту, кейіпкерлерге салыстырмалы мінездеме беру арқылы өзіндік қорытынды жасай білуге үйрету;



**Тәрбиелік** – қанағатшылдыққа, ұйымшылдыққа, бір-бірін тыңдай білуге, адамгершілікке тәрбиелеу; **дамытушылық** – шығармашылық қабілеттерін ұштау, сөйлеу тілін дамыту, өз пікірін қорғай білуге дағдыландыру .

**Күтілетін нәтиже:** өз ойын ашық айта алады; мазмұнын меңгереді; жаман мен жақсыны ажырата біледі; өз бетінше қорытынды жасай біледі.

**Қолданылатын әдіс:** «СТО» технологиясының әдістері.

**Не арқылы бағаланады:** мазмұнын айта білгені үшін; топта ерекше көзге түсіп, тобын алға сүйрегені үшін; шығармашылық жұмыстарды жақсы орындағаны үшін.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.** Амандасу. Оқушылардың сабаққа қатыстарын тексеру. Тренинг арқылы оқушыларды үш топқа бөлу .

**Қызығушылықты ояту.**

**1. «Топтастыру» әдісі**



**2. «Болжау» әдісі**

Ертегі не туралы деп ойлайсындар?

**Мағынаны тану.**

**1. « Жигсо» әдісі** арқылы ертегінің мазмұнын меңгерту.

## 2. «Екі жақты түсіндірме күнделік» әдісі

| Не таңдандырды? | Неліктен таңдандырды? |
|-----------------|-----------------------|
|                 |                       |

## 3. «Талқылау картасы» әдісі

Шалдың алтын балықты кемпірінің өтінішін ғана орындау үшін пайдаланғанына келісесің бе?

| Иә | Жоқ |
|----|-----|
| 1  | 1   |
| 2  | 2   |

### Толғаныс.

**1. «Бес жолдық тұжырымдама» әдісі** арқылы ертегі кейіпкерлеріне бес жолды өлең құрастыру. Мысалы:

Зат есім: шал.

Сын есім: жуас, көнбіс.

Етістік: аулайды, ұстады, тыңдайды.

4 сөзден тұратын сөйлем: Шал кемпірінің талабын орындайды.

Синоним: қария.

### Бағалау.

Бағалау парағында осы әдістердің барлығы кестеге түсіріліп берілген.

### Үйге тапсырма:

1. Автор туралы мағлұмат жинау.

2. Топ бойынша ертегі желісімен көрініс көрсету.



РАНО ЭГАМБЕРДИЕВА,  
№1 Ю.Сареми атындағы  
мектеп-гимназия мұғалімі.  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Сайрам ауданы.

## САН ЕСІМНЕН АЛҒАН БІЛІМДЕРІН ПЫСЫҚТАУ

### Жоспары:

1. Төсбелгіні қорғау.
2. «Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады» (Сұрақ-жауап сайысы).
3. «Мақал – сөздің мәйегі» (Мақал-мәтел сайысы).
4. «Ойлы болсаң, озып көр» (Ребустар әлеміне саяхат).
5. Жаттығулармен жұмыс.
6. Шешсең жұмбақ – көңілің тынбақ.
7. Кім көп сөз таба алады? («Мықты болсаң, тауып көр»).

### Сайыс сабақ барысы:

1. Топқа бөлінген оқушылар өз аттарын белгілейді («Барыс»және «Болашақ»), алдын ала дайындап келген төсбелгісін қорғайды (5 ұпаймен бағаланады).
2. «Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады» атты кезеңде әр топ мүшесі қоржын ішінен нөмірленген парақша алады. Сол нөмірге сәйкес келетін конверттің ішіне жасырылған тапсырмаға дұрыс жауап беру қажет.Әрбір дұрыс жауабы үшін – 1 ұпай.
  - 1) Сан есім деген не? Сұрақтарын ата.
  - 2) Сан есімнің мағыналық түрлерін ата.
  - 3) Реттік сан есім жасайтын жұрнақтарды ата.
  - 4) Жинақтық сан есімге жататын сандарды айт.
  - 5) Жинақтық сан есім жасайтын жұрнақтарды тап.
  - 6) Болжалдық сан есімнің сұрақтарын ата.
  - 7) Болжалдық

сан есім жасайтын жұрнақты ата. 8) Болжалдық сан есім цифрмен берілгенде қосымша қалай жалғанады? 9) Топтау сан есім қай септік жалғауы жалғануы арқылы жасалады? 10) Бөлшектік сан есімге мысал айт. 11) Құрамына қарай сан есім нешеге бөлінеді? 12) *Алтау ала болса, ауыздағы кетеді; төртеу түгел болса, төбедегі келеді.* Сөйлемдегі сан есім қызметі.

3. «Мақал – сөздің мәйегі» тақырыбында мақал-мәтел айту жарысы. Сайысқа түсушілер алма-кезек сан есім қатысқан мақал-мәтел айтады. Әрбір дұрыс жауабы үшін 1 ұпайдан беріледі.

4. «Ойлы болсаң, озып көр» кезеңінде әрбір топқа ребус сызылған парақ беріледі. Ребусты дұрыс шешкен топ туған жерге, табиғатқа байланысты нақыл сөзді таба алады. Дұрыс жауабы үшін – 5 ұпай.

1- ребус



”



, с



”

!



, би “



“ 6



с

індер ,



, биғат



2341



12й345,

ғы.

2- ребус



„



, н жер - би

б



.

Жауабы: 1) Жас достар! Табиғатты сүйіңдер, табиғат – Отан байлығы.

2) Туған жер – алтын бесік.

5. Жаттығулармен жұмыс.

6. «Шешсең жұмбақ – көңілің тынбақ» кезеңі.  
Интерактивті тақтада есеп жұмбақ мәтіні шығады.

Он бір түйе, бес жылқы,

Екі сиыр, бес ешкі,

Екі қоян, үш түлкі,

Бәрі нешеу, кім білді? (шешімі - 28 аң)

Жұмбаққа қатысқан сандарды құрамы мен мағынасына қарай талдау.

7. «Мықты болсаң, тауып көр» кезеңі.

«Кім көп сөз таба алады?» сайысы.

Сағат тілі бойынша ешбір әріпті тастамай рет-ретімен 21 сөз тап!



Ұпай санын есептеу. Жеңімпаз топты анықтау. Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды бағалау.

## ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ. «ТОЛАҒАЙ»

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – «Толағай» әдеби ертегісі туралы білімдерін саралау, жүйелеу, ертегінің идеясын анықтау; **дамытушылық** – оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқушылардың көркем шығарма оқуға қызығушылығын арттыру, сондай-ақ өзіндік пікірлерін, көзқарастарын білдіруге қалыптастыру, өз беттерінше ізденуге жетелеу; **тәрбиелік** – ұйымшылдыққа, өзін-өзі басқаруға, бір-бірінің пікірін тыңдап бағалай білуге, қауымдасып жұмыс істеуге, Отанды, елді сүйе білуге баулу.

**Түрі:** сайыс сабақ. **Тегі:** топпен жұмыс. **Әдісі:** психологиялық дайындық, ұжымдық оқыту, талдау-жинақтау, проблемалық сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** сабақ бойынша слайдтар. **Технологиясы:** сын тұрғысынан ойлау. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі, музыка, өзін-өзі тану.

**Сабақтың барысы.**

**Қызығушылықты ояту.**

- Қане, балалар, бәріміз тақтаның алдына қарай шығып, «Шаттық» шеңберін жасап тұра қояйық.

Енді бір-бірімізге бір-бір ауыз сөзбен жақсы тілектер тілейік. Тек біріміздің айтқанымызды екіншілерміз қайталамауға тырысайық. Алақандарымызды ашып көршілеріміздің айтқан ақ тілегін қабылдауды бастайық.

Ұжымдық оқыту әдісі бойынша оларды 3 топқа бөлемін.

### Мақсат қою.


- Балалар, үйге тапсырмаға Әбділда Тәжібаевтың «Толағай» әдеби ертегісі берілген болатын. Ертегіні 3 топтан бір-бір оқушыдан айтып шықсын. Әр топ басшысы топ оқушыларын өздері бағалайды.

### Мағынаны тану.

#### 1. «Топтастыру» стратегиясы.

шыдамды

мерген



Толағай қандай кейіпкер екендігін тақтаға жазу керек.

#### 2. «Ішке-сыртқа» стратегиясы.

Мұнда мәтін бойынша оқушылар «Ішке» деген бөліміне ерізі болған оқиғаларын, «Сыртқа» деген бөліміне мәтінді оқыған кездегі көңілі толмағандарын қысқаша жазу керек.

| ІШКЕ                             | СЫРТҚА         |
|----------------------------------|----------------|
| Алып бала болуы.<br>Мерген болуы | Жаңбыр іздеуі. |

### Ойтолғаныс.

#### 1. Шығармашылық жұмыс.

«Толағай» ертегісіндегі «Ең бақытсыз жан кім?» деп ойлайсыз?

Әр топтан екі оқушының жұмысын тыңдау.

#### 2. «Ортада қаламсап» стратегиясы.

Егер сіз автор болсаңыз, бұл әдеби ертегіні қалай аяқтар едіңіз?

### 3. «РАФТ» стратегиясы.

Толағайға арнап хат жазу.

4. Үйге тапсырма. «Толағай батыр ма?» (Шағын эссе жазып келу).



Рая ҚҰЛБАТЫРОВА,  
«Сарыкөл» орта мектебінің  
мұғалімі.

Ақтөбе облысы,  
Темір ауданы.

## ЗАТ ЕСІМНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) зат есімнен алған білімдерін пысықтау, теориялық білімдерін практикамен ұштастыру; 2) сөз асылын қадірлеп, тілді құрметтеуге тәрбиелеу; 3) ойын түрлері арқылы шығармашылыққа баулу, өз ойын еркін, толық жеткізуге дағдыландыру.

**Типі:** қайталау сабағы. **Түрі:** сайыс сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** сөзжұмбақ, кеспе қағаздар, интерактивті тақта.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.**

**Үй тапсырмасын сұрау** (кеспе қағаздар арқылы).

Сынып 2 топқа бөлінген: I топ – «Тіл», II топ – «Сөз».

I топ сұрақтары (көк түсті кеспе қағаздар):

1. Зат есім деген не? (мысал) 2. Негізгі зат есім деген не? (мысал) 3. Дара зат есім деген не? (мысал) 4. Деректі зат есім



деген не? (мысал)

II топ сұрақтары (жасыл түсті кеспе қағаздар):

1. Зат есімнің түрлерін ата.
2. Туынды зат есім деген не? (мысал)
3. Күрделі зат есім деген не? (мысал)
4. Дерексіз зат есім деген не? (мысал)

Кітаппен жұмыс. Жаттығулар орындау.

1-слайд. «Мақал-мәтел жарысы» (жалғасын табу).

«Тіл» тобына:

1. Тіл – қылыштан (*өткір*).
2. Басқа пәле – (*тілден*).
3. Тәрбие тілден (*басталады*).
4. Тіл тас жарады, (*тас жармаса бас жарады*).
5. Шешеннің тілі, шебердің бізі (*өрнегін сендей сала алмас*).

«Сөз» тобына:

1. Қаһарлы сөз (*қамал бұзар*).
2. Мал шөпке тоқтайды, (*адам сөзге тоқтайды*).
3. Сөз тапқанға (*қолқа жоқ*).
4. Оқ жарасы бітер, (*сөз жарасы бітпес*).

2-слайд. «Сөзжұмбақ» шешу.

1. Ұлт аты
2. Үй құсы
3. Оқу пәні
4. Аңның аты
5. Жаңа астана
6. Киім ілетін орын
7. Сүттен жасалатын тағам

|   |          |          |   |   |   |   |
|---|----------|----------|---|---|---|---|
| к | а        | <b>З</b> | а | қ |   |   |
|   | қ        | <b>А</b> | з |   |   |   |
|   |          | <b>Т</b> | а | р | и | х |
| к | <b>Е</b> | р        | і | к |   |   |
| а | <b>С</b> | т        | а | н | а |   |
|   | <b>І</b> | л        | г | і | ш |   |
|   | <b>М</b> | а        | й |   |   |   |

3-слайд. «Орнын тап» ойыны.

«Тіл» тобына:

*Анау – аспан, мынау – бақ,  
Аспанда – бұлт, бақ – жадау.*

*Мамық ұшты қылаулап,  
Қыс та келіп қалған-ау.*

Сөз» тобына:

*Сұр бұлт, түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.*

*Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қаиқан, тай жарысқан.*

Өлең шумақтарындағы зат есімдерді кеспе қағаздағы  
орындарға орналастыру.

*4-слайд. Тест (топ басшыларына).*

«Тіл» тобына –

Жалпы есімді тап:

А) Алатау, Көкшетау;

Ә) жиырма, мың;

Б) мектеп, дәрігер;

В) қызыл, жасыл.

«Сөз» тобына –

Жалқы есімді тап:

А) орман, көл, гүл;

Ә) Ақтөбе, Сарыкөл;

Б) ата-ана, биік;

В) бала, қала.

**Үйге тапсырма беру:** «Тіл» тобына да, «Сөз» тобына да  
тілге байланысты шағын шығарма жазып келу тапсырылды.

**Білімдерін бағалау.**

Екі топтың бірін-бірі бағалауы, мұғалімнің бағалауы,  
соңында ортақ бағасын қою.

# БҰҚАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Бұқар жырау Қалқаманұлының өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беру, толғауларының тақырыбы мен идеясын ашу; **тәрбиелік** – оқушыларды өз елін, өз жерін, ана тілін сүйуге тәрбиелеу, ата-бабамыз аңсап өткен Тәуелсіздігімізді сақтауға, елінің бүтіндігін ойлауға баулу; **дамытушылық** – әр оқушының өзіндік қиялына ерік бере отырып, өзінше ой түйіп, қорытынды жасауға баулу, терең сезімдерін ояту.

**Түрі:** аралас сабақ. **Көрнекілік:** жыраулардың портреттері, жырауларға байланысты слайдтар. **Техникалық құрал- жабдық :** компьютер, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы.

**I. Ұйымдастыру.** Сәлемдесу. Сыныпты түгелдеу. Сабаққа психологиялық дайындық.

**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

XV-XVIII ғ. жыраулар поэзиясы.

- Балалар, үй тапсырмасын «Тұлғаны танысың ба?» ойыны арқылы тексеремін. Халқымыз «Қазақты көргің келсе – міне, осы» деп жер жүзіне көрсетуге тұрарлық марғасқалардан кенде емес. Елінің бүтіндігі, бірлігі үшін қара сөздің қаймағын сүзген жырауларымызды тану, есімдерін ұлықтау – келешектің де, бүгінгі біздің де борышымыз.

Тапсырма: жыраулардың толғауларынан үзінді беріледі. Сіздер қай жырау екендігін тауып, қысқаша сипаттама бересіздер. Жауаптың дұрыс-бұрыстығын тұлғаның портретімен тексеремін.

### **III. Өзектілеу кезеңі.**

- Жырау дегеніміз кім? Жыршы дегеніміз кім?
- Жыраулар поэзиясының негізгі тақырыбы не?

### **IV. Жаңа сабақ.**

- Ей, Абылай, Абылай!
- Сені мен алғаш көргенде  
Тұрымтайдай ұл едің,  
Түркістанда жүр едің.  
Әбілмәмбет төренің

Қызметінде тұр едің,- деп жырлап, XVIII ғ. II жартысында хандық құрған Абылай ханның ақыл-кеңесшісі, ақыл-төгейі болған жырау кім еді?

- Бұқар жырау Қалқаманұлы.
- Дұрыс айтасыңдар, балалар.
- Бүгінгі сабағымыз жыраулар поэзиясының ірі өкілі – Бұқар жырау Қалқаманұлына арналады. (Сабақтың мақсатымен таныстыру).

Хронологиялық кесте арқылы өмірі мен толғауларын таныстыру.

Толғауларының тақырыбы

1. Өмір жайлы («Ей, Абылай, Абылай», «Сен он бір жасыңда», «Атам болған жиырма бес»).
2. Ел бірлігі («Бірінші тілек тілеңіз», «Керей, қайда барасың?»).
3. Абылай ханға арналған толғаулары.

Оқулықпен жұмыс.

**Толғауларын талдау, салыстыру** (Оқушыларға әр тақырыпта жазылған толғаулары таратылады).

### **V. Деңгейлік тапсырмалар:**

III деңгей. Толғауларды өлең құрылысына талдау.

II деңгей. Толғауда кездесетін мақал-мәтелдер

I деңгей. Толғауға мазмұндас кімнің қандай шығармасы бар?

– Бұқар Қалқаманұлы өз шығармасында бұрынғы жыраулар поэзиясының үлгісін әрі қарай дамытады. Кәне, осыны өздеріңіз дәлелдеңіздер.

(Тақтада 3 қатарға өлеңдер беріледі. Оқушылар өздері талдайды).

### **VI. Бекіту кезеңі.**

Сұрақ-жауап.

– Сонымен, балалар, біз Бұқарды неліктен жырау дейміз?

**VII. Қорытынды.** Сабағымызды қорытындылау үшін «Ойлан тап» ойынын ойнайық.

Тәуелсіздік туралы айтарым бар... (эссе)

**VIII. Бағалау.** Үш топтан белсенді қатысқан оқушыларды түрлі-түсті қималармен бағалау.

**IX. Үй тапсырмасы:** 1) «Бұқар жырау толғауларының негізгі тақырыбы – ел бірлігі» тақырыбында шығарма жазу; 2) «Тілек» өлеңін жаттау.

### **XI. Рефлексия.**

– Бүгінгі сабақтан алған әсеріңізді өз қабілеттеріңізге қарай білдіріңіздер.

# ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ «ӨЗЕН» ӨЛЕҢІ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – қазақ балалар әдебиетінің атасы – Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен өскен ортасы туралы мәлімет алу, бар өмірін білім мен тәрбиеге жұмсаған, халқының адал кемеңгері екенін дәріптеу; **дамытушылық** – ақын өлеңіндегі табиғат көрінісінің адам өмірімен байланысы, адамның қандай игілігіне жарамдылығын суреттеуі; **тәрбиелік** – табиғаттағы өзен, көл, орман тоғайды қорғау парызымыз екендігі.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдіс-тәсіл:** сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, талдау, зерттеу, проблемалық оқыту. **Көрнекілік:** интербелсенді тақта, тірек-сызбалар.

**Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.**

Оқушылармен амандасу, түгелдеу.

**Үй тапсырмасын сұрау.**

Махамбет Өтемісұлының «Қызғыш құс» өлеңін жатқа айтуы (5-6 минут). Қосымша сұрақтар:

- «Қызғыш құс» өлеңінде қандай оқиға суреттеледі?

- Исатай кім?

- Өлеңдегі Исатайдың сырт тұлғасын, астына мінген атын, жаумен айқасқандағы ерлік бейнесін суреттеген жолдарды анықта.

**Жаңа тақырыпты меңгерту.**

Оқушының көңілін сұрақ-жауап арқылы сабаққа аудару. Мәтінмен жұмыс.

1. Ыбырай Алтынсарин есімі бала жүрегіне қандай әсер береді?  
2. Ұлы ұстаздың туып өскен жері қалай аталады? 3. Ұлы ұстаздың

атасы мен әкесінің аттарын атаңыз. 4. Орынборда қай жылы мектеп ашу туралы патша ережесі бекітіледі? 5. Қазақтан отыз бала алынған мектеп қай жылы ашылды? 6. Ақынның армандаған мектебі қай жылы ашылды?

- Балалар, Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық жолындағы табиғат лирикасымен де танысайық. Табиғатты суреттеген тағы басқа қандай ақын-жазушыларды атауға болады?

### **I. «Сұңқар» тобы.**

### **II. «Алпамыс» тобы.**

1. Бұл екі топтан біреуі суырылып ақын өлеңін мәнерлеп оқып береді.

2. Өлеңнің тілдік ерекшелігін айқындау.

3. Өзеннің табиғаттағы және адам өміріндегі атқарар орынын көркем тілмен дәлелдеу.

### **Сергіту сәтін орындату (1-2 минут).**

1. Өлеңге тілдік талдау (135-бет).

2. Сөздікпен жұмыс.

Мәтіндегі *өксіген, қынарда, жанабында, дерт, сай, сәуле беріп, аққан өзен қалыбында* деген сөздердің мағынасын ашу, дәлелдеу.

### **Шығармашылық тапсырманы орындау кезеңі (9-10 минут).**

«Табиғатты қастерлеу – азаматтық парызымыз!» атты тақырыпта шағын шығарма жаздыру.

### **Әдеби талдау жұмысы.**

Өлеңді буынға, бунаққа, шумаққа, тармаққа бөлу, өлең ұйқасын ажырату, өлеңдегі көркемдегіш тәсілдерді анықтау.

**Қорытынды кезең.** Мәтінмен салыстыру, сипаттау, дәлелдеу, сұрыптау, талқылау, тұжырымдау жұмыстарын жүргізу.

1. Абайдың табиғат лирикасымен салыстыру. 2. Өзеннің табиғаттағы, адам өміріндегі атқарар жүгін, ақын суреттеуін баяндау. 3. Өлеңде қандай көркемдегіш сөздер мен сөз тіркестері қолданылған? 4. Өлеңде өзеннің және тоғайдың қандай сөздермен суреттелгенін сипаттау. 5. Өз ауылымыздағы өзен-көлдерге сипаттама беру.

**Үй тапсырмасы:** өлеңді жаттау.

**Оқушылар білімін бағалау.** Күнделіктеріне баға қою.

Алтынжан ЗЕЙНЕКӘРІМҚЫЗЫ,  
«Оспанқұл Меңаяқұлы атындағы  
жалпы білім беретін орта  
мектеп» кешенді мемлекеттік  
мекемесінің мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Аягөз ауданы,  
«Баршатас» ауылы.

# ЕТІСТІКТІҢ ТҮРЛЕНУІН ҚАЙТАЛАУ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың етістіктің түрленуінен алған білімдерін тиянақтау, теориялық білімдерін практикамен ұштастыру; **тәрбиелік** – оқушыларды орындалатын жұмыстар арқылы адамгершілікке, ізеттілікке, достыққа, өз Отанын сүйуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге баулу, берілген тапсырма бойынша білімдерін тексеру, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыта отырып, шығармашылық жұмысқа төселдіру.

**Типі:** дәстүрлі сабақ. **Түрі:** қайталау сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, Power Point презентациялары, электронды оқулық, семантикалық карта, тест тапсырмалары. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

**Сабақтың барысы.**

1. Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, түгелдеу.

– Бүгінгі сабағымыз қайталау сабағы болғандықтан өзгеше өткізгенді жөн көрдім. Бүгін оқулықтардағы жаттығулардан бөлек қосымша тапсырмалармен жұмыстанып, білімімізді пысықтайтын боламыз. Енді сіздерді бүгінгі сабақтың жоспарымен таныстырып өтейін.

1. «Зерделі сұрақ, дәлелді жауап».

2. «Талдау – табыс кілті».



3. «Өзіңді-өзің сынап көр».

4. Сергіту сәті.

5. «Тапқыр болсаң, тауып көр».

6. Шығармашылық жұмыс.

7. «Білімінді байқап көр».

8. «Қоржындағы сарқыт».

9. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда».

**1-слайд. «Зерделі сұрақ, дәлелді жауап».**

1. Етістіктің шақтары дегенді қалай түсінесіздер? 2. Шақтың қандай түрлері бар? Мысал келтір. 3. Етістіктің райлары дегеніміз не? 4. Етістіктің райларының қандай түрлері бар? 5. Ашық рай нені білдіреді? Мысал келтір. 6. Бұйрық райдың мағыналары қандай? 7. Шартты райдың мағыналары қандай? 8. Қалау рай дегеніміз не? Мысал келтір. 9. Есімшенің түрленуі. 10. Көсемшенің түрленуі. 11. Тұйық етістіктің түрленуі. 12. Етістіктің сөйлемдегі қызметі қандай?

**2-слайд. «Талдау – табыс кілті» (212- жаттығу).**

**3-слайд. «Өзіңді өзің сынап көр». Семантикалық картамен жұмыс**

| №  | Мысалдар                  | Ашық рай | Бұйрық рай | Қалау рай | Шартты рай |
|----|---------------------------|----------|------------|-----------|------------|
| 1  | Тыңда, дала, Жамбылды!    |          | +          |           |            |
| 2  | Не ексең, соны орасың.    |          |            |           | +          |
| 3  | Мезгіл жетсе мұз еріп.    |          |            |           | +          |
| 4  | Олар ертең көшеді.        | +        |            |           |            |
| 5  | Балмұздақ жегім келеді.   |          |            | +         |            |
| 6  | Үйге ерте қайттым.        | +        |            |           |            |
| 7  | Еңбек етсең, емерсің.     |          |            |           | +          |
| 8  | Ол ауылға барса игі еді.  |          |            | +         |            |
| 9  | Өзгеге сырынды айтпа.     |          | +          |           |            |
| 10 | Инең болса – иінің бүтін. |          |            |           | +          |

#### 4-слайд. Сергіту сәті. «Кім тапқыр?»

1. ... берсең де ... берме. (Жауға жаныңды ... сырыңды берме) 2. Ексең ... ішерсің. (... егін, ... тегін) 3. Ойнап ... ойлап. (... сөйлесен де, ойлап сөйле) 4. ... жарады ... жармаса ... жарады. (Тіл тас ..., тас ..., бас ...) 5. ... қуған ... жолығады. (Сөз ... бәлеге ...) 6. ... болсаң ... бол. (Ұлық ..., кішік ...) 7. ... айтпайды ... қайтпайды. (Ер жігіт ..., айтса, ...) 8. ... бармасаң ... боларсың. (Шақырғанға ..., шақыруға зар ...)

#### 5-слайд. « Тапқыр болсаң, тауып көр». Электронды оқулықпен жұмыс

1-тапсырма. Берілген сөздерді тиісті бағанға орналастыру.

| Осы шақ  | Келер шақ                          | Өткен шақ                       |
|--|------------------------------------|---------------------------------|
| қарап отыр.<br>жазып отыр.<br>демалып жатыр.<br>танысып жатыр. | танысады.<br>демалады.<br>қарайды. | қарады.<br>демалды.<br>танысты. |

2-тапсырма. Сөйлемнің мағынасына қарай етістіктерді тиісті бағанға орналастыр.

1. Ертең «Қыз Жібек» фильмін көремін. (ауыспалы келер шақ)  
2. Кеше «Сұлтан Бейбарыс» фильміне бардым. (жедел өткен шақ)  
3. Мен «Көшпенділер» фильміне бара жатырмын. (нақ осы шақ)  
4. Қазақ халқының лиро-эпостық жырлары мені қызықтырады. (ауыспалы осы шақ)  
5. «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» жырын оқыдым. (жедел өткен шақ)  
6. «Қыз Жібек» жырында қазақтың көшпелі өмірі кең суреттеледі. (ауыспалы осы шақ)  
7. Төлеген Жібекті көште кездестіреді. (ауыспалы осы шақ)  
8. Лиро-эпостық сүйіспеншілік сезімі көп айтылады. (ауыспалы осы шақ)  
9. Жаралы Төлеген тұлпарына қайғысын айтады. (ауыспалы осы шақ)  
10. Қыз Жібек рөлін Меруерт Өтекешова орындайды. (ауыспалы осы шақ)

#### 6-слайд. Шығармашылық жұмыс.

Рөл: оқушы. Аудитория: сынып. Форма: ой толғау. Тақырып: «Мақтанышым – Тәуелсіз Қазақстан».

(Мағжанқызы Акерке «Қазақ елі» әнін орындады).

### 7-слайд. «Білімді байқап көр» (тест-руно).

1. Етістіктің шағы дегеніміз не? а) Іс-әрекеттің түрлі амал-тәсілін білдіреді; б) Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың өту кезеңін білдіру; в) Істің орындаушыға қатысын білдіреді.

2. Тұйық етістікке тән ерекшелікті табыңыз. ғ) Қимылдың шындыққа қатысын білдірді; и) Қимылдың атын білдіреді; о) Алдағы уақытта орындалатын іс-қимылды білдіреді.

3. Етістіктің рай категориясы дегеніміз не? и) дәл сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді; к) Мақсат қоя орындалатын іс-әрекетті білдіреді; л) Қимылдың шындыққа қатысын, айтушының пікірін, көзқарасын білдіріп, белгілі бір грамматикалық тұлғалар арқылы жасалатын етістік түрі.

4. Үш шақтың бірінде тұрған етістік райдың қай түріне тән? ө) бұйрық рай; е) шартты рай; і) ашық рай.

5. Қай жалғау тұйық етістікке тән емес? л) тәуелдік жалғау; м) жіктік жалғау; н) септік жалғау.

6. *Асқар тау алыстан көрінеді.* Көсемшенің сөйлемдегі қызметі қандай? т) баяндауыш; р) пысықтауыш; с) толықтауыш.

7. Етістіктің қай шағы «жалаң, күрделі» болып бөлінеді? е) нақ осы шақ; б) ауыспалы өткен шақ; а) ауыспалы келер шақ.

8. Етістіктің сөйлемде атқаратын негізгі қызметі қандай? м) бастауыш; н) толықтауыш; ң) баяндауыш.

9. *Ұйымдасқан ұтады.* Есімшенің сөйлемде атқаратын қызметі қандай? ө) толықтауыш; ү) анықтауыш; і) бастауыш.

10. *Айжан кітапты дауыстап оқыды.* Көсемшенің сөйлемдегі қызметі қандай? д) толықтауыш; з) пысықтауыш; к) баяндауыш.

Жауабы: **Білім – теңіз.**

Бұл тест сабақты қорытындылағанда оқушыларды жаппай тексеруге, нәтижесін тез айқындауға тиімді. Оқушылардың қызығушылығын, дұрыс шешім жасауға ынтасын арттырады.

### 8-слайд. «Қоржындағы сарқыт».

Үй тапсырмасы: 212-жаттығу (II бөлім), көркем әдебиеттен етістіктің райларына 10 сөйлем жазып келу.

### 9-слайд. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда». Бағалау.

## КЕУДЕМДЕГІ КҮМБІРЛЕР

### АЙ СӘУЛЕСІ

Ай сәулесі түссе жүрек дір еткен,  
Ауыл маңы,  
Өзенді Абай жыр еткен.  
Ай сәулесі толқындарда дірілдеп,  
Құпия бір сезімің де білінбек.  
Сәмбі талдың жапырағы дірілдеп,  
Самал есті,  
Тасыды өзен гүрілдеп.  
Жапырақтың күйін кештім мен-дағы,  
Оның жәйін түсінерсің сен-дағы.

### КӨКТЕМ ЛЕБІ

Күй секілді асқақтатқан даланы,  
Жыр секілді аялаған ананы  
Көктем шықты,  
Есті сәуір самалы,  
Бұлақ тасып қырдан асып барады.  
Әдетімен көшін түзеп жылдағы,  
Құс баласы қиқулады, жырғады.  
Жасыл желек жамылды да қыр-белес,  
Гүл теруге асығамыз біз тағы.  
Көктем келді.  
Өлкем менің түрленді,  
Жағалау ма?..  
Өзгеше бір түрге енді.  
Көк толқынға назарыңды сал-дағы,  
Құрбым менің, асықпағын үйге енді.

## СЫРДЫҢ ҰЛЫ

Жырыңды оқып сонау бала кезімнен,  
Сыршылдығын, өршілдігін сезінгем.  
Елің мақтан ететұғын әрқашан  
Сыр елінің Әбділдасы өзің ең.

«Сырдария» өлеңінді оқыдым,  
Өрнектерін ойыма мен тоқыдым.  
Дариясына сүнгідім де өлеңнің,  
Сезім ғажап,  
Толқын болып толқыдым.

Ұлықтадың ұлы Сырды, жақсы аға,  
Теңемедің оны Еділ, басқаға,  
Сарысуды көтеруші ең төбеңе,  
Сызашық су әрең ағып жатса да.

## НАУРЫЗ КЕЛДІ, НҰР ШАШТЫ

Десем бе жерұйығы жер үстінің,  
Туған жер, келбетің де келісті тым.  
Жаңарған жылмен бірге жаңа мейрам,  
Құтты болсын мерейлі ұлыс күнің.

Дәм қосып көжесіне жеті түрлі,  
Сары сазға салтанатпен тікті үйді.  
Қос етек көйлек кесе ару қыздар,  
Кимешек әжелерде, бұл да үлгі.

Тораңғыл, тобылғы да бүрленеді,  
Табиғат ғажайып бір түрге енеді.  
Ағайын, есігіңді айқара аш,  
Теңеліп күн менен түн, Жыл келеді.  
Алалық Наурызда бір думандатып,  
Қаралық, кетті киік қырдан асып.  
Билелік биімізге «Қара жорға»,  
Салтанат шапағаты – бұл да бақыт.

## ОЙ КЕШУ

Суретін көргенімде ұлы тұлға,  
Тілдесіп тұрғандай ма ол жанымда.  
«Ескендір» поэмасын оқығанда,  
Ой кештім көпке дейін сол бір таңда.  
    Ұлы тұлға Ибраһим есімді,  
    Сәуле шашқан жарық жұлдыз секілді.  
    Терең екен,  
    Түпсіз екен ой-толғам,  
    Ғибратын түгел қалай айта алам?

Поэма.

Өткен өмір, тілдесемін,  
Абайсыз мәнін оның білмес едім.  
Абай – шың,  
Оған ешкім таласа алмас,  
Талпынса талаптылар жолда қалмас.

## ТІЛІМ МЕНІҢ – ТІРЕГІМ!

Тіршіліктің тірегі боп Абайларым нәр алған,  
Қазақ үшін қазақ тілі отты тіл боп жаралған.  
Өскіндерді өрлігіңмен өркендеттің өршітіп,  
Бал боп тамдың асыл жанды, мейірбанды анадан.  
    Тілім менің, жалын болып шығарсың сен жүректен,  
    Сен дегенде бар қазақтың жүректері дір еткен.  
    Кеудемдегі жанымменен, ойымдағы бар сырым,  
    Сен арқылы, қазақ тілі, ашып айтып, жыр еткем.  
Сен арқылы қуанып та, жылап та біз алғанбыз,  
Өткір жебе сияқтанып қадалып та қалғанбыз.  
Ал кей кезде қатал ханның жүректерін жібітіп,  
Өшіп қалған тұманды да сәуле қылып жаққанбыз.  
О, қазақ тіл!  
Асыл тілім, жарқын тілім, тілегім,  
Сеніменен барлық жерде мақтанып мен жүремін.

Сен арқылы биік шыңға қолымды да жеткізіп,  
Самғап ұшып, қанат қағып, болам сенің тірегің!



Мерей НҰРҒАЗЫ,  
Алматы қаласындағы  
№172 жалпы білім беретін  
мектептің 3-сынып оқушысы.

## **ЖҮРЕГІМДІ ТЕРБЕГЕН ДҮНИЕЛЕР**

### **ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ**

Жырлар жазып кеудемнен,  
Жақсылығын тергем мен!  
Кеңпейілді халқыма  
Тәуелсіздік дем берген!  
Арайлансын ақ таңым,  
Білім іздер жастамын.  
Көкбайрағым қолымда,  
Тәуелсіздік – мақтаным!

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Қазақ тілін қадірлеумен өтейік,  
Жалықпайық, ізет-құрмет етейік.  
«Тіліміздің мерейі үстем болсын» деп  
Әрқашан да қазақ тілде сөйлейік.

### **ЖҰМБАҚ**

Гүлдің нәрін жинайды,  
Адамға бал сыйлайды. (ара)

### **ЖАҢЫЛТПАШ**

Ақ аю,  
Көк аю,  
Көп аю.

**Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**Қазақ тілі мен әдебиеті» –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.**

**Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы  
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 04.12.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4140.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау  
бөлмесі және бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.**

**Басылатын жері** – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық  
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №12, 2012 ж., 144 бет, Алматы.